

ЖАҒАНДЫҚ ДИАЛОГ

11.2

Жылына 3 рет көптеген тілде шығады

Дастен Жулианмен
элеуметтану жайлы әңгіме

Йоханна Ситтел
Уалид Ыбрахим

Жағандық теңсіздік
және пандемия

Карин Фишер
Кажал Бхардваж
Камила Жианелла
Кристина Ласкаридис
Лайкистар Мияндази
Е.Венкат Рамнайя
Виха Эманди

Мемлекеттің жаңа
рөлі?

Жули Фрауд
Андреас Нови
Ричард Бернталер
Боб Жессоп
Клаус Дёрре
Уалид Ыбрахим
Даниел Маллис

Теориялық
перспектива

Артур Буено

Әлеуметтанудың
өнермен кездесуі

Женни Тишер

COVID-19:
пандемия пен дағдарыс

Маргарет Абрахам
Карина Баттиани
Эстебан Торрес
Махмуд Дауади
Алехандро Пелфини

Ашық бағана

- > Әлеуметтанушылар қоғамдық-саяси алаңда
- > T&T жыныстық серіктестің зорлығын жасыру
- > Әлемге қамқорлық қабілеті хақында
- > Адамдар - Homo Culturus
- > 2011 жылдың шілдесіндегі Норвегиядағы қантөгіс

ЖУРНАЛ



International
Sociological
Association
isa

БАСЫЛЫМ 11 / ШЫҒАРЫЛЫМ 2 / ТАМЫЗ 2021
<http://globaldialogue.isa-sociology.org/>

GD



> Редакциядан

Жаһандық Диалогтың осы шығарылымының «Әлеуметтану жайлы әңгіме» деген бөлімінде Чилидегі ағымдағы ахуал баяндалады. Йоханна Ситтел мен Уалид Ыбрахим жүргізген сұқбатта әлеуметтану мен тарих түйісетін салада жұмыс істейтін танымал зерттеуші Дастен Жулиан саяси оқиғалар, әлеуметтік наразылықтар және өз еліндегі жұмыспен қамтылудың қалыпты емес әдістері, сонымен қатар әлеуметтік ғылым мен қоғам арасындағы қатынас туралы ой қозғайды.

Соңғы бір жарым жылда COVID-19 індеті күнделікті өмірді түбегейлі өзгертті, сондай-ақ жаңа экономикалық, әлеуметтік және саяси дағдарыстар тудырды. Жаһандық Диалог індет белең алған кезден бастап әлемдегі оқиғалар туралы пікір қалыптастыруға тырысты. Осы шығарылым үшін Карин Фишер Үндістан, Перу, Ұлыбритания мен Оңтүстік Африка мысалында індет пен жаһандық теңсіздік туралы жүйелі пайымдар жасай отырып, симпозиум ұйымдастырды. Пандемия әлем халқын толық шарпыды, дегенмен «бәріміз бір қайықта емеспіз». Вакцинаны жасау, маркетинг және оның қолжетімділігі (болмауы), сонымен бірге індеттің денсаулық немесе білім беру тұрғысынан салдары бай және кедей елдер арасындағы, Жаһандық Солтүстік пен Жаһандық Оңтүстік арасындағы, экологиялық ауытқушылықтар мен экономикалық дағдарыстардан әлден-ақ зиян шегіп отырған немесе өзін қорғай алмайтын әлжуаз топтардың жаһандық теңсіздігін көрсетті және оны тереңдете түсті.

Соңғы бір жарым жылда COVID-19 індеті күнделікті өмірді түбегейлі өзгертті, сондай-ақ жаңа экономикалық, әлеуметтік және саяси дағдарыстар тудырды. Жаһандық Диалог індет белең алған кезден бастап әлемдегі оқиғалар туралы пікір қалыптастыруға тырысты. Осы шығарылым үшін Карин Фишер Үндістан, Перу, Ұлыбритания мен Оңтүстік Африка мысалында індет пен жаһандық теңсіздік туралы жүйелі пайымдар жасай отырып, симпозиум ұйымдастырды. Пандемия әлем халқын толық шарпыды, дегенмен «бәріміз

бір қайықта емеспіз». Вакцинаны жасау, маркетинг және оның қолжетімділігі (болмауы), сонымен бірге індеттің денсаулық немесе білім беру тұрғысынан салдары бай және кедей елдер арасындағы, Жаһандық Солтүстік пен Жаһандық Оңтүстік арасындағы, экологиялық ауытқушылықтар мен экономикалық дағдарыстардан әлден-ақ зиян шегіп отырған немесе өзін қорғай алмайтын әлжуаз топтардың жаһандық теңсіздігін көрсетті және оны тереңдете түсті.

Теориялық бөлімде Артур Буено экономикалық және әлеуметтік дағдарыстармен қатар субъективтіліктің дағдарысын тудырған соңғы онжылдықтардың неолиберализмін қайта жаңғыртады. Басты назарды депрессияға аударып, ол жеке кәсіпкерліктен кедейлікке және өзіндік дамудан оқшаулануға бет бұруды, сонымен қатар наразылық қозғалыстары мен авторитарлық саясаттың ықпалын және болашақтағы мүмкіндіктерді талдайды.

Суретші Женни Тишер тасада қалып қоятын жұмысты едеуір еленетін деңгейге жеткізу мақсатында өзінің екі коллажы туралы баяндап, пандемиядағы маңызды жұмыс жөніндегі пікірталасқа үлесін қосады.

COVID-19 туралы бөлімде әлеуметтану үшін мәнді кейбір мәселелер көтерілген: Маргарет Абрахам індеттің отбасындағы зорлықты арттырғанын талдайды, Карина Баттиани мен Эстебан Торрес әлеуметтік теңсіздік мәселесін қозғайды, ал Махмұд Дауади дұшпандық пиғылдағы мәтін ықпалының арта түскенін талқыласа, Алехандро Пелфини қоғамдық ағарту процесіне ден қояды.

Соңғы, бірақ маңызы зор нәрсе: «Ашық бағана» теориялық пайымдар ұсынады, әсіресе, адамзаттың бәсекелестік концепцияларына қатысты, сонымен қатар әртүрлі елдерде бір жағынан зорлыққа, екінші жағынан қамқорлыққа қатысты жуырда болған және заманауи оқиғалар сарапталады. ■

Брижит Ауленбахер мен Клаус Дёрре,
Жаһандық Диалогтың редакторлары

> Жаһандық Диалог бірнеше тілде [ISA website](https://isa-web.org/) орналастырылған.

> Мақалаларды globaldialogue.isa@gmail.com жолдауға болады.

ISA International
Sociological
Association

**GLOBAL
DIALOGUE**

> Редакциялық алқа

Редакторлар: Бриджитт Ауленбахер, Клаус Дёрре.

Редакторлардың көмекшісі: Йоханна Грубнер, Кристиан Шикерт.

Редактордың орынбасары: Апарна Сундар.

Басқарушы редактор: Лола Бусуттил, Август Бага.

Кеңесші: Майкл Буравой.

Медиа кеңесшілер: Хуан Лейжарага

Редакциялық кеңес: Сари Ханафи, Джеффри Плейерс, Филомин Гуттиерес, Элоиза Мартин, Савако Ширахазе, Изабела Барлинска, Това Бенски, Чих-Жой Жай Чен, Ян Фриц, Коичи Хасегава, Хироши Ишида, Грейс Хуню, Элисон Локонто, Сюзан МакДаниель, Элина Ойнас, Лаура Осо Касас, Бандана Пуркаяшта, Рода Рэддок, Мунир Сайдани, Айше Сактанбер, Сели Скалон, Назанин Шахрокни.

Аймақтық редакторлар:

Араб әлемі: (Тунис) Мунир Сайдани, Фатима Радхуани, Хабиб Хадж Салем, (Алжир) Сурая Мүлүджи Гарруджи, (Марокко) Әбделхади әл Халхоули, Сайда Зине, (Ливан) Сари Ханафи.

Аргентина: Магдалена Лемус, Хуан Парсио, Мартин Уртасан.

Бангладеш: Хабибдүл Хондкер, Хайрул Чоудури, Абдур Рашид, Ашис Кумар Баник, А.В.М. Нажмус Сакиб, Бишой Кришна Баник, Иашрат Жаһан Айемун, Екрамүл Кабир Рана, Хелал Уддин, Жувел Рана, М. Омар Фарух, Масудур Рахман, м-р Шахин Актар, Мұхаммед Жасим Уддин, Мұхаммед Жахирул Ислам, Шарин әл-Рума, Рума Парвин Мамун, Саркер Сохел Рана, Себак Кумар Саха, Шахидул Ислам, Шамсул Арефин, Шармин Актар Шапла, Сика Парвин, Ясмин Султана.

Бразилия: Густаво Танигутти, Анжела Мартинс Джуниор, Андреса Галли, Дмитрий Чербончини Фернандеш, Густаво Диас, Хосе Гюрадо Нето, Жессика Мазини Мендеш.

Франция/Испания: Лола Бусуттил.

Үндістан: Рашми Жаин, Ниди Бансал, Маниш Ядав, Сандип Мил.

Индонезия: Каманто Сунарто, Хари Нугрохо, Лусия Ратих Кусумадеви, Фина Итрияти, Индера Ратна Иравати Паттинасарани, Бенедиктус Хари Жулиаван, Мұхаммад Шохибуддин, Домингус Элсид Ли, Антониус Арио Сето Харджана, Диана Тереза Пакаси, Нурул Аини, Гегер Риянто, Адития Прадана Сетиади.

Иран: Рейханех Жавади, Нияеш Долати, Аббас Шахраби, Сайед Мұхаммад Муталлеби.

Қазақстан: Айгүл Забиров, Баян Смағамбет, Әділ Родионов, Алмаш Тілеспаева, Қуаныш Тел, Алмагүл Мусина, Ақнұр Иманқұл, Мадияр Алдияров.

Польша: Жюстина Косинска, Джонатан Сковил, Сара Херзынска, Вероника Пик, Александра Вагнер, Александра Биернаска, Якуб Барцевски, Адам Мюллер, Зофия Пенза-Габлер, Ивона Божаджиева.

Румыния: Ралука Попеску, Райса-Габриела Замфиреску, Юлиан Габор, Моника Георгеску, Иоана Джанус, Бианка Михайла.

Ресей: Елена Здравомыслова, Анастасия Даур.

Тайвань: Ван-Ю Ли, Тао-Юн Лу, Цунг-Жен Хун, Ю-Чиа Чен, Ю-Вен Лиао, По-Шун Хоң, Керк Жи Хао, И Шии Ханг.

Түркия: Гүл Шарбаджиоглы, Ирмак Эврен.



Дастен Жулианмен осы сұқбатта жуырда Чилиде өткен бұқаралық наразылықтарды, одан кейін жаңа конституцияны қабылдау процесін және дендеп отырған тұрақсыздық жағдайында әлеуметтанушылардың рөлі қандай болу мүмкіндігін талқылаймыз.



COVID-19 пандемиясы игілік пен кіріс, жыныс пен нәсілге қатысты бар теңсіздіктерді тек ұлттық шекарада емес, әсіресе, жаһандық деңгейде айқындап, ұлғайтты. Вакцинаны дайындау, маркетинг және оның қолжетімділігі (болмауы), сонымен бірге індеттің денсаулық немесе білім беру саласындағы салдары бай және кедей елдер, Жаһандық Солтүстік пен Жаһандық Оңтүстік арасындағы, экологиялық ауытқушылықтар мен экономикалық дағдарыстардан әлден-ақ зиян шегіп отырған немесе өзін қорғай алмайтын әлжуаз топтардың **жаһандық теңсіздіктерді** көрсетеді және оны тереңдете түседі.



Топтама экономика мен мемлекет арасындағы мәселелерге арналған. Авторлар мемлекеттің пандемияға қарсы шараларының болашақта басқаруға қалай ықпал ететінін және **мемлекеттік интервенционизмнің** байқалып отырған түрлерін қалай түсінуге болатынын баяндайды. Мемлекеттік интервенционизмнің жаңа формасы қалыптаса ма, егер қалыптасса, ол авторитарлық немесе демократиялық сипатта бола ма?



Жаһандық диалог SAGE Publications ұсынған риясыз грант негізінде жүзеге асып отыр.

> Осы шығарылымда

Редакциядан 2

> ӘЛЕУМЕТТАНУ ЖАЙЛЫ ӘҢГІМЕ

Дағдарыстағы әлеуметтану: Дастен Жулианмен сұқбат
Йоханна Сител мен Уалид Ыбрахим, Германия 5

> ЖАҒАНДЫҚ ТЕҢСІЗДІКТЕР ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

COVID-19 және жағандық теңсіздіктер
Карин Фишер, Аустрия 9

Пайдадан адам қымбат: COVID-19 ащы үндеу
Кажал Бхардваж, Үндістан 10

COVID-19 вакциналары: жағандық теңсіздіктің
жария болуы
Камила Жианелла, Перу 13

Кредиторлар мен борышкерлер арасындағы
шиеленістің бекінуі
Кристина Ласкаридис, Ұлыбритания 15

Африкадағы кедейлік пен теңсіздікті
төмендету мәселелері
Лакистар Мияндази, Оңтүстік Африка 17

Үндістандағы қос апат – аяқталмаған күн тәртібі
Е.Венкат Рамнайя мен Виха Эманди, Үндістан 19

МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖАҢА РӨЛІ?

Іргелі экономика – әлеуметтік жаңарудың кілті
Жули Фроуд, Ұлыбритания 21

Болашаққа сай экономикалар мен мемлекет
Андреас Нови мен Ричард Бернталер, Аустрия 23

COVID-19: мемлекет пен экономиканың жаңа қырлары
Боб Жессоп, Ұлыбритания 25

Левиафан оралды! Корона мемлекеті және әлеуметтану
Клаус Дерре мен Уалид Ыбрахим, Германия 27

COVID-19: Германияда қауіпті жерлердің пайда болуы
Даниел Маллис, Германия 29

> ТЕОРИЯЛЫҚ ПЕРСПЕКТИВА

Күйзелістен кейін: пост-либерал субъект
Артур Буено, Германия 31

> ӘЛЕУМЕТТАНУДЫҢ ӨНЕРМЕН ТҮЙІСУІ

Көрінбейтін жұмысты елестету
Женни Тишер, Аустрия 34

> COVID-19: ПАНДЕМИЯ ЖӘНЕ ДАҒДАРЫС

Жағандық пандемия кезіндегі тұрмыстық зорлық
Маргарет Абрахам, АҚШ 36

COVID-19 дағдарысы: жаңа әлеуметтанулар
мен феминизмдер
Карина Баттиани мен Эстебан Торрес 38

COVID-19-дың қорқынышты жағандық ықпалы
Махмұд Дауади, Тунис 40

Постпандемиялық сценарийлер:
бейімделуден топтық үйренуге дейін
Алехандро Пелфини, Аргентина 42

> АШЫҚ БАҒАНА

Әлеуметтанушылар азаматтық-саяси алаңда
Фреди Алдо Маседо Уаман, Мексика 44

Тринидад пен Тобагода жыныстық серіктестің
зорлығын жасыру
Аманда Шин Паң, Тринидад пен Тобаго 46

Әлемге қамқорлық қабілеті хақында
Франческо Ларуффа, Швейцария 48

Адамдар – Homo Culturus
Махмұд Дауади, Тунис 50

2011 жылдың 22 шілдесіндегі Норвегиядағы
террорлық шабуылдар
Пол Халворсен, Норвегия 52

“Көп жағдайда экономика адам азабы мен табиғат апаты есебінен өседі”

Франческо Ларуффа

> Дағдарыстағы әлеуметтану

Дастен Жулианмен сұқбат



Дастен Жулиан.

Чилидегі 2019 жылғы әлеуметтік наразылықтар қалай пайда болды? Наразылықтар қоғамдық көлікте жүрудің қымбаттауынан басталды. Бұл түйенің қомын аударған әлсіз қадам ба еді әлде бәзбір ауқымды нәрсе ме, себебі қоғамдық қызмет көрсету мен кикілжіңдер қоғамның ахуалынан көп хабардар етеді емес пе?

Әлеуметтік наразылықтардың төркіні жүйелі түрде демократиялық күштерді жойған және 1980 жылы жалған плебисцит өткізген Аугусто Пиночеттің (1973–1990) әскери-азаматтық диктатурасы көмегімен таңылған конституцияда жатыр. Чили – Латын Америкасы деңгейінде әскери диктатура кезінде қабылданған конституцияны сақтаған жалғыз ел. Қоғамдық өмірде оның тұрақтылығы қатаң және жойқын әдіспен неолиберал саясатты енгізуге жол салуымен сипатталады. Осы тұрғыда чилилік қоғам елу жыл бойы шектеусіз әрі аяусыз коммодификацияның нәтижесінде интенсивті тұрақсыздыққа және талан таражға душар болды.

Бұл - 1990 жылдан бері Чилиді басқарып келе жатқан және екі бағытта, яғни игілікті бөлу мен

Др. **Дастен Жулиан** – тарих және әлеуметтік ғылымдар институтының академигі және зерттеушісі, Чили Аустралия университеті. Қазіргі уақытта Чили Ұлттық зерттеулер мен Даму Агенттігі қаржыландыратын “Чили оңтүстігі макрозонысындағы жұмыстың тұрақсыздығы: Мауле, Нюбле, Биобио және Ла Араукания өңірлеріндегі қиылыстар, аумақтар және наразылық» (2020-2023)” жобасында аға зерттеуші. Сонымен қатар Йоханнесбургтегі (Оңтүстік Африка) Витватерсранд университеті Қоғам, еңбек және саясат институтының (SWOP) ғылыми қызметкері. Дастен Жулиан Германияның Йен қаласындағы Фридрих Шиллер университетін аяқтаған және еңбек пен өмірдің тұрақсыздығы, кәсіподақтар мен ұйым, экстрактивизм, қоғамдық әлеуметтану, сонымен қатар Жаһандық Оңтүстіктегі еңбек сияқты тақырыптармен айналысады. Оның ізденістері азаматтық қоғам, кәсіподақтар және ҰЕҰ тығыз байланыста жүргізіледі.

Д-р Жулиан Германияның Йен қаласындағы Фридрих Шиллер университетінің өнеркәсіптік және экономикалық әлеуметтану факультетінің ғылыми қызметкерлері **Йоханна Ситтел** мен **Уалид Ыбрахимға** сұқбат берді.

әлеуметтік интеграцияның бірлігі ретінде нарыққа сенім мен Пиночет конституциясын саяси жүйені демократияландыру жолындағы кедергі деп қабылдайтын неолибералдық тәртіптің басымдығын қолдаған екі коалицияның арасындағы саяси ымыраның бір бөлігі. Осы кезең (1990-2019 жж.) қатар өмір сүрудің және қоғамның демократиялық ұйымдасуының белгілі бір негіздерін қалпына келтіру мақсатындағы біртіндеп демократияландыру процесін көрсеткендіктен, «демократияға өту» деп аталды. Алайда, экономикалық үлгі өсімнің жоғары деңгейіне

>>

жеткеніне қарамастан, жүйе мен институттық саяси акторлар көпшіліктің қатысу каналдары мен белсенді шешім қабылдауын бұғаттап отырды.

Саяси жүйеге сенімсіздік пен делегитимация - оның азаматтардан алшақтауының тереңдей түскенінің салдары. Экономикалық сыбайластық, сайлау науқандарының тұрақты қаржыландырылмауы, соттарда кәсіпкерлерді жазаламау және т.б. - диктатура кезінде біте қайнасқан билік желісі басып алған қоғамның негізгі белгілерінің бірі. «Чили оянды» деген ұран ақиқаттың ақтарылу сәті мен көтеріліс, ар-ождан, өзіндік идентификация мен билікті көрсетеді және соған сәйкес үкіметтің «соғыс жариялағаны», адам құқықтарын аяқасты еткені (соттарға 8827 ресми наразылық түскен) қамауға алынған шерушілер саны (олардың 27 432) ресми саясатта үстем болған авторитарлық, консервативті және әскери рухты қалыптастырады.

Чилидегі наразылықтарға әртүрлі субъективтілік пен география тән. Бірлесудің саналуандығы төтеннен және үйлестіру арқылы жастар, әйелдер, қариялар, жергілікті халық, мигранттар және т.б. әрекетімен дамиды. Осы шақ пен өткен шақ ұрпақтардың саяси жадысының жекеменшік және қоғамдық орындардағы кездесуі арқасында табысты, саясылықтың эстетикада, көркем шығармашылықта, музыкада, көшеде, ауылда, сонымен қатар жиналыстарда, әңгіме барысында, сол сияқты виртуалды кеңістіктерде орнығуы және т.б. көрініс тапты. Қоғам ретінде біз мақсат және дәстүр ретіндегі «абыроймен» ұштасып жатқан терең мәдени, саяси және символдық кездесуді бастан кешірдік. Міне осындай кездесулерде чили қоғамының бастапқы және құрамдас элементі - оның қоғамдық келісімі, оның негіздері, оның конституциясы айқындала түседі.

Конституцияны дайындау процесі қазір қалай? Бұл жерде ерекше актор бар ма? Қоғамдық ғылымдардың орны қандай әлде заңгерлер үстем бе?

Бір жыл бұрын, 2020 жылғы 26 сәуірде, ұлттық плебисцит өткізілді. 7 миллионнан көп адам қатысты. Сайлаушылардың 78% астамы, яғни шамамен 5,8 миллион адам жаңа конституцияны қабылдаудың қажеттілігін, сондай-ақ конгресс мүшелерінің қатысуынсыз Ассамблеяға (Құрылтайға) сайланған адамдардың оны орындау қажеттілігін талап етті. Дауыс берудің еркін сипаты тіркелген сайлаушылардың 50% жуығының дауыс беруіне жол ашып, қатысуды тарихи деңгейге көтерді. Қазіргі кезде конституцияны қабылдау процесі шешуші сәтте, себебі оны қабылдайтын құрылтайшы жиынға кіретіндерді сайлау 11 сәуірде өтеді. Құрамы жөніндегі талқылау сайлаудың мәселесінен гөрі, үкіметтің араласуы мен саяси лоббилікке жақын гендерлік тепе-теңдік пен жергілікті халықтың қатысуы туралы болды. Бұл

жағдай Конгресс шешімін қабылдау процесін тұрақты жіті қадағалауды талап етті. Осы ұжымдық қырағылық процесс барысындағы институттық үстемдікті және құрылтай сәтінің жаңа саяси мәнге ие екенін көрсетті: ол – партиялық жүйенің қайта жандануы.

Наразылық антипартиялық реңкте болғанына қарамастан, бұқаралық шараларды жүзеге асырып, саяси жүйені сынады, ақырында мемлекеттік органдар конституциялық процесті тікелей бағыттады және қалыптастырды. Саяси партияларға мүше үміткерлермен салыстырғанда, тәуелсіз күштер мен олардың үміткерлері біршама қиындық пен теңсіздікке тап болды, мысалы осы жағдай үміткерлерді тіркеудегі кедергілерден, қаржыландырудан және БАҚ-қа қатысынан байқалды. Бұл - онсыз да ынтымақтан жүрдай және шашыранды тәуелсіз күштердің ұйымдасуына кедергі.

Пандемия ұсыныстарды талқылау мен дайындау мақсатындағы пікірталастар мен кездесулер кеңістігін шектеді. Әлеуметтік ғылымдар академиялық габитусты ысырып және қалыптасқан сәттің тегеурінін қабылдай отырып, адам құқықтары бұзылуын және т.б. сынайтын және ұжымдық тұрғыда сезінетін процеске сыни және рефлексиялық көзқараспен пайымдау легінің дамуына ықпал етіп, өзіне қоғамдық рөлді жүктеді. Дегенмен, араласу оның ықпалы мен бұқаралығын шектейтін виртуалды саламен немесе кітап, ғылыми мақала және т.б. сияқты дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдары айналасында қалды. Соған қарамастан, ол қатысу, ғылым (дар) мен білім арасындағы өзара байланысты қоғамдық пайымдауды орнатты.

Жуырда ғана Чилиді дүрліктірген саяси айтыста Сіздің әлеуметтік ғылыми жұмысыңыздың қандай тұстары ерекше рөл атқарады? Әлеуметтік ғылым мен саяси қызметтің үйлесімінде аса өзекті салалар немесе мәселелер бар ма?

Ғылыми жұмысымда жұмыс пен өмірдің тұрақсыздығын зерттеуге айырықша назар аударылды. Мен күш-қуаттың қиылысында көрініс беретін мәдени, субъективті, экономикалық және аумақтық элементтерді есепке ала отырып, чили қоғамындағы жұмыс пен тіршіліктің сипатын есепке алуға бекіндім. Мақсатым - әлеуметтік, экологиялық және кәсіподақ ұйымдарымен бірге жергілікті-аумақтық жұмыспен қамту платформасын жасау, жаһандық зерттеу желілерімен байланысты іске қосу және еңбекті зерттейтін әлеуметтік ғылымдардың ұлттық қауымдастығының ынтымақтастығын нығайту.

Әлеуметтік тұрақсыздық процесі мен еңбек саласын зерттей отырып, мен еңбек, жұмыспен қамтылу және жұмыссыздық адамның өмір сүру шарттарының ең маңызды белгісі деп анықталатынын тікелей көруге мүмкіндік алдым. Жұмыспен қамтылу сапасы,

еңбекақы, автоматтандыру, кірістер, платформаларды жасау және әлеуметтік құқық жүйесінің әлсіздігі адамдардың өміріне едәуір қысым көрсетеді. Қарыз, бейресми жұмысты немесе бірнеше жұмыс іздеу абырой мен өмірдің тұрлаусыздығы арасындағы қақтығыстың бір бөлігі. Осы мәселелердің көбі Чилидегі саяси және әлеуметтік айтыстың өзегінде жатыр, сонымен бірге бұл - жастардың, әйелдердің, мигранттардың, қарт кісілер және т.б. прекариаттануының айқын мысалы.

Әсіресе, кикілжіңдер алдыңғы шепке шыққанда әлеуметтік ғылымның жауапкершілігі арта ма әлде ғылым басқа уақыт шегінде, мүмкін, анағұрлым ұзақ перспективада әрекет етеді деп ойлайсыз ба?

Шешім қабылдауда, іс-қимылда және демократиялық талқылауларда ғылыми білімнің бастапқылығын орнықтыруға және маңызын көрсету мақсатында әлеуметтік ғылым мен қоғам арасындағы осы көпірді мықтауға тырысып жүрген бірнеше адам және жұмыс топтары бар. Аталмыш зерттеулер әлемі, қоғамдық сала және әсіресе, әлеуметтік қозғалыстардың белсенділігі арасындағы алшақтықты еңсеруі аса қажет. Шындығында, феминистік, экологиялық және басқа да көптеген қозғалыстар, қазірдің өзінде үлгі көрсетіп отыр және әрекеттер туралы пікір қалыптастыруымызға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік ғылымдар тарапынан жауапкершілік дағдарыс жағдайында анағұрлым айқын. Шиеленіс - көбінесе, дағдарыстың белгісі әрі өзгеріс жаршысы. Осы процесс - көп жағдайда, әлеуметтік ғылымдар үшін бағдар. Менің жеке әлеуметтанулық тәжірибем - жедел реакция. Сенімсіз, дәрменсіз және белгісіз темпоралдық мүмкіндіктерінің бір қыры қоғамға таңылған соғыс, тонау және тұрақсыздық тап осылай болды, шынтуайтқа келгенде, маған әрекет етуге/ жасауға тура келді. Бұл жерде өзіндік қайшылықтар мен жағымсыз тұстар бар, себебі ол болашақ туралы пайымға (онда утопия болмауы мүмкін) кедергі келтіреді, бірақ жаңа нәрсеге, білімде утопияларды жасаудың анағұрлым практикалық және белсенді әдістеріне үйретеді.

Зерттеулеріңіздің нәтижелері қоғамда және ғылымнан тыс ортада қабылдана ма және әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулердің нәтижесіне саяси қайраткерлер мүдделі ме?

Менің тәжірибем осылай екенін көрсетіп отыр. Алайда, мәселе нәтижелерді қабылдай ма деген де емес, бәрінен бұрын біліммен алмасу, диалог, бірлесе қолдану және ұдайы өндіру жүретін жолдарды, желілерді жасау жұмысы жүріп жатыр ма дегенде деп есептеймін. Ұйымдармен, қауымдастықтармен, кәсіподақтармен және т.б. тұрақты байланыс бар. Өзіміздің зерттеу бағдарламамызды нақты осы

диалог алаңдарында қойылған диагноздардың негізінде анықталған мәселелер аясына топтастыруға тырысамыз. Жаһандық ғылыми тегеуріндер мен аймақтағы қоғамдық мәселелерге үйлесімді ұстанымда болу мақсатындамыз. «Grupo de Estudios del Trabajo desde el Sur» (GETSUR) осылай құрылды. GETSUR – жаһандық зерттеу желілеріне сүйенетін және әлеуметтік және кәсіподақ ұйымдары құрылымын күшейтуге ұмтылатын жергілікті-аумақтық еңбек платформасы. Кәсіподақ ұйымдарына университетті қолжетімді еткен соң, инфрақұрылым мен логистика тұрғысынан ғана емес, және/немесе сонымен қатар оқыту, ақпарат, рефлексияның нақты мәселелерін шешу үшін білім мен зерттеу мүмкіндіктері тұрғысынан да қажеттіліктеріне сәйкес синергия мен симбиозды дамытудамыз.

Қазан наразылығы әлеуметтік ғылымдар үшін шынында маңызды бетбұрыс еді. Ғалым ретінде өзіміздің ояну сәтіміздің куәсіміз, осы сәтте болу мүмкіндігі мен кейіпкері болу қуат береді және қанаттандырады. Тұрақсыздық пен сенімсіздік концептісі осы бағытта жүруімізге көптеген мүмкіндіктерін ұсынады деп санаймын.

Зерттеулеріңіздің тақырыбы – еңбек нарығының тұрақсыздығы, сенімсіздігі және оның қоғамның ұдайы өндірісіндегі үлесі. Дегенмен, Сіз қайта өңдеу үлгілерін жасау үшін Темуко аудандары мен үкіметтік мекемелерін тартқан жобаларға қатыстыңыз. Осы зерттеу тәжірибесі туралы және осы тәрізді әлеуметтанулық зерттеудің нақты мәселелері мен мәндеттері туралы қысқаша айтып бере аласыз ба?

Әрине. Бұл ізденістер өз жолымда қызығушылық, педагогика және сезімталдықтың арасынан тапқан бағытымның дара кеңістіктегі басқа тұлғалармен ынтымақтасуға итермелеуі нәтижесінде пайда болды. Қайта өңдеу саласында мен Ла Араукания мен Валлмапу аймағында әртүрлі қоғамдық қозғалыстармен, мапуче қауымдастығымен және аумақтық ұйымдармен ынтымақтастықтағы чилилік үкіметтік емес ұйым Red de Acción por los Derechos Ambientales (RADA) –пен жұмыс жасадым. 2017 жылы қоршаған ортаны қорғаудың қоғамдық қорына ұсынған табысты жобасы олардың Темуко қаласында қалдықтарды басқару мен жинауға арналған «Нөлдік қоқыс» деген стратегия мен жоспары үшін дайындалған.

Бұл тәжірибені 1992 жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан қалалық қоқыс алаңы 2016 жылы желтоқсанда жабылғаннан кейін бастадық. Қоқыс алаңы опырылып, аумақтағы жерасты суларын ластай бастады. Ол қаланың батыс бөлігіндегі 22 мапуче қауымының ортасында орналасқан еді. Айналасына қоныстанған адамдардың денсаулығына тигізген әсері бірнеше зерттеулер кезінде анықталды, сондықтан үкімет қоршаған ортаға тигізген зардап нәтижелері

құрбандарының жағдайын жақсарту үшін кінәлі ретінде қоғамдық қызметтер мен инфрақұрылымға қаражат бөлді. Ластану жергілікті экономикаға, өмір сүру жағдайларына және қоршаған ортаға ықпал етті. Дегенмен, осы тұрақсыздық жағдайында қалдықтарды өңдеу мен сатумен айналысатын көп адам қоқыс алаңына экономикалық тұрғыда тіршілік көзі деп қарады.

2016 жылы бейресми өңдеушілер, қоқыс алаңында қалдық жинаушылар кадастрын былай жасадық. Алаң жабылғанға дейін мен RADA-мен бірге қалдықтарды өңдеушілер одағын құруға қатыстым. Кәсіподақтың 62 мүшесі бар. Мапуче қауымынан бірнеше ер мен әйел, қалғандары - Темуконың кедей аудандарынан. Олардың басым бөлігі мұны отбасылық жұмыс деп қабылдайды. Бұл зерттеуді жүргізуге қалдықтарды өңдеуден бас тарту және оған экономикалық баламаны жасау процесін зерттеуші студент-әлеуметтанушы маған көмектесті. Сол кезде тіршілік көзін қамтамасыз ету үшін экономикалық кеңістікті іздеу және қалыптастыру жөнінде одақтың ұсынысына тап бола отырып, біз экологиялық тұрғыдан қоршаған ортаны қорғау жобасын ұсынуды ойлана бастадық.

Зерттеулердің екі бағыты - тұрақсыздық пен жергілікті экологиялық бастамалар, Сіздің ойыңызша, олар өзара қалай байланысты?

Олардың байланысын мен сіздерге айтқан тәжірибенің мысалында көрсетуге болады деп ойлаймын. Осы тәжірибеде өзарабайланыстың бірінші байламында

жұмыс істей бастадық: өңдеушілердің күнделікті жұмысының тұрақсыздығы мен осы секторда тұратын және қоқыс алаңында экологиялық расизмге төзіп отырған мапуче тұрғындарының берекесіз тіршілігі. Тұрақсыздықтың осы екі түрі даму, қоғам, еңбек, табиғат пен өмірді ұғынуда біте қайнасып жатыр. Олар шиеленісте де байқалады: қоқыс алаңы, оны орнату, оны пайдалану және жабу.

Қоқыс тұтынуға бағытталған қоғамның өнімі және экологиялық тұрақсыздықтың материалдығы ретінде оның айналасында қауіптің көбейгенін көрсетуде. Қоқыс есебінен өмір сүретін жұмысшылар. Адамдар қоқыстың арасында тамақтануға немесе азық іздеуге дайын. Адам төзгісіз кедейлік және әлеуметтік бейқамдық. Міне, сондықтан жабылғанға дейін қалдықтарды қайта өңдеу кезінде үстем болған еңбектің заңсыздығы сақтау мен тіршілік студия стратегиясын тағайындау аса қиынға түсетін әлеуметтік шыңыраудың жаңа алаңына алып келді. Кәсіподақты құру саяси күштің кепілі емес, өйткені институттық шекаралар жұмысшы ұйымдардың әлсіздігіне алып келді, бірақ бір жағынан бізге баламаны дайындау үшін ассоциациялық үлгіні ойлап табуға мүмкіндік берді.

Адам тіршілігіне қауіпті дағдарыстар тобы бар, олай болса, тәуекел емес, өмірдің қауіптілігі артты. Қазіргі саяси тартыстар, әсіресе білімнің феминистік, экологиялық және деколониялық қозғалыстарына тойымсыз, жауыз және әскери капитализм жағдайындағы өзектілік, дағдарыс және жауапкершілік сезімдерін қайта пайымдауға үндейтін саяси сезімталдықты алып келді деп септеймін. ■

Хаттарды Дастен Жулианға <dasten@gmail.com> жолдауға болады.

1. Пандемияға байланысты сайлау кейінге қалдырылды. Олар 2021 жылдың 15 және 16 мамырында өтеді.

> COVID-19 және жаһандық теңсіздіктер

Карин Фишер, Иоганн Кеплер Университеті, Аустрия

“COVID-19 – жаһандық кесел. Алайда, мәселе өзекті болған сайын, көкжиек ұлтшылдықпен немесе тіпті өрісі тарлау перспективамен шектеледі”

Коронавирус үшін еш адам қарсы тұра алмайды және ешбір шекара жоқ. БҰҰ даму бағдарламасына сәйкес, адами даму Индексі – білім беру, денсаулық сақтау және өмір сүру деңгейінің жиынтық көрсеткіші – 1990 жылдан бері алғаш рет төмендеу жолында тұр. Төмендеу әлемнің көптеген елдерінде – бай және кедей елдерде күтіледі.

Бұл бақылау «теңестіруші қиялды» тудырмауы керек. COVID-19 көрсеткендей, бәріміз бір қайықта емеспіз. БҰҰ Бас хатшысы Антонио Гутерриш: «бәріміз бір теңізде жүзіп келе жатқанымызбен, кейбіреулеріміз суперяхтада, ал басқаларымыз ағыспен бара жатқан қоқыстарға жабысып келетініміз анық», дейді. Пандемия – ұлттар/ел деңгейінде, әсіресе жаһандық деңгейде, байлық пен табыстың, жыныс мен нәсіл теңсіздігін айқындап, тереңдете түсті.

Пандемияның біркелкі емес ықпалын үй шаруашылығынан бастап, ішкі ұлттық және ел деңгейіне дейін көптеген масштабта байқау қиын емес. Осы арнайы топтамадағы материалдар теңсіздікке ауқымды көзқарастарға, яғни Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы алшақтыққа арналған. Бай және кедей елдер арасындағы қалыптасқан теңсіздікті үш тақырып ашады: COVID-19 вакциналарына, терапиялық құралдар мен және технологияларға қол жетімділіктің теңсіздігі; мемлекеттік қарыздың ауыртпалығы және қаржылық қатынастар теңсіздігі; сондай-ақ климат өзгерісінің бірдей әсерінің болмауы.

Кажал Бхардваж ұсынған бірінші мақалада ТРИПС-тің Дүниежүзілік сауда тәртібі туралы келісімі қарастырылған, онда зияткерлік меншік құқығы мен жеке пайда адамның денсаулығына қарағанда, жоғары мәнге ие екені айтылады. Компаниялардың монополиялық құқықтары «вакциналық апартеид» немесе «вакциналық империализм» деп саналатын құбылысты тудырады: COVID-19 вакциналары үшін тең емес, әділетсіз және таңқаларлық күрес. Камила Жианелла өз мақаласында Перуды вакциналар сатып алудағы әділетсіз жаһандық күреске қатысушының бірі ретінде көрсетеді. Латын Америкасындағы COVID-19 ауруы мен өлімнің ең жоғары деңгейінің бірі Перуда болғанына қарамастан, вакцинаны сатып алу туралы келісімнің кейбір тармақтарын қабылдамағаннан кейін Pfizer оның отанын жеткізілім тізімінің соңынан бір-ақ шығарды.

Пандемия және оның нәтижесіндегі жаһандық рецессия елдерді қарыз тұзағына іледі. Бұл - тек кедей елдердің проблемасы емес. 2021 жылғы мемлекеттік қарыз жаһандық мониторингіне сәйкес, Жаһандық Оңтүстікте зерттелген 148 елдің 132-нің қомақты қарызы бар. Кристина Ласкарисидис COVID-19 жағдайында мемлекеттік қарыздың біркелкі емес географиясын көрсетеді. Ол қарызға қатысты саясат – өмір сүру жағдайларына үлкен ықпал ететін ғаламдық билік ойыны екенін анық көрсетеді. Лакистар Мияндази бұған жаһандық пайда географиясының теңсіздігін қосады: заңсыз қаржы ағындары әлемнің ең кедей елдерінен алынып, жеке тұлғалардың, сауда «серіктестерінің», трансұлттық корпорациялардың штаб-пәтерлерінің және жаһандық солтүстіктегі салық баспаналарының қалталарына түседі. Африка жыл сайын дамуға және шетелдік инвестицияларға ресми көмектің жалпы жылдық ағынымен бірдей жоғалтады, - деп жазады ол. Бұл дегеніміз - осы елдердің экономикасына ақша құюға немесе COVID-19 пандемиясына жауап ретінде арнайы әлеуметтік қорғау бағдарламаларын қаржыландыруға қаржылық кеңістіктің болмауы. Қарызды өтеу бойынша міндеттемелер және қаражаттың заңсыз жұмсалуды олардың экономикасын одан әрі әлсіретеді және Замбия мысалында көрсетілгендей, ұзақ мерзімді дамуға кедергі келтіреді.

Соңғысы, дегенмен маңыздылық тұрғысынан алдыңғылардың бірі, Э. Венкат Рамнайя мен Виха Эманди «қос апат» деп аталатын нәрсеге назар аударады, өйткені коронавирус та, Үндістанның кейбір аймақтарындағы экологиялық осалдық та экспоненциялық түрде өсуде. Олар пандемияның әлеуметтік-экономикалық салдары су тапшылығы, су тасқыны немесе циклон сияқты экологиялық апаттармен одан сайын күшейе түсетінін көрсетеді. Тағы да, экологиялық апаттардың салдары біркелкі бөлінбейді және ең алдымен пандемиядан пропорционалды түрде зардап шегетіндерге әсер етеді.

COVID-19 - жаһандық түйткіл. Алайда, мәселе неғұрлым жақын және ол ауыр болған сайын, шекарасы ұлтпен шектеліп немесе одан да кішірейгендей. Қатысушылардың басты ұраны: барлығы қауіпсіз болмағанша, ешкім қауіпсіз болмайды! ■

Хаттарды Карин Фишерге <Karin.fischer@jku.at> жолдауға болады.

> Адамдар пайдадан қымбат: COVID-19 ащы үндеу

Кажал Бхардваж, заңгер, Нью-Дели, Үндістан



Британ фармацевтика өнеркәсібі қауымдастығы кеңсесінде вакциналардың жаһандық теңдігі науқанын өткізуде. Вестминстер, Лондон, 2021 ж. Ұсынған: [flickr: Jess Hurd/Global Justice Now](https://www.flickr.com/photos/jess_hurd/5211111111/).

2001 жылы Дүниежүзілік сауда ұйымында (ДСҰ) АИТВ пандемиясымен күресудің жаһандық әрекеттері бойынша ТРИПС келісінде бекітілген зияткерлік меншік (ЗМ) саласындағы міндеттемелерімен қайшылық туды. Ол кезде көпұлтты фармацевтикалық компаниялар АИТВ-нің қол жетімді патенттелмеген емдеу түріне рұқсат беретін заңнамалық ережелер үшін Оңтүстік Африка республикасының президенті Нельсон Манделаны сотқа берді; бұл компаниялар, емдеу патенттерінің иелері ретінде, ол үшін ондаған мың доллар алып отырды, ал АИТВ-ға қарсы патенттелмеген дәрі-дәрмектер күніне бір доллар тұрды. Компаниялар Оңтүстік Африканың әрекеті ТРИПС келісін бұзды деп мәлімдеді. Фармацевтикалық компаниялардың іс қозғағаны үшін жаһандық наразылық ДСҰ-ның барлық мүшелері ТРИПС және Қоғамдық денсаулық бойынша Доха декларациясын қабылдауға әкелді. Бұл дегеніміз – елдердің ТРИПС Келісін қоғамдық денсаулықты сақтау және барлығының дәрі-дәрмектерге қол жетімділігін қамтамасыз ету құқығын қолдайтындай етіп түсіндіруге құқығы бар екенін білдіру.

> COVID-19 және ТРИПС кедергілері

Жиырма жылдан кейін тағы бір пандемия, COVID-19, ДСҰ-ға мүше елдердің үштен екісін қамтыды, ТРИПС келісіміне сәйкес зияткерлік меншік міндеттемелерін жоюды талап етті. Доха декларациясында көрсетілген ТРИПС икемді мүмкіндіктері – міндетті лицензиялар, параллель импорт немесе патентке қабілеттіліктің қатаң стандарттары - елдерге АИТВ, С гепатиті, қатерлі ісік және жүрек ауруларын емдеудің арзан әдістеріне қол жеткізуге көмектесті. Үндістан мен Оңтүстік Африканың қазіргі ұсынысы COVID-19 сияқты жедел дамидын, тез мутацияланатын жұқпалы ауру зияткерлік меншік кедергілерінен толығымен бас тартуды талап етеді, бұл, атап айтқанда – күрделі лицензиялық келіссөздерге уақыт жұмсамай, зияткерлік меншік құқығын бұзу туралы миллиондаған долларлық сот

>>

істерінен және бай елдердің сауда қысымынан қорықпай – елдер мен бәсекелестерге COVID-19-ға қатысты кез-келген медициналық технологияны зерттеуге, әзірлеуге және өндіруге мүмкіндік береді.

Күткендей, бай елдер 3М кедергі жасамайды деп мәлімдейді. Бірақ пандемияның ауыр бір жылы көрсетіп отырғандай, фактілер - керісінше. Жаһандық назар Covid-19 вакциналары үшін тең емес, әділетсіз және таңқаларлық күресте «вакциналық апартеид» ретінде қарастырылатынына қарамастан, бұл теңсіздік басынан бастап маскарларға, диагностикаға, жабдыққа және емдеуге қол жетімділікті қолдады.

Жалпы жұртшылық үшін зияткерлік меншікті қорғаудың қол жетімділігі мен күшін жүзеге асыру деген желдеткіш клапандарды 3D принтерде басып шығару бойынша зерттеу жүргізген итальяндық зерттеушілер зияткерлік меншік иелері тарапынан сотқа шағымданумен бетпе-бет болуы мүмкін деген жаңалық болды. АҚШ сенаторы белсенді қолданыстағы маскарлардың дизайнына жүздеген патенттері бар 3М компаниясынан жеткізілімді арттыру үшін патенттерінен бас тартуды сұрады. Сот талабы бойынша, Roche фармацевтикалық компаниясын Нидерландыдағы COVID-19 сынақтарының рецептін ашуға мәжбүр етті. Цефейдтің 19,80 АҚШ доллары тұратын 45 минуттық COVID-19 сынақтары үшін бағасы бар-жоғы 5 АҚШ долларды құрауы мүмкін, ал азаматтық қоғам топтары тарапынан сынға ұрынды. Америкалық MNC Gilead компаниясы вирусқа қарсы Ремдесивир препаратын 2340 АҚШ долларына сатады. Дамушы елдердің шектеулі санына өнімді жеткізетін оның аз ғана лицензиялары 320 АҚШ доллары тұрады. Бірақ Ливерпуль университетінің зерттеушілері жаппай өндіріс бағасы 6 доллардан аз болуы мүмкін деп есептеді.

Бай елдер әр секунд сайын бір адамға вакцинация жасайтындықтан, кедей елдердің көпшілігі әлі де кем дегенде бір дозаны енгізуі керек. Жаһандық Оңтүстікте вакцина жасауға арналған айтарлықтай өндіріс орындары бар, бірақ жолда зияткерлік меншікті қорғаудың мина алаңы, оның ішінде патенттер, коммерциялық құпия және деректердің эксклюзивтілігі бар. Еуропалық патенттік агенттіктің деректері коронавирус вакциналарына қатысты жүздеген патенттерді көрсетеді. Зерттеулер көрсеткендей, вакцина патенттері – құрамын, технологиялық процестерді, жас топтарын және мөлшерлеу режимдерін қамтитындай, өте кең спектрлі. Коммерциялық құпияны қорғау вакцина өндірушілеріне ноу-хауды сақтауға мүмкіндік береді, бұл басқа өндірушілерге өндірісті тез кеңейтуге көмектеседі, ал деректері мен нарықтың эксклюзивтілігі оларды тіркеуге қосымша кедергілер тудыруы мүмкін.

> Солтүстік – Оңтүстіктегі емдеу алшақтығының тереңдеуі

Oxford-AstraZeneca вакцинасы Оксфорд университетінің олардың COVID-19 технологиясына зияткерлік меншікке ерекше лицензия беру туралы алғашқы міндеттемесіне сәйкес жаппай өндіріске қол жетімді болуы керек еді. Оның орнына AstraZeneca-мен эксклюзивті келісім жасалды, ол кейбір өндірушілермен құпия сублицензиялар жасады. Өндірістік қуаттылық жеткіліксіз екені анық, өйткені Үндістаннан келетін дозалар кейбір дамушы елдерге түседі. Ал коммерциялық емес баға туралы уәде орындалмады, себебі кедей елдер доза үшін 3 доллардан 8 долларға дейін төлейді.

Бір қызығы, Франция, Германия және Канада сияқты бай елдер алғашқылардың бірі болып COVID-19 міндетті лицензияларын жеңілдету үшін құқықтық шаралар қабылдады. Израиль вирусқа қарсы лопинавир/Ритонавирге мәжбүрлі лицензия берді. Венгрия мен Ресей Ремдесивирге мәжбүрлі/міндетті лицензия берді. Үкіметтің зияткерлік меншік саласындағы кедергілерді жою жөніндегі іс-әрекеті көбінесе компаниялардың зияткерлік меншік саласында пайда табуға байланысты әрекетін/ғадетін/тактикасын өзгертуіне әкеледі. Израильдің мәжбүрлі/міндетті лицензиясы AbbVie-дің бүкіл әлемде Лопинавир/Ритонавир патенттерін бұдан былай қолданбайтынын мәлімдеуіне әкелді. Үндістандағы, Таиландтағы және Аргентинадағы пациенттер тобы Ремдесивир мен Фавипиравирге патент алуға өтініш берді. Канадалық өндіруші Johnson & Johnson вакцинасына ашық түрде лицензия сұрады және міндетті лицензия ала алады.

Бай елдер COVID-19 вакциналарын, тестілерін және емдеу әдістерін жасауға миллиондаған мемлекеттік қаражат бөлді. Дегенмен, олар үшін мұның құны да жоғары әрі тасымалдауда кедергілер бар. Зияткерлік меншік саласындағы кедергілерді жою, ноу-хау алмасуды кеңейту және өндірісті ұлғайту үшін құқықтық шараларды қолданудың орнына, олар қолда бар жеткізілімдерді арттырып, экспортқа шектеулер енгізіп отыр. Ең жаманы, компаниялар өздерінің өндіріс қуаты, бағалары немесе келісімдері туралы транспарентті болуға міндетті емес. Кейбір келіссөздерде елдерге жағымсыз реакциялар үшін шығындарды өтеу немесе Елшілік сияқты мемлекеттік активтерді кепіл ретінде беру туралы талаптар қойылады. Компаниялар ДДСҰ технологияларына қол жеткізу пулына қатысудан бас тарту немесе COVID-19 вакциналарын әділ таратуға бағытталған Covax орталығына жеткізудің басымдықтарын анықтау арқылы ерікті тетіктерді бұзып жатқанда, фармацевтикалық қауымдастықтар зияткерлік меншік кедергілерін жеңуге тырысатын БҰҰ үкіметтері мен агенттіктеріне қарсы лоббилерін күшейтуде. ДДСҰ және БҰҰ мекемелері ТРИПС-тен бас тартуды ауызша қолдады. Бірақ ДСҰ Хатшылығы ерікті тәсілдерді ілгерілетуді жалғастыра отырып,

басын құмға тығып отыр. Бұл ұстанымдар барған сайын күшейе түскендей көрінгенімен, 2021 жылдың 5 мамырында, ТРИПС қарсыластары белсенділерінің бірнеше айлық науқанынан кейін, Америка Құрама Штаттарының Сауда өкілі COVID-19 вакциналарымен шектелгенімен, ТРИПС-тен бас тартуды қолдау үшін күтпеген мәлімдеме жасады.

АҚШ-тың ТРИПС-тен бас тарту туралы келіссөздерді жақындатқанына қарамастан, біз өткен жылы компаниялардың пайдалы іс жасайтынын күтіп, босқа уақыт жоғалттық. «Жаппай вакцинаға» шақыру күшейе

түсуде. Жаңа нұсқалар пайда болғанша, менің елім сынды елдер жойқын толқындарға тап болып, ал COVID-19 өлімі мен ұзаққа созылған аурулар науқастарға, отбасыларға және денсаулық сақтау жүйелеріне өз әсерін тигізіп отыр, ал пайданы адамнан артық көретін күрделі сауда ережелеріне жұмсайтындай уақыт жоқ. ТРИПС-тен бас тарту әркім және әр жерде COVID-19 денсаулық сақтау технологияларының барлығына қол жетімділікті қамтамасыз етудің алғашқы қадамы болады. ■

Хаттарды Казал Бхардважға <k0b0@yahoo.com> жолдауға болады.

> COVID-19 вакциналары: жаһандық теңсіздіктің жария болуы

Камила Жианелла, Pontificia Universidad Católica del Perú-Cisepa, Перу



Вакциналарды бөлудегі теңсіздік індетке дейінгі жаһандық теңсіздікке пара-пар. Ұсынған: FrankyDeMeyer/[Getty Images/iStockphoto](https://www.gettyimages.com/stockphoto).

С COVID-19 пандемиясының бүкіл әлемде жойқын экономикалық және әлеуметтік салдары бар. Алайда, осы жаһандық дағдарыстың салдарынан пайда болған бір қауіпті белгі - барлық жерде бірдей дағдарысқа тап болуымыз (бір қайықтамыз), Норвегияның Берген қаласындағы локдаун Перудағы Лима локдаунымен бірдей; немесе Лиманың аумақты аймағындағы локдаун сол қаланың кедей ауданындағы отбасылар үшін локдаунның негізгі мәселелерін шешу қажеттілігімен бірдей.

Мемлекеттер арасында тең қол жетімділікті қамтамасыз ету туралы [кейбір үндеулерге](#) қарамастан, осы гомогендеу COVID-19 вакциналарының тең емес таралуына жол берді. Бай елдер жарыста жеңіске жетті: олар вакциналарды

>>

бірінші болып сатып алып, сәйкесінше өз халқын вакцинациялауды да бірінші болып бастады. [Норвегия сияқты](#) кейбір бай елдер вакциналардың дозаларын кедей елдермен бөлісуге уәде бергені рас болса да, 2021 жылдың қаңтарына дейін вакциналарға қол жетімділік елдің байлығымен анықталды.

> Жекешелендірілген дәрілердің инновациялық тәртібі

Бүкіл әлемде вакцинаға қол жеткізуге қатысты жағдай жекелеген елдердің сараңдығының нәтижесі емес, дәрі-дәрмек саласындағы инновациялардың күрделі жаһандық тәртібін көрсетеді. Бай елдер вакциналар дайындауға мемлекеттік қаражат бөлді. Өз вакцинасын жасауда мемлекеттік қаражаттың қатысуын жоққа шығарған Pfizer жағдайында да, вакцинаны бірлесіп жасаған серіктес компаниялар оның мемлекеттік қаражатты алғанын көрсетеді. Бай елдердің вакциналарды жасауға қатысуы оларға «ең тиімді бағаны» сұрауға мүмкіндік береді, алайда жеке компаниялардың вакциналардан пайда табу құқығынан айырмайды. Нәтижесінде, қолданыстағы ережелерге сәйкес, аурудың таралуын және оның жаңа нұсқаларын тоқтату үшін Оңтүстік Африка халқын вакцинациялаудың шұғыл қажеттілігіне қарамастан, Оңтүстік Африка Oxford-AstraZeneca-ның COVID-19 вакцинасының дозалары үшін Еуропаның көптеген елдеріне қарағанда, [ра 2.5 есе көп](#) төлеуге мәжбүр.

Мемлекеттік қорлардың қатысуы жеке вакцина өндірушілеріне құпиялылық шарттарын, сондай-ақ егер олардың COVID-19 инъекциясы күтпеген жанама әсерлерді тудырса, оларды сот істерінен қорғау үшін құқықтық реформаны сұрауға кедергі болмады. Вакциналарға деген мұқтаждық және COVID-19 вакциналарын сатуда кейбір минималды шарттарды жасау үшін жаһандық көшбасшылықтың болмауы вакцина өндірушілеріне үлкен күш берді. Олар вакциналарға мұқтаж елдермен келіссөздерді кешіктіреді немесе бұғаттайды, сәйкесінше

оларға деген қолжетімділік те кешікті, әрі нәтижесінде өлім санының өсуіне мен вирустың жаңа нұсқаларының дамуына (және таралуына) ықпал етеді.

Мысалы, Перу және оның Pfizer-мен сәтсіз келіссөздері. Перу Латын Америкасы мен Кариб бассейнінде, сондай-ақ бүкіл әлемдегі COVID-19 ауруы мен өлім-жітімі жоғары елдердің қатарына кіреді. Ел 2021 жылдың қаңтарына қарай екінші толқынның басталуын бастан кешірген кезде, денсаулық сақтау жүйесі құлдырады. 2020 жылы Перу Үкіметі Pfizer-мен келіссөздерді бастады, бірақ компанияның қолсұқпаушылық саясатына қатысты кейбір ережелерін қабылдаудан бас тартты. Нәтижесінде, Pfizer Перуды елдегі COVID-19 жойқын әсеріне қарамастан тізімнің төменгі жағына орналастырды. Жазаланбағандықтан Оңтүстік Африка мен вакцинаның бағасы сияқты ойына келгенін істеді; вакцина өндірушілер ережелерді енгізіп, жаһандық төтенше жағдайдың ортасында кімге қолжетімді және қандай бағамен болатынын өздері шешеді.

> Вакциналарға қолжеткізу және денсаулық құқығы

Вакциналар сынды дәрі-дәрмектерге қол жеткізу – әр адамның табиғи және психикалық денсаулығының ең жоғары деңгейіне құқығын толық жүзеге асырудың негізгі элементтерінің бірі. Медицинадағы инновациялар және осы инновацияларға қол жеткізу – дәрі-дәрмектерге қол жеткізудің негізгі өзегі, сондықтан медицина саласындағы инновацияларға қол жеткізуді реттейтін заңдар мен ережелер – Денсаулық сақтау саласындағы ұлттық саясаттың іргелі элементтері. COVID-19 пандемиясы жаһандық көшбасшылықтың жоқтығын және мемлекеттердің құнды тауар өндірушілерге жағдай жасаудағы әлсіздігін, сондай-ақ медициналық инновациялардың қолданыстағы үлгісінің шектеулі екенін көрсетті. Жеке компанияларға мемлекеттік қаражат бөлу дәрі-дәрмектерге жалпыға бірдей қол жетімділікті қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз. ■

Хаттарды Камила Жианеллаға gianella.c@pucc.edu.pe жолдауға болады.

> Кредиторлар мен борышкерлер арасындағы шиеленістің бекінуі

Кристина Ласкарис, Ашық университет, Ұлыбритания



| Арбу иллюстрациясы.

Бай елдер қарыз есебінен қаржыландырылатын шығындар мен экономикалық ынталандырулар арқылы экономикалық құлдыраумен күресуде, ал жаһандық Оңтүстікте табысы төмен және орташа елдер үдемелі қарыздық тұзаққа түседі. Отаршылдық мұрасы және жаһандық Оңтүстіктегі мемлекеттік қарыздың бұрынғы географиялық ерекшеліктері COVID кезінде қайта күшейе түсуде – халықаралық несие берудің бұрыннан қалыптасқан тәсілдері несие берушілердің қарыз ауыртпалығы бойынша мүдделерін ынталандырады.

> Солтүстік-Оңтүстік теңсіздігі және жаһандық қарызды қаржыландыру

Дэвид Гребер тарихи тәуелділік қатынастары мен тең емес билік қатынастары қалайша тиімді түрде қарызды жасыратынын көрсетіп бергендер арасында болды. Ол қарыз тіліне көшкен қысым көрсету қарым-қатынасы позициясы әлсіздің пікірін бірден қате ретінде көрсетеді деп бірнеше рет тұжырымдайды. Халықаралық қарыздар отаршылдық жобалардың бөлігі болды, ал өтеу қиындықтары кредиторлар мен борышкерлер арасындағы қақтығыстарды тудырды, соңғысы тікелей шетелдік қадағалау тетіктері мен әскери араласуға алып келді, дегенмен кей жағдайда борышкерлер төлемдерін сәтті тоқтатып, қарызды өндіріп алуға жол бермеді. Жақында халықаралық қарыздардағы жаһандық теңсіздік неоколониализм және қаржыландыру призмасы арқылы зерттелді. Қосымша қаржыландыру тең емес нақты борыштық қатынастарды сипаттайды, оған ядроға қатысты

бағыныштылық жағдайға байланысты туындайтын дамудың құрылымдық шектеулері тән.

Мұның бір қыры халықаралық валюта-қаржы жүйесімен байланысты. Кейнс және одан кейінгі бірқатар посткейнсшілер айтқандай, өтімділікке артықшылық беру халықаралық экономикада белгісіздік пен тұрақсыздық жағдайында айқын көрінетін қаржылық активтердің иерархиясын ашады. Болашақтағы қарыздық тұзақтардың белгілері пандемия қарсаңына дейін өсіп отырды. Қаржы фирмаларының әрекеттерімен қатар, жаһандық солтүстіктегі дағдарысқа реакциядан туындаған АҚШ-тағы еркін ақша-кредит саясаты, қазіргі қарыз дағдарысына теріс әсер ететін жаһандық өтімділіктің күрт өсуіне әкелді. Ол жаһандық түрде кірісті дамушы елдерден іздеуге себеп болды, төмен және орташа табысты көптеген елдер үшін несие берушілер құрылымының өзгеруіне, мұндағы қаржыландырудың табысы төмен және орташа елдер үшін қол жетімділігі мен құнының теңсіздігін тудырды. Бұл елдің өзін қаржыландыру және қайта қаржыландыру қабілеті көбінесе оның бақылауынан тыс факторларға тәуелді болған кезде құрылымдық осалдық – «нарықтық тәуекелге» әкелді, мұндай шикізат тауарларына тәуелділіктен туындаған шетел валютасының құбылмалылығына қатысты бұрыннан келе жатқан аландаушылықты күшейтеді.

Қарызды өтеу қиындықтары - мемлекет ішіндегі мемлекеттік қаржыны дұрыс пайдаланбау туралы жиі айтылатын түсініктерге байланысты емес, дамудың

>>

шектеулеріне және жаһандық өндіріс құрылымдарына байланысты туындайды, олар өздері отаршылдық өткеннің өнімі. Мұның тағы бір аспектісі қарыз дағдарыстарын шешуге қатысты институттық сәтсіздіктермен байланысты. Қарыздарды өтеу қиындықтары туындаған кезде, елдер даму жоспарларынан бас тартуға мәжбүр бола тұра, кредиторлар форумдары, салыстырылмайтын құқықтық жағдайларға, капитал нарықтарынан шығаруға, тәуекелге байланысты кредиторлармен сот процестеріне тап болады. Бұл көбінесе ХВҚ-ның шектеу бағдарламаларымен қатар жүреді, олар қарыз мәселелерін әділ және ұзақ мерзімді шешуді қамтамасыз етпейді, мемлекеттің әлсіз әлеуметтік топтарды қорғау қабілетін әлсіретеді. Қарыздық дағдарыстар «тым аз, тым кеш» түрінде сипатталады, көбінесе қарыздың қолайлы деңгейін қалпына келтіруге мүмкіндік бермейді, әрі борышкер ел үшін үлкен әлеуметтік шығындарға әкеледі.

> COVID-19-дың қарызға ықпалы

Пандемия басталған кезде әлемдік экономикадағы бұрыннан келе жатқан теңсіздік анықталды әрі күшейе түсті. Елдер шетел валютасының көзі ретінде арқа сүйейтін саудадағы іркілістермен және қаржы нарықтарында айқындалатын негізгі шикізат тауарлары бағаларының төмендеуімен қатар, 2020 жылғы көктемде капиталдың кері ағыны оның тарихындағы ең ірісі болды. Бұл елдердің валюталары құнсыздануына әкеліп соқты, шетел валютасындағы қарызды өтеу ауыртпалығын арттырды. Дағдарыс кезінде шетел валютасына қол жетімділіктің болмауы тең емес интеграцияны және халықаралық экономикадағы бағынышты жағдайды көрсетеді, әрі жауап берудің тең емес қабілетін тудырады. Бұл кіріс деңгейі бойынша топтарға бюджеттік қолдау шараларының әр түрлі ауқымында айқын көрінгенімен, қажетті өтімділікке асимметриялық қол жетімділік ықпалды субъектілер қабылдаған әрекеттермен күшейтіледі.

АҚШ-тың Федералды резервтік банкі ашқан долларлық своптардың кеңейтілген желілеріне тек кейбір ірі елдердің қолы жетті, ал аймақтық қаржыландыру тетіктері негізінен белсенді болмады, нәтижесінде жаһандық қарыз мәселелеріне негізгі саяси жауап G20 және Халықаралық Валюта Қорынан (ХВҚ) шығуы керек еді. Дегенмен, кірісі негізінде топтар бойынша 1 трлн. АҚШ долларына бағаланған несиенің қайтарылуымен қатар, шартсыз және борыштық міндеттемелерсіз қаржыландыруға қажетті 2,5 трлн долларға бағалануы, әрі бұрыннан бері қайта қарауды талап ететін несиенің құрылымы, қайта қарау, жауап беру шаралары аймақтардағы және кірістер негізіндегі топтарындағы, көбінесе қарызды өтеуде қиындықтарға тап болған елдердегі қымбат несиелерге қол жетімділікті кеңейтуге негізделген. Бұл елдердің кейбіреулері қазірдің өзінде мемлекеттік кірістерін несиені қызметтеріне жұмсайды, олар денсаулық сақтау шығындарынан бірнеше есе көп болып келеді. ХВҚ несиелері және 2020 жылдың сәуірінде құрылған G20 Несиеге қызмет көрсетуді тоқтата тұру бастамасы (DSSI) аясында екі жақты қарызға қызмет көрсетуді уақытша кейінге қалдыру қолданыстағы қарыз

мәселелерін ушықтырады, әрі жанама түрде қатыспайтын жеке және көпжақты несиені берушілерге төлемдер алуға мүмкіндік беретін болашақта үнемдеу саясатына әкеледі деп болжанды. DSSI-дің ерікті аспектісі қарызды төлеуді жеңілдету ішінара, әрі бағдарламаға қатыспайтын несиені берушілер үшін тиімді, жеткізу шарттары қымбат және айтарлықтай қажет емес екенін білдіреді. Қайта құрылымдау мәселесін шешу үшін 2020 жылдың қарашасында құрылған жалпы құрылым осы белгілі институттық кемшіліктерді көрсетеді.

> Бұрмаланған халықаралық несиенің құрылымы

Пандемия қазіргі халықаралық несиенің құрылымының несиені берушілердің бүкіл әлемін басқаруға, ұжымдық іс-қимыл проблемаларын болдырмауға, несиені берушілер арасындағы әділеттілікті қамтамасыз етуге және ең бастысы несиені дағдарысын бастан кешіретін елдердегі халыққа әсерді азайтатындай қарызды өтеу мәселелерін тез, ашық, тәуелсіз және жан-жақты шешуді қамтамасыз ете алмайтынына баса назар аударады. Қолданыстағы тәсіл несиені берушілердің қарыз дағдарысын олардың мүдделеріне сәйкес шешуге деген талпыныстарының, ұсыныстардан бірнеше рет бас тартудың, әрі оны табысы төмен және орташа елдер ұсынатын тәсілдермен шешуге тырысуының нәтижесі екенін еске салу маңызды. Бұл жүйенің негізгі элементі Дүниежүзілік банктің және ХВҚ-ның үнемдеу бағдарламалары, олар көбінесе адам құқықтары үшін жағымсыз салдарға алып келеді және қарыздарды «тұрақты» деп атайтын, қарызды ауырлататын, проблеманың ауқымын бағаламайтын және қажетті жеңілдікке нұқсан келтіретін қарыздарды бекіту процесіне сүйенеді. Табыс деңгейі жоғары кейбір елдерде ынталандыруды жалғасып отырған кезде, жаһандық қарыз мәселелеріне мынадай болжам негіз болады: өсім пандемияға дейінгі деңгейге оралады, ал уақытша шығындар тапшылығынан, инвестициялардан бас тартудан және мемлекеттік шығындарды азайту үшін қажетті әлеуметтік шығындардан кейін елдер қатаң бюджеттік үнемдеу саясатын қабылдайды.

ХВҚ шарттары мен қатаң үнемдеу даму перспективаларын нашарлататынын, денсаулыққа, теңсіздік пен кедейлікке, сондай-ақ қарызды өтеудің нашар беделіне кері әсер ететінін білеміз. Бұл жеткіліксіз түрде қаржыландырылған, әлсіреген әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымды тудырумен қатар, аталмыш институттардың заңдылықтың болмауымен бетпе-бет кезігуін күшейтеді. Жауап институттық процестер халықаралық экономикаға интеграцияның тарихи элементтерін күшейтетінін тағы бір рет көрсетті. Несиені растау процесі – борышкерлер мен несиені берушілер арасындағы тең емес өкілеттіктердің белгісі, ол төлеуге болатын және төленбейтін нәрсені кім шешетінін білу саясатын көрсетеді. Ол несиені берушілерге борышкерлердің жағдайын жеңілдету үшін қарызды қайта құрылымдау мүмкін емес шығындармен салыстырғанда қарызды қайта құрылымдау шығындарын бірінші орынға қоюға мүмкіндік береді. ■

Хаттарды Кристина Ласкаридиске <christina.laskaridis@open.ac.uk> жолдауға болады.

> Африкадағы кедейлік

пен теңсіздікті төмендету мәселелері

Лакистар Мияндази, Шекарасыз салық инспекторлары бағдарламасы бойынша маман, және, Африкадағы БҰҰДБ қаржы секторы орталығындағы Африка бойынша үйлестіруші, Оңтүстік Африка

Коронавирус пандемиясы 2020 жылдың наурыз айында Жер шарына соққы бергенге дейін де көптеген көрсеткіштермен өлшенетін жаһандық теңсіздік ондаған жылдар бойы өсіп келеді. COVID-19 пандемиясы және оның өмірдің барлық салаларында бұрын-соңды болмаған салдары, біз білетініміздей, теңсіздіктің осы көп өлшемді аспектілерін ұлтына, жасына, жынысына, нәсіліне, ұлттық немесе этникалық тегіне, дініне, экономикалық мәртебесіне және басқа аспектілеріне байланысты одан әрі күшейте түсті.

> Кедейлік пен теңсіздіктен ауытқу

Африкада COVID-19 таралуы мен өлім көрсеткіштері әлі де төмен болғанымен, қазіргі уақытта континент пандемиямен шиеленіскен ауыр қарыз бен қаржылық дағдарысты еңсеруге байланысты қиындықтармен күресуге мәжбүр. Бұл, әсіресе, Африканың денсаулық сақтауды жақсарту, азық-түлік пен білімге қол жеткізу сияқты салаларда тұрақты дамудың 17 мақсатына (ТДМ) қол жеткізудегі алдыңғы қадамдарына нұқсан келтіреді. Ең бастысы, бұл 2015 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше барлық мемлекеттер қабылдаған ТДМ-де кедейлікті жою теңсіздікті азайтуды талап ететінін мойындауды төмендетеді. Құрылықтық деңгейде 2063 жылға арналған Күн тәртібі шеңберінде Африканың ұмтылысы тұрақты және инклюзивті экономикалық өсу мен дамуға жәрдемдесуге бағытталған континенттің қайта құрылуының ұзақ мерзімді тұжырымдамасы кедейлік пен теңсіздікті жоюды басты орынға қояды. Осылайша, теңсіздік даму мен экономикалық өсумен тығыз байланысты әрі бүкіл әлемдегі негізгі саяси мәселенің біріне айналды.

Өкінішке орай, Біріккен Ұлттар Ұйымының есебінде Сахараның оңтүстігіндегі Африкада 2020 жылы нағыз кедейліктің ең үлкен өсімі орын алды, тағы 26 миллион адам пандемияға байланысты халықаралық кедейлік шегінен тыс өмір сүреді деп болжануда. Бұл көрсеткіш Сахараның шығысындағы Африка елдерін 2015 жылғы

кедейлік деңгейіне қайтарады, ал бұл аймақтағы 5 жылдық прогрестің жоғалуын білдіреді. Сондықтан қазір Африканың өмірдің барлық салаларында тұрақты, әділ және тең құқылы қоғам құру арқылы халықтың ең кедей және маргиналданған топтарының өмірін жақсартуға назар аударуы бұрынғыдан да маңызды. Көптеген Африка елдері үшін экономикалық теңсіздік – қоғамның әртүрлі топтары арасында кірістер мен мүмкіндіктердің тең бөлінбеуі үлкен алаңдаушылық тудырады. Нигерия, Оңтүстік Африка, Египет, Алжир, Марокко және Ангола сияқты жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ) ең жоғары Африка елдерінде де кедейлік пен теңсіздіктің ең жоғары деңгейі байқалады.

Африка елдері теңсіздікті азайтуға, өсу мен дамуға инвестиция салуға тырысуда тағы екі мәселеге тап болады: заңсыз қаржы ағындары (ЗҚА) және өсіп келе жатқан қарыз дағдарысы.

> Заңсыз қаржы ағындары

ЗҚА – заңсыз жолмен алынған, аударылған немесе белгілі бір коммерциялық әрекеттер нәтижесінде пайдаланылған ақша, мысалы, заңсыз жалған компаниялар арқылы нақты компания иелерін жасыру; браконьерлік, есірткі, қару-жарақ пен адам саудасы, мұнай мен пайдалы қазбаларды ұрлау сияқты ұйымдасқан қылмыстық іс-әрекет; және бұл ағындарды насихаттауда маңызды рөл атқаратын сыбайлас жемқорлық практикасы. Бай трансұлттық корпорациялар, салық баспаналары және жеке тұлғалар әлемдегі ең кедей елдердің көптеген ЗҚА үшін жауапты. Кейбір салаларда, әсіресе табиғи қазбаларды өндіру мен тау-кен өнеркәсібінде, ЗҚА шоғырлануы жоғары, олар Африканың бай дамыған елдерінде және сауда серіктестерінде кездеседі. Соңғы жиырма жылға көз жүгіртсек, Luanda Leaks, Mauritius Leaks, Lux Leaks, Swiss Leaks, the Panama Papers, және Paradise Papers сияқты салықтарға қатысты шексіз жанжалдар, басқалармен қатар, ЗҚА проблемасын анықтап, оларды шешуге қатысты қоғамдық және саяси алаңдаушылық тудырды.

“Заңсыз қаржы ағыны «жәбірленусіз қылмыс» ғана емес, сонымен қатар адамдар мен қоғамға аса зиян.”

Біріккен Ұлттар Ұйымының Сауда және даму жөніндегі Конференциясының (ЮНКТАД) қолда бар ақпаратына сай, ЗҚА арқылы Африка 88,6 млрд.АҚШ долларын жоғалтып отыр, бұл - ЖІӨ-нің 3,7% тең. Мұндай ылыстау Шығыс Африка елдерінің даму және тікелей шетелдік инвестициялар үшін ресми көмектің жыл сайынғы жалпы ағымына тең. Бұл жағдай Африканың құрылықтық дамуына инвестиция салу үшін ЗҚА арқылы жоғалған ақшаны қайтара алса, шетелдік көмексіз жұмыс істей алатынын көрсетеді.

Бұл – қазірдің өзінде табыстың жетіспеушілігінен зардап шегіп отырған континент үшін жоғалған ақша. Сәйкесінше, ЗҚА «жәбірленусіз қылмыс» ғана емес, сонымен қатар адамдар мен қоғамға аса зиян. Сонымен бірге дамуға сөзсіз ықпал етеді, өйткені ол денсаулық сақтау, білім беру, инфрақұрылым және басқа да қоғамдық тауарлар мен қызметтерге қажет тартып алу арқылы Африка мен бүкіл әлемдегі әлеуметтік-экономикалық теңсіздік дәрежесінің тереңдеуінде маңызды рөл атқарады.

> Үдемелі қарыз

Сонымен бірге Африка мемлекеттік және жеке сыртқы несие берушілерден қарыз алу салдарынан қарыз мәселесінің өсуіне байланысты сөзсіз қаржылық дағдарысқа тап болады. COVID-19-ға байланысты кейбір Африка елдері пандемияның денсаулық пен экономикаға жойқын әсерін қалпына келтіруге көмектесу үшін қарызды жою және қарызды жеңілдету туралы өтініш білдірді.

Алайда, мысалы, теңізге шыға алмайтын, ресурстарға бай, 2011 жылы ғана табысы орташа деңгейден төмен ел мәртебесіне жеткен Замбия сияқты елдің сыртқы қарызының үдемелі ауыртпалығы және соңғы қарызды өтеу бойынша елдегі дефолт үшін ел тұрғындары саяси элитаны дұрыс басқара алмауы, сыбайлас жемқорлық, ашықтықтың жоқтығы және жауапкершілік саясатының нашарлығы кедейлік пен теңсіздіктің өсуіне ықпал етеді деп кінәлайды. 2020 жылы Замбия 42,5 миллион долларлық еурооблигация бойынша қарызын өтеуге дефолт жариялаған алғашқы Африка елі болды. Замбия Қытай сияқты басқа үкіметтерге, көпсалалы институттарға және сыртқы жеке несие берушілерге, қарыздар және

облигациялармен бірге, сыртқы қарыз төлемдерін сақтау үшін күресуде. COVID-19 адам мен экономикалық дағдарысты, атап айтқанда денсаулық сақтау жүйесін құрту арқылы нашарлатты. Пандемия экономиканың тау-кен өндірісі, ауыл шаруашылығы және туризм сияқты негізгі салаларына теріс әсерін тигізді, ал бұл жұмыс орындарының жоғалуына және жұмыссыздықтың жоғары деңгейіне әкелді. Әлеуметтік қорғау жүйелеріне инвестициялардың ұлғаюына әкелуі мүмкін шараларды жүзеге асырудың қаржылық мүмкіндіктері трансұлттық корпорацияларға берілетін қарыздар мен көптеген салықтық жеңілдіктерге байланысты шектеулі болды.

> Кедейлер мүддесін жақтайтын салық саясатына қажеттілік

Салық салу және кедейлердің мүддесі үшін ұлттық салық саясаты арқылы ішкі ресурстарды жұмылдыру (ІРЖ) көптеген африкалық елдердегі және бүкіл әлемде экономикалық теңсіздікті төмендетуде маңызды рөл атқаруы мүмкін.

Салық салу маңызды рөл атқарады және теңдікке ықпал етуі мүмкін, мысалы, кірістерді көбейту арқылы, содан кейін білім беру және денсаулық сақтау сияқты қажетті қоғамдық игіліктер мен қызметтерді ұсынуға жұмсалады. Прогрессивті салықты кірісті, байлықты қайта бөлу және әлеуметтік әл-ауқатты арттыру құралы ретінде пайдалануы мүмкін, осылайша экономикалық теңсіздікті төмендетеді. Салық денсаулық сақтау, гендерлік теңдік және қоршаған орта бағыттарына әсер ететін таңдау мен мінез-құлықты реттеуде маңызды орны бар қуатты әлеуметтік құрал бола алады. Сонымен қатар, салық - өкілдік пен есеп берудің елеулі тетігі, өйткені мемлекеттік қызметтерді қаржыландыруға салықты бөлуді жетілдіру кедейлерге ерекше пайда әкелуі мүмкін.

Салық даму мақсаттарына қол жеткізу үшін мәнді ресурс екені, әрі Африка мен бүкіл әлемдегі теңсіздікті төмендетуде шешуші рөл атқара алатыны анық. Салықтың рөлін бір өлшемді деп түсінуге болмайды; бұл пандемияға қарсы шараларды қаржыландыру мен одан кейін қалпына келтіруден де артық, әділетті және теңқұқылы қоғам құруға бағытталған. ■

Хаттарды Лакистар Мияндазиге <AzreeStar@gmail.com> жолдауға болады.

> Үндістандағы қос апат

– аяқталмаған күн тәртібі

Э.Венкат Рамнайя және Виха Эманди, Жастар әрекетті қолдайды, Үндістан



Бірінші кезекте экологиялық апаттардың салдарын індеттен онсыз да қатты зардап шеккендер сезінеді. Мысалы, Үндістанда коронавируспен ауырғандарға арналған Хайдарабадтағы Osmania General Hospital-ды 2020 жылы нөсер жауын алып кетті. Ұсынған: Twitter.

Пандемия біткеннің өзінде де өмір бұрынғы қалпына оралмайды. Үндістан көптеген адамдардың құрбан болуына, өмір сүруге қажетті қаржы мен мүліктің жойылуына себеп болған қос апат - COVID-19 және су тасқынына ұшырады. 2020 жылы, COVID-19 өршіп тұрған кезде, Үндістанның бірнеше штатында нөсер жаңбыр мен циклон орын алды. Осы табиғи апаттың нәтижесінде адамдар құрбан болды, жергілікті халықтың басым бөлігі егін жинау және тіршілік етуге қажетті қаражатынан айырылды. Қалыптасқан жағдай өз ауылдарына оралған миллиондаған мигранттарға COVID-19 індетінің теріс әсерін одан сайын күшейтті, нәтижесінде олар өздеріне нәпақа табу мүмкіндігінен жұрдай болды. Үкімет пен азаматтық қоғам ұйымдары жүргізген төтенше көмек орын алған алып қос апатпен күресу үшін жеткіліксіз еді. Табиғат бізді барлық қолдаудан айырды. COVID-19, әрине, қоғамдық денсаулық сақтау апаты және ол қоғамдық денсаулық саласына қатысты инвестициялауды ұлғайтуды талап етеді. Бірақ іс жүзінде пандемия – экологиялық теңсіздіктің нәтижесі. Биологиялық саналуандықтың жоғалуы және табиғаттағы адам үлесінің біртіндеп артуы COVID-19 сияқты эпидемиялық аурулардың өршуіне және таралуына айтарлықтай ықпалын тигізгені туралы дәлелдер жинақталған. Экологияны зерттеу және қоршаған орта өзгерісін

бағалау - болашақта кезекті пандемияны анықтау үшін маңызды қадамдардың бірі. COVID-19 пандемиясы бізге ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау және қоршаған орта негізіндегі биоғылымдарға көбірек көңіл бөлу қажеттілігін көрсетті.

> Пандемиялық оқшаулау және кері көші-қон

Үндістандағы осал мигрант қауымдастықтары, әсіресе әйелдер мен балалар психологиялық және экономикалық күйзелістердің көп түрін басынан кешіріп отыр. Әйелдердің басым бөлігі экономиканың бейресми секторында жұмыс істейтіні белгілі – олардың басым бөлігі локдаун салдарынан қаладан келгеннен кейін өз ауылдарында жұмыс таба алмады. Бұл жағдай әйелдерді депрессияға, үміт ұзу мен экономикалық тұрақсыздыққа ұшыратты. Осы дағдарыс кезеңінде әйелдер тарапынан отбасындағы зорлық-зомбылыққа шағымдардың саны 100% өскені белгілі болды, бірақ әйелдер әлеуметтік мекемелерден ешқандай әлеуметтік көмек ала алмады. Смартфонға қолжетімділіктің шектеулігі мен ресми қолдаудың болмауы нәтижесінде отбасы мүшелерімен әлеуметтік байланыстың жетіспеушілігі әйелдер арасында алаңдаушылық пен суицидтік ғадеттің өсуіне ықпал етті. Көптеген жасөспірім қыздар мен жас әйелдер дене жарақаты мен психологиялық

>>

зорлық-зомбылықтан қорғану үшін балаларды қолдау орталығының 1098 нөміріне қоңырау шала бастады. Денсаулық сақтау мекемелері тек COVID-19 мәселесімен айналысқандықтан, кедей әйелдер COVID-ті емдеуге де, босануға да елеулі ақша жұмсап, өз қаражатына сүйенуге мәжбүр болды. Әйелдер мен балалар арасында асқа жарымау кең тарады, ал мектептердің жабылуы балаларды түстен кейінгі мектеп тамағынан айырды. Отбасылар арасында ішінара аштық байқала бастады, ал жұмыссыздық олардың күнкөрісін төмендетті.

> Су тасқыны

Тіпті Хайдарабад секілді қалалардағы лашықтар мен шағын елді-мекендерде тұратын кедей халық тасқын су басқанда үйлерін тастап кетуге мәжбүр болды. Жұмысынан және үй заттарынан айырылған осы кедей топтың басым бөлігі жаңа жерлерге амалсыз қоныс аударды, табиғи, психологиялық және экономикалық күйзеліске ұшырады. Су тасқыны – қалалық ортаның өткізу қабілетін төмендеткен дренажды каналдар мен су қоймаларын салуда жіберілген қателіктердің нәтижесі. 2014 жылдан бері Үндістанда орын алған циклондар мен су тасқындары тек Үндістандағы емес, әлемнің басқа да бөліктеріндегі антропогендік қалдықтардың нәтижесі. Бұл сонымен қатар елдегі жүйелі дамудың жоқ екенінің дәлелі. Мысалы, 2014 жылдың тамызында шығыстағы Бихар штатында Коси өзенінің жаппай тасуы - өзен бастау алатын Непалдағы 28 лакх судың ағуына себеп болған нөсер жауынның салдары. Су тасқынынан 225 000-ға жуық адам зардап шекті, олардың ішінде қаза болғандар, егін, мал және басқа да мүліктерінен айырылған адамдар бар.

> Үкіметтер әрекет етуі керек

Саясаткерлер үшін климаттың өзгеруімен байланысты жағдайды түсініп, экология мен қоршаған ортаны қалпына келтіру үшін бірлесіп жұмыс жасайтын уақыт келді. Президент Байденнің басшылығымен АҚШ жаңа міндеттерді өз мойнына алады деп үміттенеміз.

2020 жылдың қарашасында өткен G-20 саммитінде Үндістанның премьер-министрі «Жер-Ана» рухында экологиялық күн тәртібіне ерекше назар аударатын постковидтік әлем үшін жаңа жаһандық индексті құруға шақырды. Тағы бір назар аударарлық нәрсе – қоғамның барлық тобын технологияларға деген қолжетімділігін арттыратын, ең маңыздысы - «басқарудағы ашықтықты» қамтамасыз ететін кең кадрлық резервті құру. 18 ел және төрт халықаралық ұйым мүше апаттарға төзімді Инфрақұрылым коалициясын (CDRI) құру табиғи апаттар кезінде инфрақұрылымдық залалға ерекше назар аударуға мүмкіндік беретін болады. Бұл, әсіресе табиғи апаттардан пропорционалды емес зардап шегетін кедей елдерде адамдардың өмірлерін, олардың тіршілікке қажетті қаражаттарын сақтап қалу үшін ерекше маңызды болады.

Жаһандық саясат ұзаққа созылуы мүмкін, бірақ алдымен Үндістанда «кедейлік шегі» тұжырымдамасы қайта қаралып, құқық пен мүмкіндіктерді кеңейту индексімен» жұмыс жасай бастауы тиіс. Құқық пен мүмкіндіктерді кеңейту индексі сегіз негізгі қажеттіліктерді қамтиды: денсаулық сақтау, санитария, баспана, тамақтану, таза энергия, білім, таза ауыз суы және әлеуметтік қауіпсіздік. Корпоративтік сектор осы негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін үкіметті қолдау көрсеткені абзал. Вакцинаны жасау туралы келісімге отыруға асығудың орнына, компаниялар әлеуметтік әлжуаз халықтың вакцинаға қолжетімділігін олардың «бірінші құқығына» айналдыру үшін сапалы тұрақты даму бағытында жұмыс істеуі керек. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қорлары (КӘЖ) Денсаулық сақтау инфрақұрылымын жақсарту, вакциналарға қол жеткізу, сондай-ақ COVID-19 бен климаттың өзгеруінің кері салдарларын азайтуға бағытталуы қажет. Үндістан үкіметі COVID-19 зардабымен күресу үшін денсаулық сақтау бюджетіне бөлінетін қаражатты қазіргі 1%-дан ЖІӨ-нің кем дегенде 5%-на дейін арттырғаны жөн. Біздің ұйым жұмыс істейтін өзін-өзі қолдау топтарындағы әйелдердің пікірінше, үкімет оларға «қауіпсіз өмір сүру орны, негізгі қажеттіліктерге қол жетімділігі және жедел қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін төтенше жағдайларды қамтамасыз етуі» керек. ■

Хаттарды Э.Венкат Рамнайяға <vedvon@yahoo.co.in> және Виха Эмандиге <viha.emandi@gmail.com> жолдауға болады.

> Іргелі экономика — әлеуметтік жаңарудың кілті

Жули Фруд, Манчестер университеті, Ұлыбритания, Іргелі экономика ұжымы үшін



Басым көпшілігі тұрақсыз ахуал кезінде төмен еңбекақы алатынына және жұмыс жасайтынына, сонымен қатар COVID-19 байланысты жаңа тәуекелдерге баруға мәжбүр болатынына қарамастан, «маңызды қызметкер» деген топқа корона дағдарысы тұсында жиі алғыс айтылды. Ұсынған: [Flickr/Creative Commons](#).

Қазіргі пандемия – қауіпсіз және өркениетті өмір сүруді қамтамасыз ететін тұтынылатын тауар және қызметтер сипаттайтын іргелі экономиканың маңыздылығын көрсетуші фактор. Бұған коммуналдық қызметтерді тұтынуға қажетті құбырлар мен кабелдік желілер инфрақұрылымы, сондай-ақ денсаулық сақтау, білім және әлеуметтік қолдау салаларындағы провиденциалды¹ қызметтер кешені кіреді². Егер де қолайсыздық немесе елеулі қауіп төндіретін үлкен қателіктер орын алмаса, қызметтерді де, оларды көрсетумен айналысатын жұмысшылардың да рөлін жете бағаламай, оны қоғам үшін қалыпты деп қабылдауға бейімділік бар. COVID-19 кезінде көптеген азаматтар азық-түлік тарату жүйелері тұрақсыз екендігін түсінді, мысалы, электр қуатының үзілуі немесе құрғақшылық тұрақты электр немесе суға деген тәуелділігімізді еске салады. Пандемия бізге «маңызды жұмысшылар» немесе «негізгі жұмысшылар» деген терминді ұсынып отыр, бұл – дағдарыс кезінде күнделікті инфрақұрылымды қамтамасыз ету үшін «жұмысқа баруды» жалғастыратын адамдар. Сонымен бірге, осы маңызды жұмысшыларға көп жағдайда аз жалақы төленетіндігі, қауіпті жұмыс жағдайында қызмет ететіндігі және олардың COVID-19-бен байланысты жаңа тәуекелдерге ұшырағандығы анық.

Іргелі экономиканың сыни сипатын ескеруден басқа, дағдарыс ұжымдық ұйымның, қамтамасыз етудің және кейбір жағдайларда тұтынудың маңыздылығын айқындады. Тіпті табысы жоғары адамдардың өздері әлі де көлік қызметтерінің немесе ауруханалардағы қарқынды терапияның сапасына тәуелді екендігі, жоғары табыс жедел Wi-Fi сигналына, таза ауаға немесе сапалы қоғамдық саябақтарға кепілдік бере алмайтындығына көз жеткізілді. Сол сияқты, пандемия жағдайында жеке қауіпсіздігіміз бүкіл әлемдегі медициналық қызметтердің сапасы мен көлеміне байланысты. Мұның бәрі жақсы өмір сүруге ықпал ететін құндылықтардың басым бөлігін көрсетпейтін және көбінесе маңызды жұмыстарды орындаумен айналысатын жұмысшылардың рөлін

>>

ескермейтін экономикалық жағдайдың стандартты көрсеткіштерінің (мысалы, жан басына шаққандағы ЖІӨ) шектеулі мүмкіндіктерін көрсетеді.

> Ресурстар мен инфрақұрылымды жаңарту

Осы материалдық және провиденциалды қызметтердің маңыздылығын мойындау бүгінгі таңда ұсынылатын мүмкіндіктерді нақты түсінуді қажет етеді. Қысқасы, саясат пен іргелі экономикаға саяси бағдар беру арқылы қазіргі және болашақ ұрпақтардың жоғары әл-ауқатын қамтамасыз етудің қос міндеті бар. Негізгі қызметтерді ұсынудағы кемшіліктер көптеген елдерде COVID-19 басталғанға дейін байқалған еді. Ол жеткіліксіз инвестициялау, жекешелендіру, маркетинг және қаржыландырудың үйлесімімен сипатталады. Көз алдымызда құлдыраған инфрақұрылым, қартаюшы қоғамдардағы қаржылық дефицит, халықтың сапалы жаңа азық-түлікке қолжетімділігін төмендеткен «азық түлік жұтандығы»: мұның барлығы – халықтың әл-ауқатын жақсарту алатын базалық қамтамасыз ету саласындағы іріліктер мысалы.

Көбіне заманауи ұрпақтың әл-ауқаты үшін іргелі жаңару капиталды қаржыландыру үшін де, табысты қаржыландыру үшін де қосымша инвестициялауды қажет етеді. Тіпті Германия сияқты табысы жоғары елдерде де көлік және білім беру инфрақұрылымының нашарлауы қызу пікірталас тудырады. Алайда, қаржыландырудың өзі барлық мәселені шеше алмайды, себебі мәселелер астарында ұйымдастыру және қызмет көрсетудің төмен сапасы да жатқаны анық. Бұл жаңару процесі қаржыландырумен қатар тиімсіз бизнес-моделдердің реформасын да қамтуы керек екендігін көрсетеді. Мысалы, жеткіліксіз қаржыландырылатын егде жастағы немесе осал топтарды күту жүйесі олардың саны өсуіне байланысты денсаулығы мен әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін көбірек ресурстарды қажет етеді. Алайда, егер күтім қызметін көрсететін жеткізушілер жеке капиталға немесе меншіктің басқа түрлеріне тиесілі болса, қосымша қаржыландыру көп жұмысшылар жалдауға немесе күтімді жақсартуға емес, пайданы көбейтуге бағытталуы мүмкін. Немесе, егер көмек көрсету жүйесі ірі бюрократиялық институттың аясында орналасса, онда қосымша ресурстар көмек көрсетуді басымдық етуге және мүдделі тараптарға көбірек құқық беру негізінде іске асырылатын реформамен біріктірілуі тиіс.

Инфрақұрылым мен қызметтерді қалпына келтіру арқылы халыққа көрсетілетін қызметтерді жақсарту отырып, түбегейлі жаңарудың саяси міндеті климаттық және табиғи дағдарыстарды шешуді, сондай-ақ болашақ ұрпақтың әл-ауқатын қамтамасыз етуді қамтиды³. Мысалы, қалдықтардың нөлдік көрсеткіштеріне қол жеткізу тұрғын үй, көлік және азық-түлік⁴ сияқты ірі

экономикалық қызмет түрлерінен айтарлықтай үлес қосуды қажет етеді. Бұл өте маңызды болғандықтан, қалдықтарды азайту олардан бас тартудың нәтижесінде болмайды, бірақ жаңа ережелер мен мінез-құлықтың өзгеруімен көтермеленетін өндіріс пен тұтынудың өзгеруі нәтижесінде қол жеткізуге болады. Бұған қолданыстағы ғимараттарды энергия үнемдейтін етіп салу мен модернизациялаудың әртүрлі әдістері, тұтынылатын тамақ құрамындағы өзгерістер және жеке көлік құралдарын белсенді саяхат пен қоғамдық көліктермен алмастыру кіруі мүмкін.

> Мемлекеттің нақты рөлі

Осы жаңару процестерінде мемлекеттің нақты рөлі бар. Көптеген негізгі қызметтерді белгілі бір дәрежеде мемлекет қамтамасыз етеді және/немесе қаржыландырады, сонымен қатар күнделікті өмірдің осы инфрақұрылымдарына қол жеткізу арқылы қамтамасыз етілген әлеуметтік азаматтық есеп беретін және жауап беретін мемлекетті қажет етеді. Су және канализация жүйелері, электр желілері немесе мемлекеттік ауруханалар сияқты көптеген бастапқы инфрақұрылымдар «жоғарыдан төменге» жоспарлау және жобалау арқылы жасалды. Жаңа инфрақұрылымдарды жаңарту және құру азаматтардың белсенді қатысуын қамтамасыз етуі керек, әсіресе ымыра бар жерде (мысалы, климаттың өзгеруі немесе бюджеттік жұмыс) немесе жергілікті қоғамдастық немесе тәжірибеге негізделген ұйымдар мұны қалай жасау керектігін білсе - мысалы, қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік көрсеткіштерді жақсарту.

Іргелі экономиканың жаңаруы - жалпыға бірдей негізгі табысты немесе жалпыға бірдей негізгі қызметтерді қамтамасыз етуге ықпал ететін басқа да стратегиялар үшін маңызды алғышарт. Азаматтарға тек қолма-қол ақша беру әл-ауқатты қамтамасыз етпейді, өйткені өмір сапасы денсаулық сақтау, кең жолақты байланыс, әлеуметтік тұрғын үй, интеграцияланған және қол жетімді қоғамдық көлік, жасыл желектер сияқты ортақ қызметтерге қол жетімділікке байланысты. Егер пандемиядан елеулі мұра қалуы керек болса, оған әлеуметтік және экологиялық тұрғыдан тұрақты өмір сүруге қабілеттілікті арттыра-тын іргелі экономиканы жаңарту кіруі тиіс. ■

Хаттарды Жули Фроудқа <julie.froud@manchester.ac.uk> жолдауға болады.

1. Мұнда «провиденциалды» термині болашақ қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін «алдын ала ойлау» мағынасында қолданылады. Бұл термин болашақта аурудың шығындарын төлеу адамдарға ақшаны үнемдеуге мүмкіндік беру үшін құрылған провидентті қоғамдармен үндеседі. Термин мемлекеттік және әлеуметтік қызметтерді қамтиды.
2. Толық ақпарат үшін: <https://foundationaleconomy.com/introduction/>.
3. Толық ақпарат үшін: <https://foundationaleconomy.com.files.wordpress.com/2021/01/fe-wp8-meeting-social-needs-on-a-damaged-planet.pdf>.
4. Мысалы, Стокгольм институтының бағалауы бойынша, Уэльстегі экологиялық салдар 59% тамақпен (28%), тұрғын үймен (20%) және көлікпен (11%) байланысты болуы мүмкін. <https://gov.wales/sites/default/files/publications/2019-04/ecological-and-carbon-footprint-of-wales-report.pdf>.

> Болашаққа сай экономикалар және мемлекет

Андреас Нови және Ричард Бернталер, Вена экономика және бизнес университеті, Аустрия

Терең сілкіністер кезінде өмір сүріп жатқанымыз бәріне белгілі. ХХІ ғасырда түбегейлі өзгерістер орын алады ма, әлде жоқ па деген сұрақтың орнына бізді бұл өзгерістер қалай жүзеге асады – қазіргі пандемия кезінде бастан шегіп жатқандай бей-берекет өзгеріс пе әлде ұжымдық өзгеріс пе деген сұрақ толғандырады. Соңғысы екі алғышартқа байланысты: экономиканы қайта пайымдау мен қоғамдық және демократиялық институттарды нығайту.

> ХХ ғасырдағы экономикалық ойдың шегі

Соңғы онжылдықтарда ХІХ ғасырда үстемдік еткен нарықтық-либералды ой қайта өрлеу дәуірін бастан кешті. Көбінесе, неолиберализм деп сынға алынып, саяси оймен ұштаса жүріп, оңшыл идеологиядан тыс әрекет ете бастады. (Эко)тиімділікті арттыру және шектеулі ресурстарды бөлуді оңтайландырудағы нарықтың басым қырлары Еуроодақ пен АҚШ-тың экономикалық саясатын анықтаушы догмаға айналды. Алайда, нарықтарды оңтайландыру бізді планетарлық шекараларда ұстап тұру үшін жеткіліксіз – тек жасыл өсім (экономикалық өсім мен экологиялық қысым арасындағы абсолютті тәуелділіктің болмауына байланысты іс жүзінде жасыл емес) тұтынудың ұлғаюы арқылы тиімділіктің өсуін өтейтіндігімен ғана емес, сонымен қатар нарықтық либерализм тұрақсыз рәсімдерді, тәжірибелер мен әдеттерді елемегендігімен байланысты. Білімді және ұтымды тұтынушылардың климаттық дағдарыстан «құтқару» қабілеті діни сенімге айналды. Нарықтың шешімдердің бұндай басымдығы тұтынуға деген қолжетімділіктің әркелкілігіне ғана емес, сонымен бірге демократияға да қауіп төндіруде. Нарықтық либерализм жағдайында мемлекет әлсіз де емес, laissez-faire-мен де шектелмейді, бірақ келісімшарттардың орындалуын қамтамасыз ету және жеке меншік құқығын қорғау үшін күшті өкілеттіктерге ие. Дегенмен, меншік құқығы коммерциялық корпорацияларда шоғырланған әлемде либералды нарықтық мемлекет жаңа, демократиялық емес және тең емес билік құрылымдарын құрды. Көпұлтты корпорациялар қоғам мен қоршаған ортаға теріс әсер ететін маңызды шешімдер қабылдайтын әлемдік көшбасшыларға айналды. Олар сонымен қатар бұл экстернализацияны акционерлердің жеке пайдасына да айналдыру мүмкіндігіне ие болды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, Жаһандық Солтүстікте де, Жаһандық Оңтүстіктегі дамушы елдерде де

жалпыға бірдей игілікті көздейтін капитализмге негізделген «соғыстан кейінгі консенсус» орнықты. Инфрақұрылымды қамтамасыз ету мемлекеттік органдардың негізгі міндетіне айналды. Бұл міндет денсаулық сақтау мен білімге деген қолжетімділікті арттырудан бастап, энергиямен қамтамасыз етуді, тұрғын үй мен көлікті едәуір муниципалдандыруға немесе ұлттандыруға дейін қамтыды. Құралдардың неғұрлым кең жиынтығы – макроэкономикалық интервенциялар, нарық ауқымдығын шектеу және қайта бөлу шаралары - Батыс Еуропа мен Солтүстік Американың өркендеуіне, сондай-ақ Жаһандық Оңтүстікте ұлттық дамуға ықпалын тигізген көптеген экономикалық институттардың құрылуына әкелді. Бұл экономикалық ымыра ХХ ғасырдың аяғында академиялық орта мен саясатта үлкен сәтсіздіктерге тап болғанымен, 2008 жылғы Ұлы қаржылық дағдарыстан кейін өзінің ықпалын қалпына келтіре бастады. 21 ғасырдағы жалпыға бірдей игілікті көздейтін капитализмнің нұсқасы экологиялық жаңғыртуға ықпал ете отырып және мемлекеттің инновациялық және өнеркәсіптік саясаттағы неғұрлым белсенді рөлін мойындап, әлеуметтік-экологиялық қайта құруға сындарлы әдісті көрсетеді. Соған қарамастан, қазіргі капитализм пайданы арттыру, өсім және тұтынушылық ғадет өміріміздің негізін қалай анықтайдындығын ескермейді. Бұның нәтижесі теңсіздік пен климаттық апат сияқты дағдарыстардың сақталуы мен күшеюіне әкелуде. Сонымен қатар, аумақтық ұйымдасқан «жалпыға бірдей игілікті көздейтін және реттеу мемлекетінің» тиімділігі керісінше, экономиканың аумақсыздануымен әлсіреуде, бұл процесс трансұлттық корпорацияларға ұлттық заңдардан аулақ болуға және байлықты өз қолында шоғырландыруға мүмкіндік берді.

> Қалыптасушы негіз

Дағдарыстардың өршуі жағдайында экономикалық ойдың үшінші бағыты пайда болды. Бұл Маркс, Кейнс, Бродель, феминистік экономика және Іргелі экономика ұжымының идеяларын қамтиды: (i) күнделікті іс-әрекеттің негізгі экономикалық алаңдары, оның ішінде экзистенциялық және жергілікті қамтамасыз ету, сондай-ақ ақы төленбейтін күтім жұмыстары; (ii) құнды қалыптастырушы нарықтық экономика, оның ішінде жергілікті қосымша қамтасыз ету және экспортқа бағытталған қызмет; және (iii) құнды бағалауға негізделген рантье экономикасы. Карл Поланидің экономиканы тіршілік етуді ұйымдастыратын жүйе ретінде түсінуі әлеуметтік-экологиялық қайта құру мәселелерін шешуге, негізгі экономиканы (жоғары

“Болашақтың талаптарына сәйкес болатын экономиканы құру экономикалық деглобализация арқылы өзін-өзі анықтаудың өзара байланысты аумақтық нысандарын жүзеге асыру үшін құқықтарды кеңейту мен әртүрлі саяси реформаларды қамтитын стратегияны талап етеді”

басымдық) кеңейту және нығайту қажеттілігін, сондай-ақ жергілікті қамтамасыз етуді (Екінші басымдық), экспортқа бағытталған нарықтық экономиканы қайта құруды және рантье экономикасын қысқартуды баса көрсетеді.

Планетарлық шекаралардағы барлық адамдар үшін жақсы өмірді тек капиталистік өндіріс пен өмір сүру тәсілдеріне көшу арқылы жүзеге асыруға болатындығын мойындай отырып, бұл тәсілде қажетті өзгерістерді демократиялық жолмен қалай жүзеге асыру стратегиясы көрсетілмеген. Бұл идеологияның кейбір жақтастары мемлекеттің рөлін елемей, артықшылықты бұқаралық қозғалыстар мен азаматтық қоғамның белсенділігіне береді. Бұл артықшылық либералды анти-мемлекеттілік пен саяси фатализмді күшейтеді және соңғы онжылдықтардағы негізгі постсаяси саясатты тұтастай мемлекетпен біріктіреді. Алайда, бірқатар авторитарлық үкіметтердің пайда болуы мемлекеттік институттардың әлеуетті күшін көрсетеді. Бұған қазіргі Бразилия, Үндістан немесе Қытай болсын, олардың ешқайсысы үлгі бола алмаса да, олар муниципалды мемлекет, ұлттық мемлекет немесе еуропалық мемлекет болсын мемлекетке аумақтық егемендігі бар шекаралық юрисдикциялық субъект ретінде тән мүмкіндіктерді көрсетеді. Мемлекеттердің заңшығарушы институт ретіндегі монополиясын мойындамау бұл тек аңғалдық пен қауіпті ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің бұл гегемониясына қарсы әлеуетті жобалар есебінен саясаттың тұзағында қалуына әкеліп соғуы мүмкін.

> Капиталистік емес мемлекеттік институттарға қажеттілік

Болашақтың талаптарына сәйкес болатын экономиканы құру экономикалық деглобализация арқылы өзін-өзі анықтаудың өзара байланысты аумақтық нысандарын жүзеге асыру үшін құқықтарды кеңейту мен әртүрлі саяси реформаларды қамтитын (мысалы, қала, аймақ, ұлт және басқалар) стратегияны талап етеді. Мемлекеттік және демократиялық институттардың көмегімен аумақты басқаратын мемлекеттер ұлттық мемлекетке де, орталықтандырылған бюрократияға да айналмағаны дұрыс. Инновациялық мемлекеттік институттар децентрализацияланған болуы керек және бұлар демократиялық институттарды, сондай-ақ қоғамдық өмірдің басқа да еркін құрылымдарын, мысалы, еркін еңбек ретінде қорғауға бағытталуы тиіс. Бірақ, сыни саяси экономия капитализм кезіндегі осындай прогресшіл мемлекеттік биліктің шегін аттап өтіп, капитализм жағдайындағы мемлекет капиталистік мемлекет екенін талап етті.

Біз мемлекеттік және демократиялық мемлекеттік институттар капитализмнен тыс экономикалық жүйелерде ғана өркендей алады дегенге келісеміз. Алайда, капиталистік емес аймақтар әрқашан капитализм аясында болғандықтан, капиталистік емес мемлекеттік институттар (кооперативтер, жергілікті компаниялар немесе мемлекеттік зейнетақы жүйелері болсын) да капитализм аясында өмір сүре алады. Ал, капитализм негізгі экономикалық аймақтарға (әсіресе қамқорлық пен инфрақұрылымға) тәуелді болғандықтан, капиталистік емес мемлекеттік институттар капитализмнің заңдылығы мен тиімділігінің сақталуын қамтамасыз етеді. Капитализм өзін-өзі терістеуге тәуелді болғандықтан, мемлекеттік институттар барлық тұрғындардың өркениетті өмірін қамтамасыз ететін негізгі экономикалық аймақтарды нығайта алады. Ұжымдық қамтамасыз етудің жүйелеріне барлығына тең қолжетімділік (күтім, денсаулық сақтау, білім, тұрғын үй, мобилдік) тұрақсыз қызмет түрлерін (мысалы, қысқа қашықтыққа ұшуға тыйым салу) жоюмен және әлеуметтік-экономикалық әмбебаптылықты қамтамасыз ету үшін тұрақты экономикалық қызметке инвестиция жасау (мысалы, субсидиялар, тура инвестициялау, салықтандыру, әлеуметтік лицензиялар, қайта даярлау бағдарламалары) арқылы мүмкін. Жақын болашақта осы неолиберализмнен шығу - капитализм шеңберінде жасыл, капиталистік емес мемлекеттік формаларды нығайтудың өміршен стратегиясы.

Дегенмен, ұзақ мерзімді перспективада капиталистік өндіріс әдісі планетарлық шекаралардағы барлық адамдар үшін жақсы өмірмен үйлеспейді. Демек, капитализм шеңберінен шығу үшін мемлекеттің жаңа формалары капиталды көбейту үшін олардың функцияларынан тыс өмірдің декоммодификацияланған салалары айналасында дамуы керек. Бұл инвестициялар мен инфрақұрылымды пайдаланудың әлеуметтендірілген жүйелері мен еңбек нарығындағы табысқа деген тәуелділіктің бәсеңдеуіне әкелетін азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы трансформацияланған қарым-қатынасты білдіруі мүмкін. Әл-ауқат деңгейін жоғарылату жалақыны көбейтудің орнына бос уақыттың көбеюіне әкеледі, қоғамдық тауарларға деген қолжетімділік жеке меншікке қарағанда, қолайлы, ал өмір сүру құнын төмендету (мысалы, қолжетімді қоғамдық инфрақұрылым және тұрғын үй) сатып алу қабілетін арттырудан басым болады. ■

Хаттарды Андреас Новиге <Andreas.novy@wu.ac.at> және Ричард Бернталерге <richard.baerenthaler@wu.ac.at>.

> COVID-19: Мемлекет пен экономиканың жаңа қырлары

Боб Жессоп, Ланкастер университеті, Ұлыбритания

СОVID-19 пандемиясының маңыздылығы туралы түсінік әлі де толық қалыптасқан жоқ. Пандемия бітіп, вирус жойылмай, қандай шаралар жақсы нәтиже бергендігін біле алмаймыз. Дегенмен, қазірдің өзінде кейбір мемлекеттер аурудың таралу жағдайын бақылауға алып, артық өлімді азайтуға қол жеткізгендері анық. Сондай-ақ, пандемия өзара көмек пен жеке бизнесті қолдауға бағытталған мемлекеттік интервенцияның жаңа артикуляциясын қалыптастырды. Бұл мақала коронавирустық пандемияның дәл осы қырын сараптайды.

Пандемияны жаһандық дағдарыс ретінде қарастыруға болады. Дағдарыстар, әдетте, теориялық және саяси парадигмаларға, сондай-ақ күнделікті өмірге күмән келтіріп, әлем және әлемде қалай «өмір сүру» туралы жалпы қабылданған түсініктерді бұзады. Пандемиялардың ықтимал қауіп ретінде танылғанына біраз болса да, COVID-19 дағдарысы бастапқыда адамзатқа анағұрлым қауіпті экзогенді, күтпеген шок деп қабылданды. Бұл халықты қорғау қауіпсіздігі туралы биосаяси дискурстарда және ішкі қауіптерге (мысалы, еңбек мигранттары, сығандар) қарсы қызуқанды дискурста көрініс тапты. Керісінше, пандемия дағдарысын капиталистік ауылшаруашылығының табиғи әлемге енуі мен аурудың жануардан адамға өтуіне мүмкіндік туғызған жағдаймен түсіндіруге болады. Сонымен қатар, COVID-19 таралуы - бір елден екінші елге және бір құрылықтан екінші құрылыққа оңай көшуге мүмкіндік берген жаһандық сауда мен халықаралық саяхатпен байланысты. Алайда, пандемияның таралуы біркелкі емес: әртүрлі саяси режимдер оны биосаяси қауіпсіздікке, ішкі жаулардан қорғауға немесе денсаулыққа басымдық бере отырып, әртүрлі түсіндіреді.

> Ұлыбританияның әлсіз реакциясын түсіндіру

Осы мақалада тиімділіктің төмендігі, неолибералды дискурс түсіндіретіндей, мемлекеттік құрылыстың «жаһанданудың» «императивтеріне» неғұрлым тіке және ұзақ бағынуының нәтижесі болуы мүмкін Еуропа мен Солтүстік Америкаға басты назар аударылады. Бұл стратегия қоғамдағы «сенімсіздікті» тереңдей түскен байлар мен кедейлер арасындағы теңсіздік және

таптық жіктелумен сипатталатын күнделікті өмірдің қаржыландыруын күшейтудің тәртіптік құралы ретінде алға тартады. Сондай-ақ, бұл жалпыға бірдей игілікті көздейтін мемлекеттен мәжбүрлі жұмыс режиміне, әсіресе АҚШ-та түрмеге қамалу мүмкіндігіне көшуді тездетеді. Неолиберализм нарықтық күштерге басымдық беріп, оларды кеңейту үшін мемлекеттік билікті пайдаланады. COVID-19, керісінше, мемлекетке шешуші ойыншы ретінде, жеке мен мемлекеттік сектордың серіктестігі және сөзсіз ынтымақтастыққа (өзара көмек) басымдық беріп, қамқор қоғамды жандандырады.

Ұлыбритания – ұйымдық тұрғыда бөлшектенген, орталықтандырылмаған және өзара үйлесімі әлсіз мемлекеттік және жеке құрылымдардың жиынтығы ретінде пандемияға нашар дайындалған неолибералды саяси режим. Сондай-ақ, Үкіметтің басты назары Brexit саясатын жүзеге асыру қажеттілігіне бөлінді, себебі жаңа премьер-министр өзінің қоғамдағы рейтингіне алаңдаумен болды. Ал британдық денсаулық сақтау жүйесі пандемияға тіпті дайын емес еді. Денсаулық сақтау саласына жұмсалатын шығын 2009-2018 жылдар аралығында орташа есеппен 1,2% төмендеді, ол денсаулық сақтау қажеттіліктерінің өсу қарқынына ілесе алмады. Ауруханаларда 40 000-нан астам медбике, 2500 жалпы тәжірибе дәрігері мен 9000 дәрігер, сондай-ақ реанимациялық құрал-жабдықтар жетіспеді.

Алдыңғы үкіметтер денсаулық сақтау және вентиляторлар мен жеке қорғаныс құралдарымен қоса әлеуметтік күтім инфрақұрылымының нашарлығын, жұмысшылар мен маргиналды топтардың тұрақсыздығын ескермеген пандемия стратегиясының негізінен технократиялық жоспарын дайындады. 2011 жылғы Тұмау пандемиясына дайындықты қамтамасыз ету стратегиясын пайымдай отырып, Ұлыбритания үкіметінің саясаты Төтенше жағдайлар жөніндегі ғылыми кеңес беру тобы ұсынған «ғылымды ұстану» жолын таңдады. Алайда, ғылым тұмау індетіне ұқсастықтан туған қате тұжырымға сүйене отырып, вирус табиғи сұрыптау жолымен қосымша 250 000 адам шығынын (егде жастағы адамдар қайтыс болады, ал науқастар қарттар үйлеріне орналастырылады) алып келеді деген болжамға жол ашты. Қоғамдық пікір мұны қолдамаған кезде, Үкімет

>>

“Пандемия өзара көмек пен жеке бизнесті қолдауға бағытталған мемлекеттік интервенцияның жаңа артикуляциясын қалыптастырды”

вирустың таралу қарқынын баяулату үшін індеттің таралуы кестесін түзетуге тырысты, содан кейін кейбір өзгерістермен ұлттық стратегияларды тағайындады. Осыдан кейін оқшаулаудың тым кеш қабылданған әр үрлі деңгейлері енгізілді. Шынында да, науқастарға төленетін жалақының аздығы себебінен қаржылық жағынан осал топтардағылар, денсаулығы нашарласа да жұмысын жалғастыруға мәжбүр болды. Бұл індеттің тез таралуына және өлім-жітімнің жоғары деңгейде сақталуына ықпал етті.

Үкімет тиімді жұмыс жасайтын «тестілеу-бақылау-оқшаулау» жүйесін құра алмады және жеке сектор алдындағы әлсіздігіне байланысты жергілікті қызметтер мен ұлттық агенттіктерді өзара бірлесе тез іс-қимыл жасауға жұмылдыра алмады. Белгілі бір елдерден оралған саяхатшыларды қоспағанда, адамдарды оқшаулау немесе карантинге жіберу бойынша жүйелі жұмыс іске асырылған жоқ. Ұлыбританияда коронавирусты тестілеу басқа елдердегідей (мысалы, Германия, Ирландия және Оңтүстік Корея) тиісті медициналық бақылаусыз, қалыпты NHS (ҰДСҚ) құрылымдарынан тыс жүргізіледі. Дегенмен, вакцинация саясаты денсаулық сақтау қызметі арқылы жақсы деңгейде жүргізілді.

COVID-19-ға жауап ретінде Ұлыбритания үкіметі басымдықты денсаулыққа емес, экономикаға берді. Бұның нәтижесі күткендей болмады. Шынтуайтына келгенде, денсаулықты сақтауға басымдық беру экономиканы қорғау үшін тиімдірек. АҚШ, Ұлыбритания, Швеция және Бразилия үкіметтері бастапқыда COVID-19-дың тажал табиғатын мойындаудан және халықтың өмірін қорғауға мән беруден бас тартты. Ірі бизнесті аман сақтап қалу маңызды болып көрінді. Осы қадам үкіметтің елде

карантин мен оқшаулану шараларын кеш енгізуіне әкеліп соқты, әлбетте бұл індеттің таралу қарқынын төмендеткен жоқ. Кейін орын алған оқшаулау шараларының әлсіреуі аурудың таралу қарқынын қайта өршітті.

> Мемлекеттің табысты шаралары

COVID-19 жаһандық пандемия болғанына қарамастан, ғалымдар мен саясаткерлер арасында үйлесімді іс-әрекет жеткіліксіз. Дамыған капиталистік қоғамдарда пандемия мен вакцинацияға қатысты ұлтшыл шешімдердің басымдығы және жаһандық вакцинацияны үйлестіруге мардымсыз күш пен қаражат бөлініп отырғаны байқалады. Бұл әсіресе, Жаһандық Солтүстіктің пандемия тек Жаһандық Оңтүстікке ғана ықпал етеді деп күтуінен көрінді. Дегенмен, мемлекеттің демократиялық немесе авторитарлық, арал немесе континенттік, конфуцийлік немесе буддалық, қауымдастық немесе индивидуалистік, Шығыс Азия, Оңтүстік-Шығыс Азия немесе Аустралия болғанына қарамастан, кез-келген еуропалық немесе Солтүстік америкалық мемлекетке қарағанда, COVID-19-ды жақсы еңсере алады. Жаңа Зеландияда, Сингапурда, Вьетнамда, Тайванда және Аустралиядағы мемлекеттің күшті шарасы, амалсыз өлімге негізделген ұжымдық иммунитет немесе кең вакцинациялау саясатына қарағанда, тиімдірек. Біз COVID-19-дан кейінгі тергеу неолибералдық реакцияны сынға алып, үкіметтің тиімді әрекеті арқылы жүзеге асатын қоғамдық денсаулық сақтау мен күтім инфрақұрылымына қомақты инвестицияларды ұсынады деп сене аламыз. ■

Хаттарды Боб Жессопқа <b.jessop@lancaster.ac.uk> жолдауға болады.

> Левиафан оралды!

Корона мемлекеті және әлеуметтану

Клаус Дёрре және Уалид Ыбрахим, Фридрих Шиллер атындағы Йен университеті, Германия



Германия, Эрфурттағы екпе орталығы. «Корона мемлекеттің» қамқорлығы ма әлде экономиканы қалпына келтіретін қажеттілік пе? Ұсынған: Уалид Ыбрахим.

Левиафан оралды! Қазіргі уақытта Корона пандемиясы салдарынан әлемнің кейбір бөліктеріндегі жағдайды осылай қорытындыласа болады. Томас Гоббс өзінің Левиафан немесе мемлекеттің материясы, шіркеулік және азаматтық ынтымақтастықтың қалпы және күші атты еңбегінде заманауи мемлекеттің қарама-қайшы табиғатын көрсету үшін теңіз құбыжығы аналогиясын пайдаланды. Неолиберализм дәуірінде Левиафан шегініп бара жатқандай көрінді. Бұл, әрине, ешқашан шынайы болған емес, өйткені тіпті Чилиде тек озбыр мемлекет қана Chicago Boys радикалды нарықтық экспериментінің жүзеге асуына мүмкіндік тудырды. Дегенмен, әлеуметтанулық әлеуметтік сын бәрінен бұрын нарықтық сынды білдірді. Карл Поланидің бастапқыда нарықтардың бөлшектенуін білдірген қосарлы қозғалыстың негізгі ғылыми куәгері болуы кездейсоқтық емес еді. Корона пандемиясынан кейін маятник кері бұрылды. Пандемиямен күресу мақсатындағы төтенше жағдай және сонымен қатар қорғауды және қажет болған жағдайда экономиканы қалпына келтіруге триллион доллар инвестицияны өздеріне қабылдай алатын елдер мен аймақтар үшін экономикалық интервенциялық мемлекет ретінде Левиафан араласады.

> Корона мемлекетін бағалау

Бұл жағдайды қалай бағалау керек? Жүйе теоретиктері абыржу үстінде, себебі олар әрбір әлеуметтік жүйе бөлігіне тиімді араласатын мемлекеттік субъектінің бар екенін жоққа шығарды. Кейнсиандық экономистер қуанады, өйткені мемлекеттік қарыз қазіргі кезде экономиканы ынталандыратын ең қолайлы тәсіл. Либералдық тілшілер, керісінше, «Корона мемлекеті» сансыз бұғаттау мен өшіріп тастау кезінде тоқтайтын негізгі құқықтарға алаңдаушылық білдіреді. Сонымен, біз осы жаңа мемлекеттік интервенционизмді қалай бағалауға тиістіміз? Біз алдын-ала жауап ретінде мемлекеттің интервенциясы «жаңа келбеті бар капитализмнің» кіндік шешесі бола алады деген тезис ұсынуға тәуекел етеміз. Алайда, Корона мемлекеті гибриді, өйткені ол пандемия мен рецессияға мемлекет қызметінің бір-бірімен әлсіз байланысқан екі түрлі принциптегі әртүрлі нұсқаларымен жауап береді. COVID-19-бен күресу үшін төтенше жағдай қолданылады, ол бір жағынан конституция аясында жұмыс істейді, ал екінші жағынан негізгі құқықтарды уақытша тоқтата отырып, конституцияның күшін жояды. Төтенше жағдайды заңдастырудың жалғыз

жолы - пандемиямен күрес. Мемлекет аурудың тез таралуын болдырмау үшін міндетті әлеуметтік арақашықтық ережелерін енгізеді. Ол медициналық апатқа осылайша жауап береді; алайда пандемияны басқару мүмкін бола бастаған кезде, ол заңдылығын жоғалтады. Қазіргі жағдайда кейбір талдаушылар құптайтын барлық үрдістер, ерекшеліктер - күнделікті өмірдің тоқырауы, тұтынудан, саяхаттан бас тарту, өзіне және өзгелерге қамқорлық жасауға уақыт бөлу - пандемия аяқталғаннан кейін тек ерікті түрде сақталуы мүмкін. COVID-19-ға дейінгі қалыпты жағдайды қалпына келтіруге деген айқын ұмтылыс мұндай талдаулардың шындықтан қаншалықты алыс екенін көрсетеді.

Экономикалық интервенциялық мемлекетті басқаша бағалау керек. Біртіндеп қатаң бюджеттік үнемділіктен, теңдестірілген бюджеттерден, “Schwarze Null”¹-дан бас тарту және үлкен активтер мен жоғары кірістерге салынатын салықтың жоғарылауы бұрынғы уақыттағы нарықтық радикализммен салыстырғанда прогресті білдіреді. Соған қарамастан, Корона мемлекеті БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) сәйкес келетін әлеуметтік-экологиялық қайта құрудың кепілі бола алмайды. Саяси-экономикалық тұрғыдан алғанда, ол жұқа мұздың үстіне түскендей, өйткені тіпті бай елдерде де өлшеусіз мемлекеттік қарыз орталық банктер мен қаржылық нарықтар оған жәрдем беріп отырғанша және төмен пайыздық мөлшерлемеге кепілдік бергенге дейін ғана жұмыс істейді. Жауапты мемлекеттік аппараттарға көбінесе экономикалық және өнеркәсіптік саясатта қиялдың болмауы тән екені осы жағдайды одан сайын күрделендіре түседі. Саналы түрде интервенцияға үйренгендер инвестициялар мен қайта құру бағдарламаларынан түсетін күтпеген табыстарды қалай жұмсау керектігін біле бермейді.

> Экономикалық интервенцияның шегі

Сол себепті Корона мемлекетінің экологиялық тұрақты ықпалына үлкен үміт артуға болмайды. Интервенциялық экономикалық мемлекет экономикалық қызметтің қысқаруына тікелей қарсы тұруға бағытталған. Қарыз есебінен қаржыландырылатын қайта құру бағдарламаларының заңдылығы дамудың сәттілігімен өлшенеді. Бұл тұрғыда Корона мемлекеті — қосарлы болмыс. Экономикалық интервенцияны жақтайтын мемлекет өзіне тең емес сыңары — төтенше пандемия қалыптастырған жағдайды қабылдауы керек. Бұл ретте экологиялық тұрақтылық мақсаттары екінші орынға жылжиды.

Климаттың өзгеруі — ойлантатын сабақ. Тек бір қарағанда COVID-19 экологиялық тұрғыда пайдалы тәрізді. 2007 жылғы апат сияқты, оқшаулану мен экономикалық дағдарыс «апат есебінен қысқаруға» жол ашады. Шектелген мобилдік пен уақытша өндірістік тоқырау көмірқышқыл газының ауаны ластауын соңғы онжылдықтарда болмаған деңгейге дейін азайтқаны рас. Бірақ экономиканың жандануымен ауаны ластайтын қалдықтар күтілген деңгейден де асып түсті. Халықаралық энергетикалық агенттіктің (ХЭА) есептеулері 2020 жылдың алғашқы үш айында бүкіл әлем бойынша қалдықтардың 5,8% төмендеуін растады; бұл

бүкіл Еуропалық Одақтың қалдықтарына тең. Бірақ 2020 жылдың сәуірінен бастап ғаламдық ластану қайтадан өсті; желтоқсанда олар алдындағы жылдың салыстырмалы айының деңгейінен жоғары болды. Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобы бақылауға келетін деп санайтын ғаламдық жылынудың 1,5 градус сценарийіне қол жеткізу үшін парниктік газдардың жаһандық қалдықтары жылына орта есеппен 7,6% азайтылуы керек, бірақ мұны тек уақытша бұғаттау кезінде ғана емес, үнемі жүзеге асырып отыру қажет. ХЭА 2019 жылы әлемдегі ғаламдық ластаудың ең жоғары шыңына жеткен тарихи көрсеткіштен асып кете ме деп қорқады. Қарыз деңгейінің жоғарылауы және салық түсімдерінің төмендеуі нәтижесінде барлық қоғамдар кездесетін қатаң үлестіру күрестері осы тенденцияны одан әрі күшейтуі мүмкін.

Қорытындылай келе, интервенциялық мемлекет Левиафан екеніне қарамастан, бұл құбыжық ықпалының пайдалы болу мүмкіндігін ескерген абзал. Ол адам өмірін экономикалық мүдделерден жоғары қоя отырып, өзінің ұлттық тұрғындарын қорғайды. Мұның екінші жағы - әрине, пандемиямен күресті империялық бақталастықтың нысанына айналдыруы. Тек жеткілікті вакциналары бар және вакцинациялау науқанын тез арада іске асыра алатын мемлекеттердің ғана экономиканы тез қалпына келтіруге мүмкіндігі болады. Нәтижесінде денсаулыққа төнетін жаһандық қауіп-қатер вакциналық ұлтшылдықпен бірігеді. Ынтымақтастықтың барлық көріністеріне қарамастан, 2021 жылдың көктеміндегі жағдай бойынша тек 10 елде вакциналардың 76% қамтамасыз етілді. Табысы төмен 85-ке жуық елде өз тұрғындарын иммундауды бастау бірнеше жылдарға созылуы мүмкін. Бұл вакциналарға төзімді болатын мутация қауіпін арттырады. Капиталистер үстемдікке не мемлекеттік жүйе вакциналарды қоғамдық игілік ретінде қарастыра алмайтыны және денсаулықты қорғаудың барлығына арналған тұрақты даму мақсатына (ТДМ 3) қол жеткізуге көмектеспейтіні анық. Осылайша, Корона мемлекеті өзінің басым түрінде әлеуметтік және экологиялық тұрақтылықтағы ілгерілеудің кепілінен басқаның барлығы бола алады. Бұл біз әлеуметтанулық талдау мен сынға алу үшін зерттеу тақырыбымызды қайта анықтауымыз керек дегенді білдіреді. Мемлекет тағы да әлеуметтанулық сараптаманың назарына айналуы тиіс. Корона мемлекетінің не екенін және оның қалай жұмыс істейтінін шынайы бағалау үшін бізге ірі, ғаламдық бағытталған, пәнаралық зерттеу бағдарламалары қажет. Халықаралық әлеуметтанулық қауымдастыққа бұл міндеттерді тез және табанды түрде шешетін кез келді. ■

Хаттарды Клаус Дёрре <klaus.doerre@uni-jena.de> және Уалид Ыбраһымға <walid.ibrahim@uni-jena.de> жолдауға болады.

1. “Schwarze Null,” бюджеттің теңгерімін білдіреді.

> COVID-19:

Германияда қауіпті жерлердің пайда болуы

Даниел Маллис, Франкфурт әлем проблемаларын зерттеу институты (PRIF), Германия



Қаңырап қалған өндірістік цех. Ұсынған: Даниел Маллис.

Розмари-Клэр Коллард биосаяси есептеулерді анықтай келе, «кімнің немесе қайсысының өмірі басқаруда немесе қауіпсіз» деп тұжырымдайды. Мишель Фукодан кейінгі биосаясат – халықтың әл-ауқатына қатысты саясат. Бұл «тірі қалдыру» және «өлімге жол беру» мүмкіндігі. Мэтью Ханна, Ян Саймон Хатта и Кристоф Шеманның пікірінше, мемлекеттің COVID-19-ға реакциясы «биосаяси термин халықтың «қайта биологизациясы» және барлығын қамтитын мүмкіндігінше көп адамның өмірін сақтап қалу қажеттілігімен» ақталды. Бірақ кейбір адамдардың өмірі басқаларға қарағанда көбірек маңызды екені сөзсіз. Бүкіл әлемде COVID-19-ді жұқтыру деңгейі тап, нәсіл және жынысы сияқты сипаттамаларға байланысты маргиналдану есебінен өсуде. Пандемияның өзінің анық географиясы бар, ол қоғамның ұмытылған жіктерін, мемлекет қауіпсіз етуге күш салмайтын жерлерді қамтиды. Мен Германиядағы мемлекеттік араласу (араласпау) саясатына аса назар аударатырып, осы дәлелге толық тоқталамын.

> Перифериялау

«Вирус шоғырланған жерден Сіз периферияны, қаланы және қоғамды таба аласыз», - деп тұжырымдайды Саманта Биллери, Лоренцо Де Видович және Роджер Кейл. Соңғысы өзінің 2021 жылғы қаңтар айының басындағы баяндамасында перифериялауға байланысты үш моделін анықтайды: кеңістіктік перифериялау заманауи қоғамдарда орталық емес жерлерді қамтиды; институттық перифериялау қоғамды адамды оқшаулау негізінде ұйымдастыратын мемлекетті басқарудың тәжірибесінен туындайды; ал әлеуметтік перифериялау қоғамды нәсіліне қарай бөлуге бағытталған – мен осы үлгіні нәсілді өлшеуге тапты және жынысты өлшеуді қоса отырып кеңейткім келеді.

Германиядағы COVID-19-дың таралу географиясына келетін болсақ, Роберт Кох институты көрсеткендей, 2020/21 жылдардың қысында өлім деңгейі әлеуметтік-экономикалық депривациясы төмен аймақтарға қарағанда, әлеуметтік-экономикалық депривацияланған аймақтарда шамамен 50-70% жоғары болды. Берлин, Бремен немесе Кельн сияқты қалалық аймақтардағы мәліметтер

>>

көрсеткендей, індет халықтың орналасу тығыздығы жоғары, адамдар төмен орташа табысқа ие және кедейліктің жоғары деңгейі орын алған аудандарда кеңінен таралған. Мемлекеттік интервенция (нон-интервенция) талқылау кезінде институттық перифериялау перифериялаудың үш моделінің ішінде аса маңыздысы. Бұл кедейлік өндірісінде, сонымен қатар кеңістіктік периферия өндірісінде айқын байқалады.

Бірінші модельге келетін болсақ, 2010 жылға арналған күн тәртібі деп танылған Германиядағы әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі реформасын жүзеге асыру негізінде кедейлік аса айқын көріне бастады. Атап айтқанда, төмен жалақы секторы енгізілді және негізгі әлеуметтік көмек қайта ұйымдастырылды. Кедейлік табиғи түрде болмайды: оны әділетсіз экономикалық жүйе өндіреді және осыған заң мен мемлекеттік билік те өз септігін тигізеді. Салдары айқын. Сандық мәліметтер қоғамның ауқаттырақ жігіне қарағанда, негізгі әлеуметтік көмекке мұқтаж адамдар COVID-19-дан көбірек зардап шегетінін көрсетіп отыр. Жұмыс істейтіндерге қарағанда, ұзақ уақыт бойы жұмыссыз болғандар екі есеге жиі ауруханаға түседі. Экономикалық ресурстары жоқ адамдарлық толған және тар аудандарда өмір сүреді, көбінде әлеуметтік тұрғын үй перифериясында; олар ауыр жағдайларда жұмыс істейді; және олар сандық инфрақұрылымға қосылмаған, бұл олардың үйде толыққанды білім алу мүмкіндігін шектейді. Осы аспектілердің барлығы кедейліктің деңгейін тереңдетіп, өсіп отырған әлеуметтік алшақтықты арттыра түсіндірді. Пандемия барысында кедей адамдар табысынан айырылды, орта тап өз статусын сақтады, ал аса бай адамдар байы түсті.

Талқыланып отырған екінші модель – кеңістіктік периферияны өндіру – қоғамның орталығынан ұйымдастырылатын саяси процесті білдіреді. Бір жағынан, капиталистік мемлекеттілік ұстанымдарына сәйкес саяси шешімдер орталық және периферия ландшафтарын құрады. Осының нәтижесі – әлеуметтік тұрғын үйде, босқындар лагерінде, панасыздарға арналған баспаналарда, карттар үйінде окшаулану моделдері және сенімсіз еңбек шарттарына ауысу. Пандемия кезінде осы әлеуметтік желілердің барлығы Германиядағы COVID-19-дың шиеленіс нүктелері болды. Сондай-ақ, пандемияны қоғамнан аластату үшін саяси дискурста тұрғын үй орамдары, атап айтқанда, қалалық аудандар қауіпті жерлер ретінде белгіленді. Осы стратегия гетто туралы пайымдаулардан белгілі. Ең алдымен пандемия кеңістіктік тұрғыда рәсімделеді, одан кейін кеңістіктер «мигрант», «кедей», «бағынбайтын» және т.б. белгіленеді, осының негізінде бұл кеңістік тұрғындарымен қоса алғанда нағыз проблема деген қорытынды жасалады.

> Орталықтық

Белгілі болғандай, қауіпсіз емес кеңістіктер құру - күштілер қолданатын саяси процесс. Фуконың пайымдауынша, неолибералдану барысында саяси экономия

үкіметтік шешімдердің анықтаушы негізі болады. Бұған Венди Браун «мемлекеттің мақсаты – экономиканы дамытуға жағдай жасау, ал мемлекеттің заңдылығы оның өсуімен байланысты» деген ойды қосады. COVID-19-дың таралуын шектеуде немістер ұстанған шаралар осы ұстанымға сәйкес келді. Қолда бар деректерге сәйкес, жалпы қосылған құнның тек 12,8% пандемияға байланысты шектеулер тікелей әсер еткен: осы салдарлар бөлшек сауда, қоғамдық тамақтану, білім, саяхат пен демалыс және мәдениет индустриясы салаларында көбірек байқалды. Экономиканың қалған 87,2% өз жұмысын өзгеріссіз жалғастыра берді. Стандартты емес жұмыс күшін инфекциядан қорғау үшін экономиканы тоқтату әрекеті жасалмады.

Сәйкесінше, перифериялық кеңістіктердегі жаппай аурудың таралуы да орталықтықты көрсетеді. Бұның дәлелі – қасапханалардағы, логистикалық орталықтар мен мектептердегі ауруды жұқтырудың жоғары деңгейі. Ет өнеркәсібі - Германияның өндірісін тоқтату мүмкін емес маңызды экспорттық бағытталған секторы. Логистикалық орталықтарға келетін болсақ, Польшаның Познань қаласынан келген Amazon-ның жұмысшы Агнешка Мроз өзінің және әріптестерінің құрбан болмағандарын, керісінше тауарлардың кедергісіз ағынында шешуші рөл атқаратын жаһандық капитализмнің орталық торабында жұмыс істегендерін айтқан кезде осыны баса айтты. Мектептер жайында сөз қозғасақ, балалардың құқықтары туралы көптеген пікірлерге қарамастан пандемия кезінде балалар ешқашан маңызды болмағаны анық. Мектептер бірінші кезекте білім саласында әділдік орнату үшін емес, ата-аналар жұмысқа бара алу үшін ашылды.

> Мемлекеттік интервенцияның (нон-)үлгілері

COVID-19 көптеген кеңістіктік, институттық және әлеуметтік периферияларды белгіледі, және дәл осы жерлерде вирус пен оның әлеуметтік салдарлары - аса қолайсыз. Әлеуметтік-экономикалық депривация адамдарды өлім қатеріне және кедейлікке ұшыратады. Мемлекеттік интервенцияға келетін болсақ, көптеген елдердің үкіметі вируспен күресу барысында ынтымақтастық пен әділеттілікке негізделген бостандықты шектеудің демократиялық процесіне адамдарды тартудың орнына таңдаған авторитарлық және қауіпсіздікке бағытталған жолдарын бөліп алу аса маңызды. Сонымен бірге мемлекет ешқандай әрекет жасамауды жөн көрген және кейбір жерлерді қауіпсіз етуге талпынбаған тұстарды жете талдап алу да маңызды. Бұның орнына саяси шешімдер халықтың маргиналданған жіктерінен ажыратылған «адамдарды» қорғау үшін таптық, нәсілдік және гендерлік бағыттар бойынша экстернализация, маргиналдану және перифериялау моделдерін тереңдетті. ■

Хаттарды Даниел Маллиске <mullis@hsfk.de> жолдауға болады.

> Күйзелістен кейін: постнеолиберал субъект

Артур Буено, Франкфурт университеті, Германия, ХӘҚ Концептуалды және терминологиялық талдау бойынша зерттеу комитетінің мүшесі (ЗК 35)



Негізінен шаршау, құлазу және дәрменсіздік сезімдері басым депрессия жиырма бірінші ғасырға бетбұрысты сипаттайды. Ұсынған: Ehimetalor Akhere Unuabona Unsplash қолданбасында.

Ұлы өзгерістер кезеңінде өмір сүріп жатырмыз. 2008 жылғы қаржылық тығырықтан кейінгі жылдарда басталған саяси наразылықтар толқынына, жаңа әсіре оңшыл қозғалыстардан қазіргі пандемия салдарына дейінгі бірқатар оқиғалар тізбегі тарихи қиылыста тұрғанымызды ескертеді: әлем ажал құрсауында сияқты, ал басқа әлем әлі туа қойған жоқ. Осы процестер тек тұрақталып қалған әлеуметтік институттарға ғана емес, сонымен бірге бізге жақын болып көрінетін дүниелерге қатысты да жаңа түйткілдерге түрткі болды: олар соңғы онжылдықтарда басым болған сезім, ойлау және әрекет ету тәсілдерінің сарқылғанын көрсетеді. Біздің дағдарыс – субъективтілік қалпының дағдарысы. Оның құрылымын және ағымдағы өзгерістерін ескермей қазіргі қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктерді дұрыс бағалау мүмкін емес. Бірақ осы күрмеулі тақырыпты қалай сипаттауға болады?

> Кәсіпкерлік – күйзелістегі субъект

Жиырма бірінші ғасырға бетбұрыстың негізгі белгісі күйзеліс болды. Психологиялық қасірет Фрейд заманындағы классикалық невротикалық белгілерде емес, шаршау, босаңсу және әрекет ете алмау сезімдерінен көбірек көрінді. Фрейдтік невроз тыйым салынған мен салынбағанның, заң үстемдігі мен басылып қалған құмарлықтың арасындағы алшақтықты

сезінетін субъектінің өзін айыптау кеселінен тұрды. Өз кезегінде депрессияны сәйкессіздік ауруы деп сипаттауға болады, оған барлығы рұқсат етілгендей, бірақ адам өзі қолжетімді мүмкіндіктердің ауқымын өлшей алмайтындай сезінеді. Адам депрессияға ұшырайды, өйткені ол барлығына қол жеткізуге болады деген қиялдың ауырлығын көтеруі керек: мүмкін және мүмкін емеске, шексіз қолжетімді және шыныменен қол жеткізуге қабілеттіге бөлінген, депрессияға ұшыраған адам – «газсыз адам» тәрізді.

Невроздан депрессияға осылай өтуі клиникалық диагноздарда күйзелістің тек нақты тәжірибелеріне ғана қатысты емес. Дұрысы, оны кең мағынада әлеуметтік қолдау мен өзін танытудың төмендеуі, теңсіздіктің, бәсекелестіктің және тұрақсыздықтың ушығуы контекстінде адамдар өзіне жауапкершілік және өзін танытудың бұрынғыдан гөрі қатаң талаптарына тап болған 1960-шы жылдардан бастап және одан кейін қалыптасқан жаңа әлеуметтік тәртіптің белгісі ретінде қарастыруға болады. Қорланудың постфордтық тәртібі мен жеке тұлғалық ерекшеліктің романтикалық идеалдарын таратудың арасындағы «элективті жақындықтың» нәтижесінде жаңа тақырып өзекті орынды алды: «өзімен-өзі болу» талабына дәл жауап бере отырып, «нарықта сәттілікке жеткен немесе өзіне-өзі көмек беру бойынша танымал кітап *Best Self: Be You, Only Better* [Ең жақсы Мен: Өзіңмен-өзің бол, Тек жақсысы] - де көрсетілген неолиберал «өзін-өзі жасаған кәсіпкер». Осы кәсіпкер субъектіден тәртіптік

>>

мойынсұну емес, ашық және эксперимент үшін құрылған, эмоциялық коммуникативті және үнемі өзгеріп отыратын нарықтық жағдайларға икемді бейімделген ерекше өмірді сақтау талап етіледі.

Депрессияға ұшыраған индивид шынайы өзін-өзі таныту перспективасы шарасыздыққа және әлсіреуге айналғанда, дербес өзін-өзі анықтауды іздеу оқшаулану сезімімен аяқталғанда өзінің кәсіпкері болу талабы субъективті күрделі сәтті бастан кешіреді. Осылайша, депрессия тек клиникалық диагноз ғана емес, сонымен бірге жиырмасыншы ғасырдың соңғы онжылдықтарында институттанған нормативті күтулерге қатысты әртүрлі субъективті сәтсіздіктерді түсіндірудің көзіне айналды.

> Дағдарыс және әлсіреу саясаты

Біз метонимикалық түрде депрессиялық қоғам ретінде көрсете алатын осы әлеуметтік конфигурация шиеленістің ушығуымен байланысты, дегенмен ол соңғы онжылдықтарда айтарлықтай тұрақтылықты сақтай алды. Тұрақтылығы соншалық, жиырма бірінші ғасырдың басында бұл институттық тетік өзінің логикасы бойынша айқын саяси талаптар мен ұйымдасқан әлеуметтік күрес тұрғысынан депрессиялық белгілердің артикуляциясына кедергі келтіргендей көрінді. Бірақ, бүгінде осы тәртіптің қысымы оның тұрақтылығын айтарлықтай әлсіреген деңгейге дейін күшейді: депрессиялық әлсіреудің өзі сарқылу шегіне жетті. Мен, осыған байланысты әртүрлі реакция мен күреске жетелейтін, бірақ әлі жаңа консенсусты және тұрақты институттық негізді орната алмайтын депрессиялық тәртіптегі әлеуметтік-экономикалық қысым шегіне жеткен жағдай - постдепрессиялық констелляция туралы сөз қозғауды ұсынамын.

Менің пайымдауымша, осы түсіндіру соңғы жылдары байқала бастаған саяси күрес формалары неолибералдық, кәсіпкерлік-депрессиялық индивидуалдыққа тән екі негізгі карама-қайшылыққа реакция ретінде түсіндіріле алады деген фактіге негізделеді.

Автономия мәселесіне келетін болсақ, субъективтіліктің осы қалпының өзегі – кәсіпкерлік бастамасы арқылы өзін-өзі тануға жетуге болады: қазіргі әлеуметтік өмірді құрайтын әртүрлі нарықтың біреуінде өз инновациялық өнімін ұсына отырып, адам сол салада өз ізін қалдыруға және оны өзінің пайымдауынша өзгертуге мүмкіндік алады. Алайда, осы мақсаттың бірнеше рет орындалмауы өте күшті сезімге алып келеді, соның нәтижесінде адам түсіну және өзгерту қиынға соғатын алдын ала анықталған заңдылықтарға бағынады: «Балама жоқ». Сондықтан қазіргі уақыттағы кейбір қозғалыстардың басқарушы элитаға қатысты наразылық танытуына және басқаруға көбірек қатысуға таласуына таң қала қоймаймыз: оларды әлеуметтік реттеудің басым формаларының фатализміне реакция ретінде қарастыруға болады.

Неолибералдық субъективтілік осы жолы сәйкестік мәселесіне қатысты екінші шиеленіс ретінде белгіленеді: басқалармен аффективті байланыс туралы қағида және атомдалған индивидтердің нарықтық бәсекелестігі ретіндегі әлеуметтік өмірді құрылымдаудың арасындағы шиеленіс (Тэтчердің ұрандарының бірімен қайта синтезделген: «Қоғам деген ұғым жоқ»). Алайда, әрбір адам толыққанды болуы тиіс деген талап оқшаулану сезімінің өсуіне және әлеуметтік фрагменттеуге алып келеді. Сондықтан заманымыздың кейбір саяси қозғалыстары аффективті қарым-қатынас тәжірибесіне ұмтылатыны таңқаларлық емес: осыған байланысты оларды әлеуметтік ыдыраудың басым формаларына реакция ретінде қарастырған жөн.

Дегенмен, постдепрессиялық жағдай қандай да бір саяси қозғалыстың немесе ұйымның бірегей топтасқан формасымен сипатталмайды. Біз жаңа тәртіпке емес, жаңа констелляцияға, әртүрлі реакция мен саяси көзқарас жиынтығына тап болдық. Мен соңғы жылдары аса байқала бастаған екі саяси позиция туралы баяндаймын, бірақ оларды қазіргі дағдарыста пайда болған жалғыз позиция ретінде қабылдаудың қажеті жоқ. Қазіргі өміріміздегі басты сұрақ – депрессиядан кейін не болады? – әзірге нақты немесе басым жауап жоқ.

> Постдепрессиялық арпалыс

Араб көктемінен Уолл-стритті басып алғанға дейінгі, Бразилиядағы 2013 жылдың маусымынан Франциядағы сары кеудешеге дейінгі 2010-жылдардағы саяси наразылықтардың көбі шешуші сәттерде құрылымы құпия ұжымға эмоциямен сүңгіп кету тәжірибесімен, сонымен қатар нақты мақсаттарды айқындай алмаумен сипатталды. Осы екі ерекшелік оларды не себепті постдепрессиялық ахуалдың көрінісі ретінде қарастыруға болатындығын түсінуде аса маңызды.

Осы қозғалыстардың нормативті және аффективті белгісіздігі жиі сынға алынғанына карамастан олардың тартымдылығының негізі еді: бұл ортақ атмосфераға қатысуға негізделген бірлік сезімін, әлеуметтік және саяси айырмашылықтар енді ымырада, сондықтан әртүрлілік негізінде және одан тыс эмоциялық бірлікке алып келеді деген түсінікті қалыптастыруға мүмкіндік берді. Бұл осы қозғалыстардың мәнін түсінуде өте маңызды. Жеке кәсіпкердің толыққандылығы мен депрессиялық субъектінің оқшаулануына қарағанда, көпшілікке таралған тәжірибені көп адамдар аффективті түрде еркіндік беретін немесе «катаристі» деп қабылдады.

Осы бір (біршама белгісіз) аффективті жақындық сезімі ортақ (сондай-ақ шамамен белгілірек) антогонистпен – саяси жүйемен, басым институттармен, «не бар, соның барлығымен» текетіресте пайда болғаны енді түсінікті. Ұжымдық арпалыс тәжірибесі оның қалыптасқан ережелерге уақытша болса да радикалды қарсылығымен күшейе түсті. Полициямен қақтығыстар, көшедегі

>>>

толқулар, мемлекеттік мекемелерге басып кіру: кенеттен өмір бұлжымас, пешенеге жазылған заңдар жиынтығымен шектелмей қалды. Өздік кәсіпкердің алдын ала белгіленген ережелерге бейімделуі мен депрессиялық субъектінің өзін-өзі әлсіз сезінуіне қарағанда, қалыптасқан тәртіппен күрес тәжірибесі адамға тиімді ұжымдық өзін-өзі анықтауға қабілетті қайта қалыптастыру сезімін бере алады.

Бірақ осындай сәттердің табиғаты тұрақсыз екені дәлелденген. Көп кешікпей осы бірлік сезімі оңайлықпен бірге басын қосуға келмейтін әртекті элементтерден тұратындай сезім қалыптасты; көп кешікпей қатысушылар өздерінің нормативті позициялары радикалды басқа саяси уағдаластыққа алып келетінін саналы түрде түсінді. Қарама-қайшылықтардың жаңа жиынтығы дәл сол қозғалыстардың нормативті және аффективті белгісіздігінен туындайды. Олар осы өте амбивалентті ұжымдық тәжірибенің саяси мағынасы мен институттық артикуляциясы үшін күрестің басталуын атап өтті, нәтижесінде басқа саяси ұстанымдар арасында оңшыл қозғалыстардың жаңа толқыны пайда болды.

> Постдепрессиялық авторитаризм

Еселенген әлеуметтік фрагментацияны қабылдау не себепті 2010-жылдардағы қозғалыстардағыдай жаңа оңшылдардың жақындағы наразылығы аффективті қарым-қатынасты аса қатты күтумен сипатталғанын түсіндіре алады. Алайда, әртекті көпшілікке, белгісіз «жалпыға» ену тәжірибесі Трамптың «Американы қайтадан ұлы етіңіз» немесе Болсонарудың «Бразилия барлығынан жоғары, Құдай барлығынан биік» концепциялары сияқты бірліктің біртектілеу және ерекше тұжырымдамаларына жол берді.

Осылайша, аталмыш саяси позиция агрессиялық қорғаныс мәнеріндегі әлеуметтік дезинтеграцияға жауап реакциясы ретінде қарастырылуы мүмкін: аффективті бірлік бөтен және азғындайтын элементтерді – «сотталғандар» (солшылдармен байланысты), «қылмыскерлер» (нәсілдік кедейлермен байланысты), «отбасы жаулары» (феминистік қозғалыстар және ЛГБТ қозғалысымен байланысты) және т.б. жою арқылы мүмкін болсын деген талап бар.

Соған қарамастан жаңа әсіре оңшылдар моралдық крест жорықтарының сан түрін алға жылжыта отырып, аффективті фрагментацияны қабылдауға жауап қайтарып қана қойған жоқ; олар, сонымен қатар, 2008-жылдардағы дағдарыс пен 2010-жылдардағы саяси наразылықтардан кейін белең алған нормативті делегитимация сезіміне ерекше жауап қайтарды. Осы жағдайда әлеуметтік институттар мәселесі бұлжымас «табиғат заңдарын» іске асыратындықтан емес (депрессиялық тәртіптегідей),

«табиғи» ережелер өзінің тиімділігінен айырылған әлемде өмір сүріп жатқанымызды түсінгендіктен байқала бастады. Авторитарлы субъект қабылданып отырған аномия жағдайына, яғни әлеуметтік қатынастарды тәртіп және тұрақтылықпен қамтамасыз ететін реттеу нысандары енді жұмыс істемейді деген сезімге қарағанда, фатализмге жауабы мардымсыз.

Бұл неге мұндай саяси көзқарас ұжымдық толқудың алдыңғы тәжірибесіндегідей басым нормаларды тоқтата тұруға емес, керісінше репрессиялық тәртіпті орнатуға бағытталғанын түсіндіреді. Әлеуметтік тұрғыдан бөлінбейтін және қалыптан тыс реттелмейтін қоғамға жауап ретінде авторитарлық билік ыдырайтын элементтерді жоя алатын және олардың тиімділігін сақтау үшін жеткілікті күшті немесе зорлық-зомбылықты қамтамасыз ететін саяси қоғамдастық туралы мәлімдейді.

Дегенмен, авторитаризмнен басқа, жаңа әсіре оңшылдар да жиі (және Бразилия жағдайында ерекше айқындықпен) неолиберал жобаны одан әрі радикализациялау туралы шағымдармен сипатталады. Бұл постдепрессиялық авторитаризмнің парадоксы: неолибералдық субъективтілік дағдарысына жауап беру және одан оппозициялық күш алу арқылы ол субъективтіліктің сол түрін жалғастыруға және радикализациялауға тырысады. Дәл осы парадоксалды құрылымда - депрессияны қалпына келтіру арқылы депрессиядан аттап өтуге тырысуда - оның үлкен деструкциялық әлеуетінің бір көзі жатыр.

Осылайша, авторитаризм мен радикалды неолиберализм мұнда ерекше түрде (постдепрессиялық деуге болады) араласады. Олардың саяси одағы, бір жағынан, сатылмайтын кәсіпкер: «мен - жақсы азамат» идеалынан бас тартқан кез-келген адамды шығарып тастауға немесе жоюға негізделген эмоциялық байланыс орнатуға болады деген пікірге алып келеді. Екінші жағынан, бұл жеткілікті үйлесімді нормативтік тәртіпке тек «нарықтық заңдарды» кедергісіз және қажет болған жағдайда мәжбүрлеп қолдану арқылы қол жеткізуге болады деген идеяға алып келеді: балама болуы мүмкін емес.

> Депрессиядан басқа?

Жаңа авторитаризм мен радикалды неолиберализмнің осы үйлесімін қазіргі жағдайымыз ашатын жалғыз немесе негізгі көкжиек ретінде қарастыру қате болар еді. Мен мұнда жасай алмайтын жан-жақты талдау басқа саяси жобалардың кәсіпкерлік-депрессиялық субъективтілік дағдарысына қалай жауап беретінін қарастыруы керек, оның ішкі шиеленісі пандемия басталған кезде одан сайын күшейе түсті. Бірақ, біз ұжым болып қандай жолды таңдасақ та, ол дамып отырған шиеленіс пен осындай констелляция тудырған күрестен туындауы мүмкін емес. ■

Хаттарды Артүр Буеноға <oliveira@normativeorders.net> жолдауға болады.

> Көрінбейтін жұмысты елестету

Женни Тишер, Қолданбалы өнер университеті, Вена, Аустрия

СOVID-19-бен күресу үшін енгізілген шаралардың нәтижесінде кейбір адамдар әлеуметтік қашықтыққа, қашықтықтан оқытуға, бірқатар ортадағы жіктелу мен оқшаулануға тап болуда. Бір қарағанда, «біз», «бізді» жөнінде, тіпті ұжымдық тәжірибе немесе одан да жоғары саты – жаһандық ұжым туралы сөз қозғап, ойлануға болатын сияқты. Алайда, мен Веналық Қолданбалы өнер университетінде сабақ беру тәжірибеме сүйене отырып, осы мүмкіндікті жоққа шығарамын. Қоғамдық орындарда адамдардың қозғалыс еркіндігін күрт шектеу кезінде ерекше жағдайды жеңуге мүмкіндік беретін саяси және әлеуметтік әрекеттердің үлкен ауқымы барған сайын айқын бола түсуде.

Мектептер мен университеттер сияқты ұжымдық оқыту және тәжірибе жинау кеңістігі, саябақтар мен ойын алаңдары сияқты қоғамдық кеңістіктер әлі де толық қолжетімді емес, сондықтан өмірдің бағыты жеке кеңістікке ауысады. Жұмысынан айырылған кезде және балаларды енді балалар мекемелеріне жіберуге болмайтын уақытта, демалыс күндері бақшасы бар үйді пайдаланатын мүмкіндіктері болмаған жағдайда, адамдар үйінің тар кеңістігімен шектеледі. Статистика отбасындағы психологиялық және дене жарақатын салатын зорлық-зомбылықтың өсуі байқалғанын көрсетеді және гендер негізінде еңбек бөлінісі туралы мәселе қайтадан күн тәртібіндегі маңызды сұраққа айналды. COVID-19 қоғам сенім артып отырған жұмыс түрін айқын көрсетеді: жүйелі-репродукциялық еңбек. Біз сияқты ақы төленетін және ақы төленбейтін қызметкерлерге тәуелдіміз. Әрбір адам және оны қоршаған орта құрметтеуге, күтуге, тазартуға, тамақтандыруға, сүйюге, қамқорлыққа, қолдауға, емдеуге, қалпына келтіруге мұқтаж. Мен мұнда «жүйеге релевантты» ұғымы ерекше қарама-қайшы екенін атап өткім келеді, өйткені ол белгілі бір жұмыстың «жүйеге» қатысы жоқ (ретінде) екенін білдіреді.

Бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі және өмірлік қажеттіліктерімізді қамтамасыз ететін мамандықтарға көбірек көңіл бөлуі және супермаркеттегі қызметкерлердің кенеттен маңызды рөлге ие болып, байқалуы адамдардың ризашылық белгісі ретінде қол шапалақтау сияқты әрекеттерді жасай бастауына алып келгенін барлығымыз сезіндік. Шәкірттеріміздің бірі Нора Личка көпшілік алдындағы ұжымдық қимыл мен саяси әрекет ретіндегі

ынтымақтастық арасындағы айырмашылық туралы мақала жазды. Ол көпшілік алдында ұжымдық ризашылық білдіру - адамдардың ойлау тәсілін өзгерте алатын және оларды жалғастыруға үміт пен күш беретін күшті қимыл деген қорытындыға келді. Алайда, сайып келгенде, бұл супермаркеттер, ауруханалар, балабақшалар және т.б. қызметкерлері үшін еңбек жағдайларын жақсартуға және қауіпсіз етуге немесе тең және жақсы жалақы алуға, ұзақ мерзімді перспективада жұмыс уақытын қысқартуға ықпал етпейді. Сонымен қатар, біз бірінші кезекте жүйеге қатысты деп жіктелген сұраққа қайта оралғанда, жеке, тұрмыстық салада немесе түнгі ауысымда жүзеге асатын болғандықтан аса көзге көрінбейтін (және ақы төленбейтін) жұмыстың бар екенін және әрқашан болғанын білеміз.

Осыған орай, 2020 жылғы екі коллажымды осы мәтінді толықтырау үшін назарларыңызға ұсынып, талқылағым келеді: «Түнгі тазалықшылар» және «Қызмет көрсету». «Түнгі тазалықшылар» коллажынан Сіз The Berwick Street Film Collective түсірген Nightcleaners [«Түнгі тазалықшылар»] (1972-75) эксперименттік деректі фильміндегі кадрдан кесіліп алынған және қайталанған фигураны және Хартфордтың Wadsworth Athenaeum мұражайындағы суретші Мирле Ладерман Укелестің қойылымы Hartford Wash: Washing/Tracks/Maintenance: Inside [Hartford Wash: Жуу / Траптар / Қызмет көрсету: ішінде] (1973) суретінен кесіліп алынған екі мәрмәр мүсінді көре аласыз. Berwick Street Film ұжымының алғашқы идеясы жұмысшы иммигранттар мен әйелдер тобын кәсіподақ құру мақсатында феминистік белсенділер тобымен күш біріктіруге мәжбүрлеу болды. Суретшілердің бірі Мэри Келли түсірілім тобының құрамына кірді, сонымен қатар феминистік белсенді ретінде түнгі тазалықшылар науқанына қатысты. Алғашқы тұжырымдамалардың бірі – нақты уақыт режимінде дәретхананы тазартуды көрсететін сегіз сағатқа созылған ұзақ деректі фильм жасау. Әйелдің дәретхананы тазартатын көріністерін бейнелейтін Nightcleaners фильмінің постеріне сілтеме жасай отырып, коллаждағы кадрлар түні бойы кеңсе қызметкерлерінің қалдықтарын тазартудың шексіз қайталанатын қызметін білдіреді. Әйелдің аяғының астында демалып, бей жай қалыпта жатқандай бейнеленген әйелдің ақ мәрмәр мүсінінің қосарланған бейнесін көреміз.



Женни Тишер, «Түнгі тазалықшылар», қағаз, коллаж, 30 x 40 см.

Бұл мүсінді америкалық суретші Мирле Ладерман Укелестің мұражайдағы еденді тазалайтын қойылымын құжаттау үшін түсірген фотосуретінің фонында көруге болады. Суретшінің 1969 жылы салған Manifesto for Maintenance Art [Қызмет көрсету өнері туралы Манифест] туындысы және оның барлық жұмыстары үй шаруашылығының, репродукциялық еңбек пен санитарлық жұмыстардың танымал емес және құнсыз салаларына қатысты. Ол үй шаруасын жеке саладан көпшілікке ауыстыру барысында көзге көріне бастады. Бұл шығарманы өнер деп жариялай отырып [«Мен көп нәрсені жуамын, тазалаймын, пісіремін, жаңартамын, қолдаймын, сақтаймын және т.б. Мен жай ғана күнделікті қызмет көрсету жұмыстарын орындаймын және оларды санаға жеткіземін, өнер сияқты көрсетемін»], Ладерман Укелес репродукциялық жұмыстың көзге көрінуі мен құндылығы туралы сұрақтар қойып қана қоймай, сонымен қатар материалдық қолдаудың жүйелік негіздері (өнерге қатысты болса да) құндылықтарды өндірумен аса байланысты екенін көрсетті, әсіресе егер процесс маңызды емес болып көрінсе. Коллаждағы көріністің керісінше құрылысы, ең алдымен, ежелгі әлемде бұрын-соңды



Женни Тишер, «Қызмет көрсету», қағаз, коллаж, 30 x 40 см.

болмаған таза монохромды және таза ақ нәсілділікке негізделген нәсілшіл идеологияны құра отырып, мүсіндегі кез-келген полихромияны елемейтін классицизм аясында құрылған иконографиямен ұсынылған ақ нәсілділік иерархиясына күмән келтіреді.

«Қызмет көрсету» - газет суреттері көшірмелерінен жасалған коллаж, ондағы әйел құлаққаптары бар әйел бейнеленген плакаттың алдында тазалау жұмыстарын жүргізеді. Артқы жағында көк түсті формадағы еден тазартушы әйел бейнеленген. Плакаттағы әйел бізге қарап күліп тұрғандай, ол бізге жағымды және мейірімді қызметкерді көрсетуі тиіс. Коллаждағы идея техникалық жабдықтар өзгеруі мүмкін болса да, коллажда қауырсын тазартатын шүберек пен робот шаңсорғыш біріктірілгендей, басқа суретті немесе басқа жабдықты қолдана отырып, қызмет көрсету бағасын оңайлықпен өзгерту мүмкін емес екенін көрсетеді. Тап, нәсіл және гендерлік ерекшелігі бойынша бөлінген «лас жұмыстың» жасырын құрылымын шешу және көзге көрінбейтін жұмыстардың құндылығын бағалау үшін оларды анықтап, тауып көрсету керек. ■

Хаттарды Джени Тишерге <jenni.tischer@uni-ak.ac.at> жолдауға болады.

> Жаһандық пандемия

кезіндегі тұрмыстық зорлық

Маргарет Абрахам, Хофстра университеті, АҚШ, ХӘҚ бұрынғы Президенті (2014-18) және Нәсілшілдік, ұлтшылдық, байырғылық пен этникалық (ЗК05), Көші-қон әлеуметтануы (ЗК31), Әйелдер, гендерлік және қоғам (ЗК32), Адам құқықтары және жалпыға бірдей әділеттілік (ЗТ03) және Зорлық және қоғам (ЗТ11) жөніндегі зерттеу комитеттері мен топтарының мүшесі

Ұсынған: Flickr/Jane Fox.

үшін әлдеқайда қауіпті еді. Пандемиядан туындаған қаржылық және психикалық күйзеліс жағдайлары бұрын мұндай жағдай болмаған кейбір отбасыларда қатыгездік тудырды. Озбырлыққа душар болғандар үшін зорлық одан сайын күшейе түсті және кейбір жағдайларда зорлық ажалмен тынды.

Тұрмыстық зорлық – бір адамның екінші адамға қатысты жасайтын билігі мен бақылауы және ол әртүрлі көріністе болуы мүмкін: табиғи, эмоциялық, ауызша, сексуалдық, психологиялық және экономикалық. Алайда, тұрмыстық зорлық барлық қауымдастықтарда кездессе де, оны жалпылауға болмайды. Әрбір жағдай мен қарым-қатынаста билік, мәртебе және бақылау арасындағы ерекшеліктің өзіндік мазмұны бар. Сондай-ақ, нәсіл, этникалық, тап, жыныс, жыныстық бағдар, каста, мәдениет, жас ерекшелігі, аймақ, дін және иммигрант мәртебесінің түйісіне негізделген тәжірибедегі күрделі жалпы белгілер мен айырмашылықтар бар. Зерттеулер көрсеткендей, тұрмыстық зорлық микро-, мезо- және макро- деңгейлердегі маргиналдаған топтарға диспропорциялық тұрғыда зор ықпал етеді. COVID-19 пандемиясы мұның шындыққа жанасатынын дәлелдеді, өйткені жұмыссыз қалу, қаржылық қиындықта мен инфекциялар маргинал топтарға көбірек ауыртпалық (мысалы, негізгі қызметтерге жиі жүгіну және/немесе медициналық қызметке қолжеткізудің төмендігі салдарынан) түсіреді..

> Пандемия жағдайы+

2020 жылдың наурызынан бастап бірнеше елдердің есептері локдаундар



Дағдарыс және тұрақсыздық кезінде тұрмыстық зорлықтың өсуі байқалатыны дәлелденген. Қазіргі жаһандық COVID-19 пандемиясы да одан шет қалмады. Бүкіл әлемде коронавирус 2020 жылдың наурызынан бастап үкіметтің адамдар қозғалысын шектейтін «локдаун», «үйден шықпау» және «бір орынды

паналау» туралы қаулыларды енгізуіне алып келді. Бұл вирустың таралуын бәсеңдетудің қажетті қадамы болғанмен, кейбіреулер «көлеңкелі пандемия» деп атаған үйдегі зорлықты өршітті. Қоғамдық денсаулық пен қауіпсіздік үшін өте маңызды әлеуметтік оқшаулау және қашықтық саясаты аса жайсыз және абыройды таптайтын қарым-қатынастағы адамдар

мен түрлі шектеулер гендерлік зорлықты, әсіресе әйелдер мен балаларға қатысты зорлықтың артып, күшейгенін көрсетті. Озырлыққа ұшырағандардың үйден қашып кету мүмкін еместігі және шектеулі мүмкіндіктері достарынан, отбасынан, жұмыс орнынан және басқа қолдау желілерінен оқшауландырды. Бұл жәбірлеушілерге өз құрбандарын мықты әрі тұрақты бақылауға мүмкіндік берді, сонымен қатар тамақ, киім, медициналық қызметтер мен гигиена заттарына қолжетімділікті шектеу арқылы олардың мінез-құлқын бақылап, тежеп отырды. Пандемия сонымен қатар қоғамның қажетті ресурстары мен психикалық денсаулығына қол жеткізуге кедергі келтірді. Үрей қана емес, сонымен қатар өміршен балама қауіпсіз нұсқаның болмауы зорлық құрбандарын жәбірлеушілердің жанында қалуға мәжбүрледі.

Коронавирус тудырған жағдай барлығымыз үшін институттық және әлеуметтік қолдаудың көптеген түрлерін қысқартты. Ал билік пен бақылау тұрмыстағы зорлықтың негізі болып қалып отыр, пандемияға байланысты күйзеліс пен тоқырау, соның ішінде азық-түлік қауіпсіздігінің болмауы, жұмыссыздық, үрей мен мазасыздық, сенімсіздік, депрессия, оқшаулану мен қайғы-қасірет салдарынан себеп-салдарлық факторлар күшейе түсуде. Мектептер мен мектепке дейінгі мекемелердің жабылуы көптеген жағдайларда осы күйзелісті күшейтті және отбасылық ресурстарға барлық деңгейде жүктемені арттырды; бұл сонымен қатар зорлық-зомбылыққа ұшыраған отбасылардың балаларына ықпалын еселей түсті. Әсіресе денсаулық сақтау және қауіпсіздік шаралары ұйымдарды нақты кеңселерді жауып, онлайнға көшуге мәжбүр еткенде үйдегі өзара қарым-қатынас пен көмек сұрау анағұрлым қиындай түсті. Алайда, COVID-19 сонымен қатар кейбір ұйымдарды аса қажетті қолдау қызметтерін ұсынудың және қамтудың жаңа тәсілдері туралы шығармашылықпен әрекет етуге итермеледі.

Пандемияның басында бұл мәселе мойындалды. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Антонио Гутерреш үкіметтерді пандемияға қарсы әрекет еткен кезде де «тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жаһандық өршуіне» қарсы тұруға және әйелдердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге

үндеді. топтар, қоғамдық ұйымдар мен зорлық-зомбылыққа қарсы күресетін ұйымдар тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған адамдарға әртүрлі қарайды. АҚШ тұрмыстағы зорлыққа қарсы Ұлттық сенім телефоны 2020 жылдың 16 наурызынан 16 мамырына дейін түскен қоңыраулардың жалпы саны 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 9,5% өскенін хабарлады.

Сондай-ақ, жәбірлеушілер бақылау және озырлық үшін COVID-19-ды қалай қолданғаны құжатталған. Қылмыскерлердің қатыгездігі мен бақыланатын мінез-құлықты тамақтан бас тарту, сонымен қатар сабын, дезинфекциялық құралдар және қорғаныс маскасы сияқты негізгі гигиена мен қауіпсіздік заттарынан бас тарту сипаттайды. Кейбір елдерде озырлардың саны көбейді, өйткені құқықтық жүйеге және полиция, баспана және соттар сияқты басқа қолдау жүйелеріне қолжетімділік шектеулі болды және істерді қарау кейінге қалдырылды. Ал иммигранттар үшін бұл депортация қорқынышымен одан әрі күшейе түседі. Пандемия кезінде ішкі және сыртқы көші-қон мәселелері бойынша мемлекеттің рөлі, сондай-ақ үкіметтердің саясаты мен тәжірибесі көбінесе еленбейтін тұрмыстық және гендерлік зорлық-зомбылыққа тап болған адамдарға әсер етеді.

Тұрмыстағы зорлық мәселелерімен айналысатын ұйымдар пандемия кезінде қауіпсіздік хаттамаларын сақтағандықтан, тірі қалғандарды қолдау үшін жұмыс әдістерін өзгертуге тура келді. Кавита Мехра, Нью-Йорктегі Оңтүстік Азия әйелдерінің Сакхи компаниясының Атқарушы Директоры:

Наурыз және сәуір айларында Нью-Йоркте баспана беру туралы бұйрықтар болған кезде, Оңтүстік Азия әйелдеріне арналған Сакхи эпицентрінде тұратын қауымға қызмет етті. Біздің команда тірі қалғандармен, әсіресе Бруклинде, Квинсте және Бронкте тұратындармен болған әңгімелерден олардың зорлық-зомбылықтың күшейіп, өрши түскені куә екенін білдік. Сонымен бірге олар пандемияның күтпеген экономикалық салдарымен күресіп, тұрғын үй, азық-түлік және коммуналдық қызметтердің қауіпсіздігінің бұрын-соңды болмаған қарқынын да еңсерді. Кейбір жәбір көргендерге федералдық пакеттің

шектеулі қолдауы жеңілдік болды; құжаты жоқ жәбірленушілер және/немесе әлі де жәбірлеушілерімен ортақ банктік шоты бар жәбірленгендер қорғаныссыз қалды. Біздің қауымдастықты қолдау үшін Сакхи 2020 жылдың наурыз-қазан айлары аралығында 130 000 доллардан асатын және шамамен 16000 Фунт стерлинг мөлшерінде шұғыл көмек көрсетті.

Тұрмыстық зорлыққа қарсы кейбір ұйымдар үйдің шектеулі кеңістігінде қалуға мәжбүр болған адамдардың үрей және жалғыздықтан туған мәселелермен байланысты қоңырау шалуы көп емес екенін анықтады.

> Әлеуметтанушылар не істей алады?

Тұрмыстағы зорлық мәселесін шешу пандемияның бітуін күте алмайды. Әлеуметтанушылар ретінде біз контекстік жаһандық әлеуметтануға жүгініп, ғалымдармен, әлеуметтанушылармен, саясаткерлермен, белсенділермен және басқа да мүдделі тараптармен бірге гендерлік зорлық-зомбылықты тоқтату және құрылымдық өзгерістер енгізу үшін күн тәртібін жасауымыз керек. Бізге деректерді жинау мен есеп берудің жетілдірілген әдістері қажет. COVID-19 кезіндегі тұрмыстық зорлық тәжірибесіне әсер ететін әлеуметтік, экономикалық және саяси динамиканы түсінуіміз керек және бұл түсінікті іс-әрекетті негіздеу үшін пайдаланғанымыз абзал. Табиғи апаттар кезінде әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтан арылуға не көмектеседі және қандай мәселелер мен жетістіктерді байқаймыз? Интерсекциялық тәсілге сүйене отырып, өз білімімізді, теориямызды және талдауымызды бөліп көрсету, әрекет ету және араласу үшін қолдануға тиіспіз. Осы жаңа шынайылыққа сәйкес келу үшін шығармашылық жолдарын табатын ұйымдар мен бастамаларды қолдауымыз керек. Адамзат тарихының осы кезеңінде тұрмыстағы зорлық-зомбылықпен және гендерлік зорлық-зомбылықтың барлық түрлерімен қалай күресетінімізді өзіміз қайта ойластырып, өзгертуіміз қажет. Өз жәбірлеушілерімен үйде оқшауланған әйелдер мен балалар күте алмайды. ■

Хаттарды Маргарет Абрахамға Margaret.Abraham@Hofstra.edu жолдауға болады.

> COVID-19 дағдарысы: жаңа әлеуметтанулар мен феминизмдер

Карина Баттиани, CLACSO Атқарушы Хатшысы, Уругвай және **Эстебан Торрес**, Universidad Nacional de Córdoba-CONICET, Аргентина



Ұсынған: Creative Commons.

және объективті оқиға. Қырық жыл бұрын, Оңтүстік Америкада әскери диктатураның жойқын машинасының іске қосылуы сияқты аймақтық өріске қатысты «сыртқы» тағы бір оқиға әлеуметтанудың автохтонды негіздерін бұзып, 1960 жылдардан бастап тез дамып келе жатқан жаһандану тербелісін үзді.

Екіншіден, кейіннен ғылымға сіңіп кету үшін ғана ақыл-ой ғылымның алдында. Мұнда жаңа теориялық және талдамалық құралдардың, сондай-ақ практикалық іс-әрекеттердің көмегімен өзін-өзі кодтай алмайтын, бастапқы қалпындағы жаһандық тиесіліктің жаңа түсінігі пайда болады. Егер біз COVID-19 феноменіне байыпты қарауға шешім қабылдап, толықтай енетін болсақ, өзімізді толығымен қамтуға мүмкіндік беруіміз керек. Әдетте, әлеуметтанушылар ретінде алғышарттарға нақтылық уақытша екендігі туралы белгілі бір сабырмен негізделуге дайынбыз, бірақ мұндай тұжырымға әкелетін неғұрлым ауыр практикалық салдарға емес: әрбір жасалған перспектива мен идеяны жүйелі түрде жою қажет немесе қайтадан қалпына келтіру үшін өздерін жою тиіс. Қазіргі уақытта бұл - белгілі өтірік жайлы өмірден аулақ болудың жалғыз жолы.

> **Әлемдік қауымдастықтың жаңа теориялары**

Әлемдік қоғам бір жердің өнімі емес екені сияқты, әлемдік қауымдастық >>

Әлеуметтік ғылымдар үшін COVID-19 таралуына байланысты мега-дағдарыс тудырған басты жаңалық – жаһандық деңгейде өзара тәуелді бола түскен аумақтық қоғамдарда өмір сүріп жатқанымызды елемей мүмкін еместігін мойындау. Егер 2020 жылға дейін әлеуметтік зерттеулер жаһандық бақылау жүйесінен бас тартудың тиісті негіздемелерін әзірлей алса, бірақ қазір олай емес. Пандемия ертелі-кеш барлық зерттеу нысандарына ықпалды және шегіне алмайтын қайтарымсыз процесті бастады.

Бұдан былай жаһандық қоғамның бар екендігін елеулі анахронизмге ұшырамай елемей мүмкін емес. Егер теңіз тасымалының дәуірлеу кезінде Американы жаулап алу материалдық жаһандануды бастаса, сандық экранымыздағы COVID-19 бейнесі тудырған шабуылдар жаһандануды жетілген интеллектуалды ақыл-ой ретінде біржолата бекітуі мүмкін.

Сонымен, материалдық жаһандану процесін кеңейтудің орнына, COVID-19 аватарларын ұжымдық өңдеу менталдық жаһандану процесін кеңейтеді. Біз микроәлеуметтік сезімталдық пен субъективті сингуляризация құлдырауының куәгері емес, керісінше қоғамдардағы надандықтың ұзақ процесінің тік, жедел, ақылға сыйымсыз аяқталуы мен әлемдік динамиканың гравитациялық күштерін тарихи түрде теріске шығарудың куәгеріміз.

> **Әлеуметтік ғылымдағы білім өндірісінің тетігі**

Білім беру бағдарламаларын трансформациялау тетігі толық айқын емес. Әлеуметтік өзгерістер әдетте екі аксиомаға негізделген. Біріншіден, тарихи оқиғалар мен процестер әлеуметтік ғылымдардағы білім өндірісінің бағыттарын анықтайды, керісінше емес. COVID-19 таралуы - қоғамдық-ғылыми салаға толығымен ықпал етуші «сыртқы»

“COVID-19 әлемдік дағдарысы кез келген тарихи тұрғыдан әлеуметтік, гендерлік және экономикалық теңсіздіктердің тереңдей түскен жаһандануын әлеуметтанудың салалары жақсырақ түсіне алуы үшін бізге әлемдік қауымдастықтың жаңа теорияларын жасауға мүмкіндік береді.”

теориясы да өнім бола алмайды. Әлемдік қоғам бүкіл ұлттық, аймақтық және жаһандық әлеуметтік салаларды ажырататын, біріктіретін және байланыстыратын жоғары деңгейлі желіге ұқсауы мүмкін. Әлемдегі әлеуметтік жағдайдың әр нүктесі осы үш өзара әрекеттесетін саланың тікелей және жанама бірігуін білдіреді деп болжауға болады. Германияның әлемдік қоғамы Аргентина, Уругвай, Мексика, Чили немесе Қытай қоғамынан өзгеше. Дегенмен, олардың барлығы бір-бірімен өзара әрекеттесу негізінде әлемдік қауымдастықты құрайды. Бірыңғай патриархаттық жүйе немесе жаһандық капитализм сияқты нәрсе жоқ: нақты патриархаттық режимдер, сондай-ақ әлемдік қоғамдағы орталық және перифериялық капитализм арасындағы бағынудың әртүрлі динамикасы бар.

Қисынсыз дифференциацияның осы принципін мойындау әмбебап заңдылықтардың ашылу ықтималдығын жоққа шығармайды, бірақ құрылымдық қатынастар мен процестер әртүрлі жерде бірдей модалдықты қабылдай алу ықтималдығын азайтады. Қоғамның негізгі субстраты пәнилік екенін мойындау әлеуметтік ғылымдар мен әлеуметтанудың материалдылығы да пәнилік екенін білдіреді. 1960 жылдардан бастап Латын Америкасы әлеуметтануы әлеуметтануға «басқа» немесе оның қарапайым оқшауланған ұдайы өндірісі болуын тоқтатты және әлемдік әлеуметтанудың белсенді ағымына айналды.

Осы мағынада біз құру керек әлемдік қауымдастық теориясы бір-бірінің орналасуы тұрғысынан осы дифференцияланған жиынтыққа

өз көзқарасыңызды теңестіру және осы кеңейтілген тәжірибеден қажетті антропологиялық әрекетті, яғни «өзінді басқаның орнына қоюға» тырысуды шығара отырып - жиынтық тор жөніндегі біз жасауға тиісті жаңа білімді қажет етеді деп болжаймыз. Осы алдын-ала болжамға сүйене отырып, әлем барлық білімді жинау арқылы емес, тарихи орынның әр нүктесінен құрылған және бейнеленген дүниетанымдардан жаңа синтез шығара алатын жаңа жаһандық диалог құру арқылы жаулап алынады. COVID-19 әлемдік дағдарысы бізге барлық әлеуметтану үшін әлемдік қоғамдастықтың жаңа теорияларын құруда алға жылжуға мүмкіндік береді. Жаңа жаһандық көзқарас әрбір тарихи жерде әлеуметтік, гендерлік және экономикалық теңсіздіктің артып отырған жаһандануын жақсы түсінуге жағдай жасайды. Сыни феминистік көзқарастар жағдайында осы көзқарастардың терең жаһандануы олардың құрылымдық әлеуметтік қайта құру бағдарламаларын қалай жақсартатындығы айқын. Бұл - іс жүзінде жаһандық сипаттағы саяси қозғалыстың материалдық дамуына зияткерлік бейімделу процесі.

Заманауи сыни әлеуметтануда мәселе күрделірек. Оның перспективаларының одан әрі жаһандануы да әлеуметтік ғылымды дамытпайды. Әлеуметтанудың өзгерісі туралы тіпті айту да артық. Қазіргі сыни әлеуметтанудағы саясильққа жақындығы ұғымының ондаған жылдар бойы академиялықтан тыс саяси ықпалының неге болмағанын түсіну үшін одан әрі мәселені өзекті ету аса маңызды. Біз мұндай тәжірибені әлеуметтік өзгерістердің жалпы саясатына қызмет етуге

бейімдеу керек деп санаймыз.

Саясатқа байланысты қазіргі сыни әлеуметтанудың дамуы қозғалыстар және ұлттық партиялар саясатымен жаңа байланысты қажет етеді. Әңгіме 1970 жылдарға дейінгі әлеуметтанулық ағымдар сияқты – мысалы, Латын Америкасындағы және бүгінгі феминистік сыни ойдағыдай - қолайлы академиялық кеңістіктен кету туралы болып отыр. Ұлттық саясат нақтылық принципін интеграциялауды талап етеді, бұл проторадикализмге және максималистік утопизмге қарсы сынды мақсат еткен жалпыға игілікті қоғамға қалай жылжу керектігін нақты түсіндіре алмайтын ең жақсы қадам. Өз кезегінде, заманауи сыни әлеуметтанудың осы саяси трансформациясы - феминизммен мықты және конструктивті диалогқа түсудің қажетті шарты.

Интеллектуалды, ғылыми және саяси қауымдастық құру қабілетіміз осы бір ыңғайсыз тарихи уақытта қоғамымыздың қазіргі бағытын өзгерте алатын құрылымдық өзгерістерді тездетуге жеткілікті күші бар ұжымдық бастамаларды жүзеге асыруға байланысты болады. ■

Хаттарды Карина Баттианиге kbatthyany@clacso.edu.ar және Эстебан Торреске esteban.torres@unc.edu.ar жолдауға болады.

> COVID-19-дың қорқынышты жаһандық ықпалы

Махмұд Дауади, Тунис Университеті, Тунис, ХӘҚ Әлеуметтану тарихы (ЗК08), Дін әлеуметтануы (ЗК22) және Тіл және қоғам (ЗК25) зерттеу комитеттерінің мүшесі.



COVID-19 індеті адамның ұжымдық тіршілігінің ең негізгі әлеуметтік өлшемі — әлеуметтік өзараықпалдастыққа соққы берді. Әлеуметтік дистанция болашақта күнделікті өмірімізге қалай ықпал етеді? Ұсынған: [Wikimedia Commons](#).

Калыптасқан пікірге сәйкес, коронавирустық пандемия — аса ерекше әлемдік апат. Апат, әсіресе дамыған елдерде, өлім мен кесел жұқтырған науқастардың санын азайту үшін денсаулық сақтау саласындағы мамандарды алдыңғы қатарға шығарды. Осы және басқа қауымдастықтардың кейбірі бірнеше апта бойы жан-жақты

оқшаулануға мәжбүр болды. АҚШ пен Ұлыбритания - басты мысал. Демек, дағдарыс әлеуметтанушылар үшін негізгі мәселеге айналуы қажет, оны сандық жағынан ғана емес, сапалық жағынан да талдау ләзім. Мұндай талдау Жер ғаламшарының қазіргі және болашақтағы жағдайын жақсарту үшін зор маңызға ие болуы мүмкін.

>>

> Әлеуметтік ғылымдар өздеріне алаңдауы тиіс

COVID-19 пандемиясы адамның ұжымдық өмірінің негізгі әлеуметтік өлшемі - әлеуметтік өзара ықпалдастыққа соққы берді. «Үйде бол» ұраны көптеген елдерде басшылыққа алынды. Қалыпты әлеуметтік өзара ықпалдастық бүкіл әлемде тоқтатылды.

Қалыпты әлеуметтік өзара ықпалдастықтар қоғамдардың арасында және ішінде бірдей емес, сондай-ақ болашақтағы корона толқындарын да жокқа шығармау керек. Оның бүкіл әлемге таралуы және алдағы жылдардағы мүмкін сабақтастығы адамдар мен қоғамның негізгі өмір салтының бөлігіне айналуы ғажап емес.

COVID-19 пандемиясы белгілі бір түйткілдер туғызып отыр. Әлеуметтанулық тұрғыдан алғанда, пандемияға қатысты алаңдатарлық жағдай жаңа жаһандық әлеуметтік мәселені көрсетеді, оны шешу үшін әлеуметтік ғылымдардың тұжырымдарды анықтап, жаңа құралдарды, мысалы, әлеуметтанушы маркүм Ирвинг Гоффманның (1922-82) құралдарынан өзгеше жаңа құралдарды жасауы тиіс. Символдық интеракциялық сүйене отырып, ол тұлғааралық өзараықпалдасудың ең ұсақ бөліктерін түсінуді жеңілдететін жаңа әлеуметтанулық тұжырымдардың сөздігін ұсынды. Әлі жалғасып отырған жаһандық пандемия аясында өмірдің тұрақсыздығы, оқиғаларды бақылаудан айтарлықтай айырылып қалу, тек осы мезеттегі мәселеге ғана алаңдаушылық сияқты індеттің адамдар үшін ықтимал салдарын сараптайтын тың әлеуметтік тұжырымдамаларды жасау қажет. Сапалық әлеуметтану осы жаңа ерекшеліктерді жақсы еңсере алады. Алайда, әлеуметтік ғылымдардың алдында екі міндет тұр:

Біріншіден, біз COVID-19 пандемиясының адамдардың мінез-құлқына және 2019 жылдың желтоқ-санынан бастап дағдарысты бастан кешірген қоғамдардың әртүрлі динамикасына қазіргі әлеуметтік және психологиялық ықпалын зерттеуіміз керек. Scientific American журналы 2020 жылдың маусым-

шілде айларындағы шығарылымдарында корона пандемиясының әлеуметтік-психологиялық әсеріне назар аударды: пандемия адамдардың қиындыққа қалай тойтарыс беретінін хақында не үйрете алады? Маусым айындағы шығарылым мемлекеттік және жеке ауруханалар мен клиникалардағы дәрігерлер мен медбикелердің күйзелісіне баса назар аударды. Бірақ, 2020 жылдың тамыз айындағы шығарылымда аталмыш журнал коронавирусқа қатысты аса ұстамдылық танытып, әлеуметтік қашықтықты сақтау ауру жұқтырғысы келмейтін жануарлар әлеміне тән табиғи құбылыс екенін көрсетті. Бұл шындық болуы мүмкін, дегенмен әлеуметтік қашықтықты сақтау адамның қалыпты әлеуметтік өзара ықпалдасуы үшін ұзақ мерзімді өзекті мәселе болатыны анық.

Екіншіден, егер алдағы бірнеше ай немесе жыл ішінде түбегейлі ем табылмаса, қауымдар тап қазір әлемдегі әлеуметтік өмірдің қырларын алдынала болжауы қажет. Пандемияның салдарын жою үшін зерттеудің екі түрінің нәтижелері қазіргі негізгі ғылымдардан өзгереді жаңа әлеуметтік ғылымдарға ішінара жаңалық енгізеді. Корона пандемиясының басқа да маңызды белгілері қоғамдағы әлеуметтік ынтымақтастыққа ықпалы тұрғысынан дамиды. Дамыған батыс қоғамдары индивидуалистік деп сипатталады, ал әлеуметтік медиа желілері осы индивидуализмнің мәні беки түсті деп мәлімдеуде. Әлеуметтік қашықтықты сақтау этикасы мен тәжірибесі және әлеуметтік оқшаулануға ықпал ететін коронаға қарсы басқа шаралар тек осы қоғамдарда ғана емес, сонымен қатар батыстық емес қоғамдарда да индивидуализм мен жалғыздықты күшейте түседі. Осылайша, адамдар, топтар, ұжымдар мен қауымдар арасындағы қалыпты әлеуметтік өзара ықпалдастыққа жаһандық залалдың айқын екені даусыз.

> Климаттың өзгеруі және өшпенділік тілі

COVID-19 пандемиясымен байланысты екі үлкен мәселені атап өткен жөн: климаттың өзгеруі және өшпенділік тілі. Кейбір сарапшылар коронавирустық пандемияны жер шарының ластануына

әкеп соқтырған жер бетіндегі адам іс-әрекетінің нәтижесі деп түсіндіреді. Кейбір заманауи теориялар атап көрсеткендей, ластану, өз кезегінде, климаттың өзгеруіне және жаңа қауіпті вирустардың пайда болуына ықпал етеді. Мысал ретінде олар коронавирус пайда болған Қытайдың Ухань қаласын келтіреді. Соңғысының себебі - не болса да, жаһанданған коронавирустық инфекция қазіргі ғалымдарды өз зерттеу пәндеріне аса байыпты болуға итермелейтін жұмбақ және көз бояушы мәселе. Олардың ғылыми этикасы, ең алдымен, олардың ғылыми жұмысынан туындауы мүмкін әлеуетті мәселелер шеңберін тарылтуға өте жауапты қарағаны абзал.

Әлемдегі жаһандық өшпенділік құбылысына келетін болсақ, ол COVID-19 пандемиясының кезінде және одан кейін де өсуі мүмкін. Өшпенділік құбылысы — адамдарды қорлайтын, қатыгез қарым-қатынас жасайтын, шеттететін және адамды діні, түсі, жынысы және ұлты бойынша кемсітетін мінез-құлық. Оның түп-төркіні - әдетте, адамға, адамдар тобына немесе жалпы қоғамға немесе өркениетке жат немесе өшпенділік сезімі немесе қатынас. Коронавирус өшпенділікті тудыратын нәрселер тізіміне қосылады деп күтілуде. Коронавирустан қатты зардап шеккен елдің азаматтары өз елінен тыс жерге барған кезде өршіп отырған кемсіту мен өшпенділікке тап болуда және ол үдей түспек. Осылайша, бүкіл әлемдегі туризм индустриясы айтарлықтай зардап шекті және ДДҰ 2020 жылдың тамызында болжағандай, тап қазір және алдағы айлар мен жылдарда жағдай түзелмейді. Мұнда парадокс бар. Жаһандық COVID-19 пандемиясы бүгінгі қоғамдарды біріктіреді деп болжанады, бірақ оның кемсіту мен өшпенділікке ықпалын оң деп айту қиын. Осылайша, әлемдік туризм индустриясы бүгін және ертең мобилдікті шектеуден ғана емес, сонымен қатар өшпенділік пен кемсідудің жаһандық өсімінің ықтималдығына байланысты зардап шегуі мүмкін. ■

Хаттарды Махмұд Дауадиға
<m.thawad43@gmail.com> жолдауға болады.

> Постпандемиялық сценарийлер:

бейімделуден топтық үйренуге дейін

Алехандро Пелфини, Universidad del Salvador, Буэнос-Айрес және FLACSO, Аргентина



Ұсынған: Creative Commons.

Әлі де COVID-19 пандемиясының өршу кезеңіндеміз және оның салдары мен залалын есептеу сияқты оны бақылауға алынатын күнін бағалау қиын болса да, әлеуметтік ғылымдар пандемиядан кейінгі әлем үшін мүмкін сценарийлер туралы ой қозғауды тоқтатқан жоқ. Жаһандық дағдарыстың тереңдігі, сондай-ақ пандемияның күнделікті өмір мен капитализмнің жұмыс істеуі үшін бұрын-соңды болмаған салдары соншалықты драмалық болғандықтан, осы ой вакциналардың қол жетімділігі, денсаулық сақтау жүйелерін қайта құру және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы аясындағы халықаралық ынтымақтастық туралы ойлардан асып түседі. Пандемия өркениеттің маңызды түйткілі екенін ескерсек, ол төтенше жағдайларда нақты білім алу қабілетіне және қоғамдардың қоғам мен адам сезінетін теңдесі жоқ құрылымдық осалдықты жарақаттаушы ахуалға қарсы тұрақтылығына назар аудартады.

> Ықтимал постпандемиялық реакциялар

Экономист Бранко Миланович көрсеткендей, халықаралық жүйе және белгілі бір қоғамдар экономикалық дағдарыстардан тыс және қоғамдық денсаулық сақтау мәселелеріне немесе 1873 немесе 1919 дағдарысы сияқты ұлы соғыстарға қатысты басқа жаһандық дағдарыстардан кейін даму мен саяси ұйымдастыру үлгілеріне маңызды өзгерістер енгізді. Тиісінше, пандемия өндіріс, тұтыну және өмір сүру тәсілдерінде маңызды өзгерістер тудырады деген ой утопия емес, капитализм мен заманауи жаңа сынақтарға бейімделу және өзін-өзі қайта пайымдау қабілетін тағы бір рет көрсетеді. Әрине, мұны нық сеніммен айта алмаймыз, дегенмен бұл белсенділікке, алдымен рефлексияға, содан кейін осы өзгерістерді дамытуға бағытталған саяси әрекеттерге байланысты.

Қазіргі уақыттағы бірінші реакция, сәйкесінше, пандемиядан кейінгі мүмкін сценарийлердің бірі – ішінара шегіну. Осындай жағдай кейбір елдер (Трампптың басқаруындағы АҚШ немесе Болсонароның басқаруындағы Бразилия) басынан өткендіктен, бұған ұзақ тоқталмаймыз. Әңгіме басқа да мәселелер сияқты пандемияның жаһандық салдары мен қазіргі радикалды өзара тәуелділіктерді елемей, ұлттық мемлекетте болып, әдеттегі режиммен іс жүргізуді жалғастыру және қалыпты өмірге оралуға ықпал ету жөнінде. Оның орнына, адамдардың іс-әрекет еркіндігі мен қоғамның рефлексиялығына сүйенетін трансформацияның екі ықтимал сценарийін зерттеу қызықты. Осы қабілеттер трансформациясының екі деңгейін немесе дәрежесін ажыратуға болады: бейімделумен байланысты бірінші қадам (өзінің қалауы мен мүдделерін қоршаған ортаның жаңа күрделілігіне бейімдеу деп түсініледі) және екіншісі,

>>

топтық үйренудің неғұрлым күрделі процесі (зиянды азайту жөніндегі адамгершілік міндеттеме негізінде осы артықшылықтар мен мүдделердің негізділігін тексеруді білдіреді).

> Бейімделу

Ең алдымен, үш іргелі әлеуметтік сала (мемлекет, нарық және азаматтық қоғам) неғұрлым қиын және күрделі ортаға коммуникациялық бейімдеуді дамытатын, осылайша зиянды болып қалыптасқан тәжірибені қайта қарастырмайтын немесе одан бас тартатын бейімделу сценарийін қалай елестетуге болады? Халықаралық деңгейде бұл көпжақтылықты нығайтуды талап етеді. Ұлттық деңгейде мемлекет көбірек араласады, дегенмен денсаулық сақтау саласына инвестиция салу арқылы секьюритизация мен құпиялылықты бақылауға басымдық жасалады. Нарықтан біз коммерциялық протекционизм мен мемлекеттік инвестицияларды; цифрландыруды тереңдетуді; зияткерлік меншікті қорғауды өзгертпестен ғылыми ынтымақтастыққа жәрдемдесуді күте аламыз. Белгілі бір дәрежеде таза қаржыландырудың орнына өнімді экономика мен қажетті тауарлар мен қызметтерді қалпына келтіру алға шығады. Азаматтық қоғамға назар аудару жауапты тұтынуды, субсидиялықты және өзіне-өзі қызмет көрсетуді дамытуға ықпал етеді және төмен қарқынды демократия аясында болса да, тұрақты дамуға назар аударады.

> Топтық үйрену


Трансформациялық әлеуеті қомақты неғұрлым қатал талап қоятын реакция қоғамдық игіліктерді қамтамасыз етуге және сақтауға, тәуекелдерді азайтуға және апаттардың алдын алуға бағытталған жаһандық басқару саласындағы келіссөздер мен халықаралық ынтымақтастық тәртібі шеңберінен шығуды талап ететін тереңірек топтық үйрену процесін білдіреді. Бұл мемлекеттік саясатты қоғамдық игіліктерге қол жетімділіктегі теңсіздікті жою және азайту тұжырымдамасы аясында шоғырландырылған мемлекеттегі ұлттық деңгейде көрінеді. Өндіріс пен тұтыну саласында қысқа қашықтықтағы логистика және жергілікті сауда мен өндіріс қолдау табады, сонымен қатар «негізгі» қызмет түрлерін қайта бағалауға негізделген шағын қалалар мен экономиканы нығайту; сондай-ақ, зияткерлік меншік пен патенттер туралы Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы қазіргі даулар тең және инклюзивті режимдерге жол ашады. Азаматтық қоғам негізінен «просьюмерлер» желісін білдіретін болады (Дж.Рифкин), онда глокалдық деңгей қалыптасады және гендерлік айырмашылықтарға сезімтал көмек желілері кеңейеді; теңдестіру және қол жетімділік тұрғысынан іргелі демократияландыруды құрайтын саясаттандыру процесіндегі пост-даму және құлдырау сияқты балама идеялармен рухтандырылған қайта құру кеңістігі ашылады.

Осы баламалардың қайсысы көбірек мүмкіндіктерге ие және басымдық неге байланысты? Біз алғашқы трансформацияланбайтын реакцияның шегін білеміз және одан көп нәрсе күтпейміз. Алайда, мұны қарастыруға әрдайым мүмкіндік те, осы баламаның жақтаушылары да бар. Капитализм мен қазіргі заман өзінің бейімделу және жаңару қабілеттерін көрсетті, тіпті оларға қатысты ең радикалды сынды қабылдады (Болтански мен Чиापелло *The New Spirit of Capitalism* [«Капитализмнің жаңа рухында»] көрсетті). Демек, бейімделу реакциясы – ең ықтимал нұсқа және ол сараптамалық жүйелер, ірі корпорациялар (әсіресе цифрландыруға байланысты) және қысқа мерзімді перспективада ойлайтын саяси қайраткерлер арасындағы өзара әрекеттесу нәтижесінде механикалық түрде пайда болады деп айтуға негіз бар. Сонымен бірге, қатал талап қоятын топтық үйрену әлеуметтік қозғалыстар мен танымал ұйымдардың радикалдануы мен жандануына байланысты, олар денсаулыққа қауіп-қатердің алдын-алудың үлкен жоспарынан асып түседі және Жаһандық Жасыл Жаңа Бағытқа ұмтылады, немесе одан да жақсысы, Оңтүстіктің Экоәлеуметтік Пактісіне ұмтылуы – онда әлеуметтік әділеттілік әрқашан Солтүстік-Оңтүстік диалогындағы экологиялық әділеттілікпен бірге қарастырылады және бұл жолы өнімді еңбектің негізгі өзегі өмірдің үстемдігімен алмастырылады. Әрине, осы балама ықтималдылығы өте төмен. Бірақ тәуекелді ескерсек, бұл - ең шұғыл және қажетті бағдар.■

Хаттарды Алехандро Пелфиниге
<pelfini.alejandro@usal.edu.ar> жолдауға болады.

> Әлеуметтанушылар азаматтық-саяси сахнада

Фреди Алдо Маседо Уаман, Universidad Iberoamericana (IBERO), Мехико, Мексика



Ұсынған: Creative Commons.

44

Әлеуметтанушылар әуелден-ақ кең аудиторияны теңсіздік, дискриминация және кедейлік, сондай-ақ қоғамның үлкен қабаттары зардап шегетін әділетсіздік, билікті асыра пайдалану, құқықтарды сақтамау және мемлекеттік қызметтерді үкіметтің немқұрайлы атқаруы жағдайлары немесе ақпараттанған қоғамдық пікірталастарды ынталандыру үшін қауымдардың қоғамдық істеріне араласты (мысалы, Эмиль Дюркгейм, Макс Вебер, Марианна Шнитгер және Джеймс Аддамс). Әлеуметтанушылар сыни рух пен зерттеушілік борышынан бас тартпай, тиісті әлеуметтік мәселелермен шұғылданды, ар-ожданды оятуға және билік мәселесіне күмәнмен қарауға ұмтылып, түсінікті және ынталандырушы тілді қолданды. Жақында осында айтылған пікірлермен ұштасатын әлеуметтанушы – Хелен Джефферсон Ленскидің – профилі сипатталды. Зерттеуіне сәйкес ғалымдар рөлін қоғамдық интеллекті деп сипаттай отырып, Хелен: «Олимпиада ойындарының жойқын ықпалы сияқты әлеуметтік проблеманы шешеді, оның пайда болуы мен оны қолдайтын қысым көрсету жүйелерін анықтауға тырысады. Әлеуметтік өзгерістерге қатысты ұсыныстар береміз және, кейде сәтті, ал кейде сәтсіз, билік басындағыларға қарсы тұру үшін қауымдастықтармен жұмыс жасаймыз. Мақсатымыз –

негізінен мүлтіксіз дұрыс деп қабылданатын құбылыстар - мысалы, Олимпиада ойындары немесе ұйымдастырылған дін (және сәйкестіктер бар) – ал нәтижелер, әдетте, олардың сын көтермейтінін көрсетеді», - дейді.

Бүгінгі қарқынды және тұрақсыз дәуірде әлеуметтанушылардың аса мазасыз, дегенмен шығармашыл буыны бар. Қалыптасқан дәстүрге сәйкес олар айналысатын пән нақтылықты ұғынуға мүмкіндік беретін инновациялық және рефлексік шектер қалыптастыру үшін азаматтар мен қауымдардың күнделікті өміріне сезімтал. Дәл осы жағдай Дэвид М. Фаррелл мен Джейн Суйтерді *Reimagining Democracy* [Демократияны қайта ұғыну] (2019) еңбегінде азаматтар арасында кеңесу демократиясын құруға белсенді қатысуға, ирландтық қоғамға терең кірігуге түрткі болды. Олардың жұмысы Ирландияда жасанды түсік пен неке құруды міндетті заңдастыру референдумдары жетекшілеріне айналған азаматтар жиналыстарына қоғам назарын аудартты¹. Осылайша, академиялық теория әлеуметтік қолдауға ие болады, сонымен бірге қоғамдық институттар мен мәдениетті қайта құру үшін ынталандырушы сұрақтар және мәселелермен қатар диалог құратын әрекет етуші тұлғалармен байланыс зерттеледі.

>>

Егер күнделікті деңгейде көп актор саяси қауымдастығының маңызды мәселелерін шешуге қатысу үшін бас қосса – мүдделерін алдыға жылжыту мен талап қою, үйренуді, әріптестікті және ұйымдастыру үлгілерін нығайту, бастамалар мен әрекет ету бағдарламаларын бағыттау, қатысу арналары мен демократиялық инновацияларды қамтуға талпынатын билік кеңістігін құру – онда оларды қолдайтын және алға итермелейтін әлеуметтанушылар мен басқа да кәсіби топтар бар.

> Әлеуметтанушылардың жаңа рөлі

Осылайша, академиялық әлем мен азаматтық-саяси сахна ортасында әлеуметтанушылар азаматтар әрекетіне үлес қосу мақсатымен заманауи демократияларда іс-қимылдың саналуан саласында әртүрлі бейінді қабылдауы мүмкін. Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, әлеуметтанушылардың дайындығы мен қызметінде қандай үлес қосуды, қатысуды және қайта ұғынуды қарастыруға болады?

Жалпы алғанда, дәстүрлі академиялық-кәсіби бөліну қазіргі күрделі жағдайдан, акторлар салалары мен жүйелерінің өзара араласуы мен әртараптануынан едәуір асып түсті. Бұл ерекшеліктер әлі де өлшеуге тұрарлық жағдайларда көрініс табады.

Әлеуметтанушылар үшін күрделі міндеттерді шешу, негізінен, азаматтық және саяси акторлардың қажеттіліктерін, шектеулерін, әлеуеттерін және ортақ ережелерін ескеріп, олар үшін университеттері мен зерттеу орталықтарының маңыздылығын арттырады. Екіншіден, осы өзгермелі кеңістіктерде әлеуметтанушылар тәжірибесі бар нәрседен сабақ алып, жоспарланатын нәрсені бағалауға және нақтылауға мүмкіндік береді және осылайша, азаматтарға бағытталған күзиретті білім беру инновациялары мен тәжірибесін ілгерілетеді.

Демократиялық саясат пен азаматтық практика деңгейінде осы пәнде ескерілуі тиіс тұлға – әлеуметтанушы – азаматтық кеңесші-медиатор.

Азаматтық және саяси акторлар рөлін қабылдайтындарды қолдайтын (немесе олармен серіктестер) азаматтық сектормен өзара әрекеттесіп, әлеуметтанушылар сараптамалық-операциялық қабілеттерге негізделген көзқарас пен тиімділікті алға итермелеуі, сондай-ақ шығармашылық, педагогикалық, диалогтық, пропозициялық және эмоциялық дағдыларды және де өзін-өзі анықтауды, мобилизациялауды, икемділікті ынталандыру әдістерін басшылыққа алуы тиіс. Осыған сәйкес демократиялық өмірдің негізгі құндылықтарына (әділеттілік, еркіндік, плюрализм, толеранттылық, ынтымақтастық, сын және келіспеушілік, құлақ асатын және әріптестік) негізделген этикаға әлеуметтанушылардың адалдығы олардың қатысуының басты бағытын қалыптастырады.

Нақтылағанда, жаңа әлеуметтік және саяси секторлардың қалыптасуы үшін алғышарттар ұсынылғандарға сезімтал деп болжанады:

- әртүрлі деңгейлерде демократиялық жолмен нығаюды көздейтін ұйымдастырушылық эволюцияның ішкі (немесе ортақ) процесінде жетік элементтерді, дағдылар мен тәжірибені меңгеру;
- сәйкестену үшін орталық мәнге ие (демократиялық құндылықтар мен адам құқықтарына сәйкес) мақсаттарға жету мен идеалдарды нақтылауда мақсатты бағытталған және тұрақты ілгерілеу;
- солардың ықпалымен немесе одан тыс саясатты өзгерту жоспарын әзірлеуге бағытталған азаматтық лоббилендіру платформасын қабылдау акті;
- мемлекет пен азаматтар арасындағы байланысты қатаң институттық шекаралардан инклюзивті және жаңашыл әдістерге ауыстырып, әртүрлі салаларға демократиялық практикасымен (басқа әлеуметтік агенттер мен сарапшылармен байланысты) қосатын үлесін түсіндіру.

Осындай міндеттерді шешу үшін әлеуметтанушыларға қатысты сәйкес және орталық рөлдер айқындалады; олар:

- маңыздырақ мәнге ие коммуникациялық, мәдени және саяси жобаларда дискурстарды, нарративтерді және қиялдарды қайта өңдейтін декодтаушылар;
- ұйым ішінде не одан тыс пайда болатын конфликтілер мен шиеленістер медиаторы;
- мемлекеттік және жеке күштерге қарсы саяси, азаматтық және қоғамдық іс-қимыл процестерінің жеткізушісі және аудармашысы; және
- өздері жұмыс жасайтын азаматтар топтары қабылдайтын азаматтық, демократиялық және мемлекеттік деңгейдегі жобалардың артикуляторы (немесе со-генераторы) ретінде әрекет етеді.

Қысқасы, бүгінгі таңда басым сұсты екі қатердің – әсіре оңшыл популизм мен технологиялық корпорациялардың алып билігі (мемлекеттік бақылау жүйелерімен байланысты) – ортасында қала отырып, азаматтар демократиялық дауысы мен басқаруға қатысу мүмкіндігін білдіру үшін айқын және белсенді бағытта әрекет етуі тиіс болады. Осылайша, демократиялық жобаны табанды қажеттілікпен жаңартумен байланысты олар саяси білімін қайта бағдарлауға, білімді, азаматтық достықты және ұйымдық бағытты интеграциялауға тырысады. Сондай-ақ, олар дәйектелген және эмпатиялық әдістер үйлесімін жігерлікпен және табандылықпен пайдалана отырып, әлеуметтану, саясаттану, антропология сияқты пәндердегі практиктерді қамтитын басқа да қатысушыларды қатысуға ынталандыру арқылы олармен байланыс орнатуға мәжбүр болады. ■

Хаттарды Фредди Алдо Маседо Уаманға <fredy.macedo@gmail.com> жолдауға болады.

⁴<https://blogs.lse.ac.uk/politicsandpolicy/irish-referendums-deliberative-assemblies/>.

> Тринидад пен Тобагода ЖЫНЫСТЫҚ СЕРІКТЕСТІҢ зорлығын жасыру

Аманда Шин Паң, Вест Индия университеті, Сент-Аугустин, Тринидад пен Тобаго

Тринидад пен Тобагода (T&T) әйелдер, ерлер мен балалар жыныстық серіктесінің зорлығынан (ЖСЗ) немесе қылмыстық топтар арасындағы қақтығыстан қаза тапса, оған бірден назар аударылады. Алайда, құрбандар мен аман қалғандардың жанайқайы бірден басылады, ал қылмыскерлер жай ғана зорлық туралы жауыр алибиді алға тартып, қиянаттың мәңгілік азабын тартырады.

Тринидад пен Тобагода ұзақ уақыт бойы әйелдер, ерлер мен балалардың жыныстық серіктесі зорлығынан (ЖЗҚ) және гендерлік зорлықтан мерт болуы жабулы қалдырылды. Андреа Бхарат деген бір әйелдің қазасы құрбандардың және азап пен зорлықты басынан кешкендердің жанайқайын басатын үміт беруші катализатор болуы мүмкін.

> Зорлық мәдениеті

COVID-19 «үйде болу» шараларын қабылдауға үндегеннен соң, тұрмыстық зорлық көбейе түсті – кейде тұрмыстық зорлық ЖСЗ синонимі ретінде қолданылады – және тұрмыстық зорлық деп сипатталатын осы жағдайдың басым бөлігі ересек жыныстық серіктестер арасында орын алады.

Құрбандардың үнсіздігі мен тұрақты зорлық-зомбылықтан қашып құтылу мүмкіндігінің болмауы мені тринбагондықтарға сіңіп кеткен зорлық мәдениеті туралы ойлануға итермелейді. Осындай жағдайларды білетін достары мен туыстары ауыздарын жабуға мәжбүр. Мен терең отарлық тамыры бар зорлық-зомбылық туралы үнсіздікті тоқтатуға шақырамын. Бергнердің (1995) «Who Is That Masked Woman? Or, the Role of Gender in Fanon's *Black Skin, White Masks*» [Бетперде киген әйел кім?] немесе Фанонның Қара тері, ақ бетпердесіндегі гендер рөлі] еңбегінде тек жүйелі нәсілшілдіктің ғана емес, сонымен бірге ер адамға әйелдің бағынышты болу жағымсыз жағдайының да тарихи контекстіне баса назар аударады. Жыныстық серіктестер мен олардың асырауындағыларға едәуір ықпалына қарамастан ЖСЗ қатысты тікелей саясат пен зерттеулердің болмауы Кариб теңізінің кейбір тұрғындары зорлық-зомбылықтың осы үлгісін қалыпты қабылдайды деп ойлауыма түрткі болды. Мен оны Бреретон (2010) «The Historical Back-

ground to the Culture of Violence in Trinidad and Tobago» [Тринидад пен Тобагодағы зорлық мәдениетінің тарихи алғышарттары] сипатталған «зорлық мәдениеті» деп атаймын, себебі елде ол қалыпты деп қабылданады.

> Зорлықтың қалыпқа айналуы

Осы мәселеге байланысты әртүрлі сұрақтарды қарастырсақ. Жыныстық серіктестер қарым-қатынасындағы зорлық карибтіктер интеракциясындағы қалыпты жағдай ретінде орын алған. Тринидад пен Тобаго сияқты шағын егіз аралдағы республикада зорлықтың қалыптылығы себебі неде? Мүмкін қарым-қатынастағы қиындықтарды жеңе алмау себебі ме, әлде зорлық жыныстық серіктестерге ыңғайлы ма немесе екеуі де ме? Қоғам наразылығының минимум немесе мүлдем жоқ жағдайында зорлықтың орын алуына жағдай жасайтын және оны ақтайтын Т&Т мәдениеті туралы не айтуға болады? ЖСЗ қарым-қатынастағы жеке мәселе ме? Ерлер мен әйелдер қорқады ма?

Жаһандық деңгейде ЖСЗ көп жұптардың арасында жиі кездеседі. ДДҰ-ның Әйелдерге қатысты зорлық туралы ақпараттық бюллетеніндегі статистикаға сүйенсек, әрбір үшінші әйел - жыныстық қарым-қатынаста ЖСЗ құрбаны, ал бүкіл әлемдегі әйел өлімінің 38% жыныстық серіктес ер адамның кінәсінен болады (ДДҰ, 2017). Бұл статистика ерлердің жыныстық серіктесі әйелдерге қатысты зорлықты көрсететініне қарамастан, әйелдердің де жыныстық серіктес-ерлерге қатысты зорлығы, сондай-ақ бір жынысты қатынастар аясында да ЖСЗ орын алады. АҚШ-тың тұрмыстық зорлыққа қарсы ұлттық коалициясы (NCADV, 2020) әрбір тоғызыншы ер адам ЖСЗ қандай-да бір түріне, жыныстық зорлыққа және қудалауға ұшырайды деп мәлімдейді. Сонымен қатар, осы баяндамаға сәйкес, негізінен зорлау мен мәжбүрлі жыныстық қатынас құрбаны болған ерлер қылмыскерлердің басым бөлігі ер кісі екенін хабарлаған. Бұл Тринидад пен Тобагодағы ұқсас жағдайды көрсетеді. Ле Франк және т.б. (2008) «Interpersonal violence in three Caribbean countries: Barbados, Jamaica, and Trinidad and Tobago» [Кариб бассейнінің үш еліндегі тұлғааралық зорлық: Барбадос, Ямайка, Тринидад және Тобаго] мақаласында Тринидад пен Тобагодағы күш көрсету және жыныстық зорлық хақында мәліметтер келтірілген,

“Егер зорлыққа қарсы айыптауды және зорлықты өзін-өзі көрсетуде және қарым-қатынаста жат және әдепсіз қалып деп санауды ережеге айналдырса, онда ол үнсіздікті жойып, жақын серіктестер арасындағы қатынастарды жақсартады”

оған сәйкес ерлердің 47,7% қарым-қатынаста ұрып-соғуға ұшыраған, ал 52,5% ер адам қарым-қатынаста мәжбүрлі жыныстық қатынасқа түскен.

Бір қызығы, Уилтшир (2012) «Youth Masculinities and Violence in the Caribbean» [Кариб бассейніндегі жастар маскулиндігі және зорлық] еңбегінде маскулиндік ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын отбасының әлеуметтендіруі, дін, мектеп, бұқаралық ақпарат құралдары және достары арқылы күшейетін билік арқылы анықталады. Сонымен қатар, Уилтшир маскулиндік зорлық пен агрессия әрекеттерінен байқалады, ал кейбір ер адамдар кейде әйелдерді серіктес ер адам тәртіпке салуы тиіс деп санайтынын айтады. Ерлер де, әйелдер де жыныстық серіктесіне күш көрсеткенімен, Т&Т-дағы жаңалықтар әйелді жыныстық серіктесі өлтіргендігі туралы хабарға толы. Бұл әйелдерге қатысты ЖСЗ көрсететін ерлер санының ерлерге қатысты осы әрекеттерді жасайтын әйелдердің үлесінен жоғары болуымен байланысты.

Ер мен әйел қабылдауындағы маскулиндік пен феминдік туралы түсініктер жыныстық қарым-қатынаста ер адам тарапынан зорлықтың болмай қоймайтындығы және осы мәселенің қабылдануы мен ол туралы үнсіз қалуды сипаттайды. Сондай-ақ, қорлау Кариб бассейнінде әйелдер әдепке қатысты күту шегі межесінен асқанда оларға «әдепсіз» таңбасын таңумен ақталады. Алайда, ерлердің әйелдер сексуалдығы мен феминдігін қалай білдіретіні туралы ойлары, әрине, қорлау үшін сылтау емес.

> Үнсіздік – ЖСЗ шешуге кедергі

Үнсіздікті бұзуға және құрбандарға сөйлеу мүмкіндігін беруге күш салынып жатқандығын айта кету керек. Жұмыс орнындағы зорлыққа қарсы (2018) Тринидад пен Тобаго сауда-өнеркәсіп палатасы (TTCIC) саясаты және Тринидад пен Тобаго полиция қызметінің гендерлік зорлыққа қарсы күрес бөлімі (TTPS) - ЖСЗ мәселелерін

шешуге бағытталған саясат. БҰҰ-ның «Жарық сәулесі» бастамасы COVID-19 байланысты тұрмыстық зорлықтың жиілеп бара жатқанын көрсетуде. Осы бастамаларға қарамастан, Т&Т-дағы зорлық мәдениеті және маскулиндік пен феминдік туралы көзқарастар елдегі зорлық мәдениетін жалпы мойындауды көрсетеді.

Қауіпсіздік және қолдау тетіктері, ерлі-зайыптылар мен қылмыс жасағанын мойындағандар үшін терапиялық мүмкіндіктер, ерлер мен әйелдердің психикалық саулығын нығайту және көмек сұрауға ер адамдарды үндеу арқылы ЖСЗ-ны басынан кешкен тұлғалардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту және ынталандыру зорлықты жасыру мәдениетін зорлыққа қарсы және көпшілік алдында оны айыптайтын мәдениетке ауысуына оң ықпал етуі мүмкін.

Сонымен қатар, ерлер мен әйелдердің сексуалдық және гендерлік рөлдерді көрсетуде қайта әлеуметтенуі қажет. Менің ойымша, құрбанға және тіпті қылмыскер үшін ЖСЗ-мен байланысты ұят пен үрей, сондай-ақ жәбірленушінің өз құрбандығы үшін жалған жауапкершілік сезімі зорлықты жасыруға итермелейді. Уоллестің (2019) «Domestic Violence: Intimate Partner Violence Victimization Non-Reporting to the Police in Trinidad and Tobago» [Тұрмыстық зорлық: Тринидад пен Тобагодағы жыныстық серіктестің құрбаны, полицияға зорлық туралы хабарлаудан бас тарту] атты мақаласында тұжырымдалғандай, жыныстық серіктестің құрбаны болған ер және әйел үшін де тұрмыстық зорлық туралы полицияға хабарлауға негізінен кедергі - ұят/намыс сезімі. Қандай себеп болса да, жасыру, болашақта кісі өлімімен аяқталады.

Зорлық туралы айту және зорлықты өзін таныстыру мен қарым-қатынаста жат және ережеге сай емес деп қабылдауды қалыпты жағдайға айналдыру үнсіздікті бұзады және сайып келгенде серіктестік қатынастарды жақсы жаққа өзгертеді. ■

Хаттарды Аманда Шин Паңға <amandalall91@gmail.com> жолдауға болады.

> Әлемге қамқорлық қабілеті хақында

Франческо Ларуффа, Женева университеті, Швейцария



Кейбір кісілерге әлеуметтік өзгерістердің бағыты туралы бірлесе шешім қабылдайтын «агенттер» ретінде қарау керек. Жеті жастағы Маттео Ларуфа салған сурет.

СOVID-19 пандемиясы «Коронадан кейінгі әлем» және «біз қалайтын болашақ» айналасында әртүрлі пікірталастар тудырды. Пандемия – неолибералдық капитализмнің және оның табиғатты шамадан тыс пайдаланудың (мысалы, ормандардың жойылуының) қайғылы салдары ғана емес: пандемия қоғамымызды және оны қалай ұйымдастыру керек екендігімізді қайта қарастыруға мүмкіндік береді. Дегенмен, болашақты болжау туралы ортақ пікір жоқ. Кейбірі «инклюзивті жасыл өсім» мен Жасыл мәмілені жақтап, «жасыл жұмысты» алға тартуда. Басты назар адамдардың өмір салтын (мысалы, тұтыну) немесе капиталистік құрылымдарды (мысалы, жұмыс берушілер мен жұмысшылар арасындағы билік асимметриясы) өзгертпестен қоршаған орта тұрақтылығына қол жеткізу үшін технологиялық инновацияларға аударылады. Басқалары, керісінше, экономиканы пайданан гөрі әлеуметтік және экологиялық қажеттіліктер басқаратын терең «әлеуметтік-экологиялық трансформацияға» ұмтылады..

Әрі қарай, аса эмансипациялық және тұрақты болашақты қалай елестетуге болатынын зерттеп, Амартия Сен мен Марта Нуссбаумның «мүмкіндіктер ұстанымын» түбегейлі тәптіштеуді ұсынамын. Құнды болашақты анықтау әлеуметтанудың (немесе философияның) айрықша міндеті бола алмайтыны түсінікті: болашақ демократиялық жолмен, азаматтардың қатысуымен құрылуы тиіс. Мен мүмкіндіктер ұстанымы «біз қалайтын болашаққа» осындай демократиялық көзқараста болуға мүмкіндік береді деп сенемін.

> Мүмкіндіктерді түбегейлі тәптіштеу үшін

Мүмкіндіктер ұстанымы қоғамдық әрекет адамдардың қабілеттілігін, яғни олардың бағалауға негізі бар өмірді сүруге нағыз еркіндігін насихаттауға бағытталуы қажет деп болжайды. Осы тұрғыдан алғанда, әлеуметтік прогресс экономикалық өсумен теңестірілмейді, керісінше, адамның өркендеуіне кедергілерді алып тастайды: мемлекеттік саясат құнды «болмыстарға» және «кістерге» жету үшін адамдардың

>>

еркіндігін кеңейтуі, яғни «жақсы өмір» атты парасатты тұжырымдамасын ұстануы тиіс. Бұл фокус бізді не нәрсенің маңызды екенін талқылай отырып, түпкі мақсаттар тұрғысынан ойлауға мәжбүр етеді. Мүмкіндіктер ұстанымы демократияға да басты рөлді ұсынады. Демократиялық қатысу тек құралнамалық қызметті (қоғамдық әрекеттің азаматтар мүдделерін толық көрсетуі үшін оларға өз пікірлерін білдіруге мүмкіндік беру) ғана емес, сонымен қатар қоғамдық басымдықтарды – себебі, жақсы өмір туралы концептілер кеңесу процесінде өзгереді – тіпті жеке адамдардың құндылықтарын қалыптастыра отырып, конструкциялық рөл де атқарады.

Осының негізінде мен саяси шеңберлерде басым мүмкіндіктер ұстанымына қарағанда, оны түбегейлі тұжырымдауға болатынына нық сенімдімін. Шынында да, мүмкіндік пен экономикалық өсудің арасындағы байланысқа шүбә келтіруге болады. Мүмкіндіктер ұстанымының басым интерпретациясы өсудің өзі мақсат емес, тек құнды мақсаттарға жету құралы екенін атап көрсетеді. Алайда, оның қоршаған ортаға тигізетін апатты салдары мен оның адам денсаулығына well-being кері ықпалын ескерсек, экономикалық өсім тіпті қолайлы құрал емес және қоғамдық әрекет осы мақсаттан мүлдем бас тартуы қажет. Көп жағдайда экономика адам азабы мен табиғат апаты есебінен өседі: құрылыс индустриясындағы экономикалық өсудің қозғаушы күшіне айналған жер сілкінісінен бастап, әртүрлі ауруларды тудыратын өндірістік ластануға дейін. Тіпті, бір қарағанда, жақсы болып көрінетін нәрсенің өзі түңілуге алып келеді. Байлық, мысалы, жақсы өмір туралы ашкөз-материалистік және бәсекеге қабілетті-индивидуалдық көзқарастарды ынталандырады, нәтижесінде well-being нұқсан келтіреді. Осылайша, батыстық өмір салты тұрақсыз ғана емес: өсуге негізделген осы «даму» үлгісінің қажеттілігі well-being тұрғысынан да күмән тудырады.

Сол сияқты, адамдарға «агенттер» ретінде қарау – мүмкіндіктер ұстанымындағы орталық түйін – идеясы саясат әлемінде ықпалды идеяға айналды. Дегенмен, адамдар агент ретінде тар мағынада, атап айтқанда нарыққа қатысатын экономикалық субъектілер деп қарастырылады. Оның орнына, әлеуметтік өзгерістер туралы бірлесіп шешім қабылдайтын демократиялық азаматтың сұлбасы маргиналданған. Бұл тұрғыдан алғанда, мүмкіндіктер ұстанымы адам еркіндігін экономикаға, әсіресе еңбек нарығына қатысу еркіндігіне теңейтін «құқықтар мен мүмкіндіктерді кеңейтудің» неолибералдық-индивидуалдық тәптіштенуімен үйлеседі. Мүмкіндік адами капиталдың – адамдарға табысты экономикалық актор болуы үшін қажет дағдылардың жиынтығы – синониміне айналды.

Экономикалық өсуді де, адамдарды капиталистік экономикаға қоғамдық әрекет үшін қажетті мақсат ретінде кіріктіруді де қабылдамай, мүмкіндіктер ұстанымын түбегейлі тәптіштеу азаматтарға түпкі мақсаттар тұрғысынан

дамудың, прогрестің және өмір сапасының маңыздылығын талқылау арқылы әлеуметтік өзгерістердің бағытын бірлесіп анықтауға жол ашады. Осылай түсіну нарықтың ұжымдық тағдырымызды қалыптастыруға ықпалын әлсіретуге, оларды қатысу мен талқылауға негізделген демократияға (ішінара) ауыстыруға алып келеді.

> Қоғамдық әрекетті «әлемге қамқорлық жасау қабілетіне» шоғырландыру

Осы кезеңде мүмкіндіктер ұстанымын феминист-теоретиктер ұсынған «қамқорлық этикасымен» біріктіруге болады. Джоан Тронто пікірінше, қамқорлық перспективасы біз қоғам ретінде не нәрсеге қамқорлық жасайтынымызды көрсетеді. Капитализм – пайдаға қамқорлық жасауға негізделген жүйе және адамдар пайдаға қосқан үлестеріне сәйкес сыйақы алады. Бірақ біз басқа адамдарға (мысалы, балаларға, қарттарға және науқастарға), қоршаған ортаға (қоршаған ортаны қорғау/сақтау және келтірілген зиянды өтеу түрінде), демократиялық институттар мен өзімізге (спорт, өнер, білім және т.б.) қамқорлық жасайтын қоғам құра аламыз және бұл – пайдадан басым.


Осы көзқарасты ұстансақ, сыйақы өндірістен қоғамдық ұдайы өндіріске ауысуы мүмкін, ал еңбекті әлемге қамқорлық ретінде қайта қарастыруға болады. Соңғысының мағынасы демократиялық талқылау арқылы анықталуы қажет. Осылайша, демократия қоғамға құнды үлес қосу дегеніміз не екенін анықтауда нарықты (ішінара) алмастырады. Нарықтық бағаға емес, «қоғамдық пайдалы қызметке» негізделген жұмысты осылай түсіну пандемия кезіндегі «қажет» жұмысшылар туралы пікірталастар арқылы танымал болды. Осы құрылымнан шығатын күн тәртібі капиталистік қоғамдарда «жалған жұмыс орындарының» (Дэвид Грабер) – жасыл немесе басқалары – таралуына қарсы әрекет етеді және адамдардың маңызды жұмыстарды орындау қабілетін ынталандырады. Соңғысы еңбек нарығында немесе одан тыс жерде жүзеге асырылатын, оны жүзеге асыратын адамдар үшін адамның өркендеуіне мүмкіндік беретін және қоғамға «объективті» құнды үлес қосатын әрекетті қамтиды – және барлық азаматтар ненің құнды екендігі туралы демократиялық пікірталастарға қатысуға құқылы (Рут Йомен).

Қорытындыласақ, капитализмге сыни көзқарасы айқын болғаннан кейін, мүмкіндіктер ұстанымы қоғамдық әрекетті экономикалық өсуге немесе адамдарды еңбек нарығына тартуға емес, «әлемге қамқорлық жасау мүмкіндігін» алға жылжытуды ұсына отырып, прогресшілдерді шабыттандыруы мүмкін, сонымен қатар, бұл қамқорлыққа лайық нәрселер туралы пікірталастарға қатысу құқығын тудырады. ■

Хаттарды Франческо Ларуффаға <Francesco.Laruffa@unige.ch> жолдауға болады.

> Адамдар – Homo Culturus

Махмұд Дауади, Тунис университеті, ХӘҚ Әлеуметтану тарихы (ЗК 08), Дін әлеуметтануы (ЗК 22) және Тіл мен қоғам (ЗК 25) зерттеу комитеттерінің тунистік мүшесі



Кейбір кісілерге әлеуметтік өзгерістердің бағыты туралы бірлесе шешім қабылдайтын «агенттер» ретінде қарау керек. Жеті жастағы Маттео Ларуфа салған сурет. Ұсынған: [Flickr/ Thomas Hawk](#).

Нomo Culturus (Мәдени адам) тұжырымдамасы әлеуметтік ғылымдарда жоқ. Экономистер мен материалистік көзқарасты ұстанушылар адамды Homo Oeconomicus (Экономикалық адам) деп сипаттады, саясаттанушылар оны Homo Politicus (Саяси адам) деп атады, ал әлеуметтанушылар адамды әлеуметтік болмыс немесе Homo Sociologicus (Әлеуметтік адам) деп санайды. Бүгінгі таңда сандарды қолданудың артуына байланысты кейбіреулер Homo Numericus (Сандық адам) туралы жиі айтады. Алайда, мәдениетті зерттеуге деген үлкен қызығушылығына қарамастан, қазіргі заманғы антропологтар адамды, ең алдымен, Homo Culturus ретінде сипаттау үшін мәдениетке қатысты терминдерді қолданбаған. Әлеуметтік ғылымдарда позитивистік эпистемология басым болды. Оның уәжіне сәйкес сенсорлық тәжірибе – білімнің негізі.

Жетекші антропологтар осы эпистемология ықпалының куәгерлері. Лесли Уайт өзінің 1973 жылғы *The Concept of Culture* [Мәдениет туралы ғылым тұжырымдамалары] кітабында Ральф Линтон, Рэдклиф-Браун және басқалары мәдениетті абстракция немесе жоқ не нақты шындықты білдірмейтін нәрсе деп санайтынын келтірген. Позитивист-әлеуметтанушылар мәдениетке сенсорлық емес және анық емес құбылыс ретінде үлкен қызығушылық танытуы екіталай еді.

> Позитивизмнің үздіксіз ықпалы

Мәдениетке қатысты жоғарыда айтылған ескертулер Батыс әлеуметтануының «негізін қалаушыларда» да кездеседі. Вебер, Дюркгейм, Маркс, Парсонс, Миллс және басқалар

сияқты 1960 жылға дейінгі мәдени теорияшылар жарияланған еңбектерінде мәдениеттің «әлсіз бағдарламасын» ұсынған. Яғни, мәдениетке болмашы мән берді. Сонымен қатар, Бирмингем мектебі, Бурдье және Фуко да жақсы нәтижеге қол жеткізе алмады: олар мәдениетті зерттеудің «әлсіз бағдарламасын» қабылдады. 1990-шы жылдардың аяғында «мәдени бетбұрыстың» орын ала бастаған сәтінен бастап мәдениет әлеуметтануының «мықты бағдарламасына» (мәдениетке басым мағына береді) көбірек назар аударыла бастағанымен, бүгінгі күні мәдениетті әлеуметтанулық зерттеулерде әлі де «әлсіз бағдарлама» тенденциясы басым.

> Homo Culturus-ты іздеу

Зерттеулерім мені мәдениетті зерттеуге деген қызығушылыққа кездейсоқ итермеледі. 1990-шы жылдардағы интеллектуалды қызығушылығым адам ғадеті мен адам қоғамының динамикасын түсінуге және түсіндіруге көмектесетін теориялық негізді әзірлеуге талпыныс туғызды. Әлеуметтанушы Ричард Сведберг 2014 жылғы *The Art of Social Theory* [Әлеуметтік теория өнері] кітабында әлеуметтанулық теориялау аса беделді емес екенін айтады. Теориялық шытырманда тәуекелге бел бууым керек екенін сезіндім. Мен әдіснамалық мәселені қоюдан бастадым: адам ғадеті мен қоғам динамикасының іргетасы болатын күштер жұмбағын зерттеуде не нәрсе тірек нүктесі болуы қажет? Ең алдымен адамзатты басқа түрлерден ерекшелейтін ерекше қасиеттерді анықтаудан бастауым тиіс деп ойлады. Осы қасиеттерді анықтау үшін зерттеуімді басынан бастауым керек сияқты сезіндім. Адамның ықтимал ерекше қасиеттерін анықтауда іздегенімді – Мәдени символдар (МС), яғни тіл, ой, білім, дін, заңдар, аңыздар, мәдени құндылықтар мен нормалар – табу үшін осы бағыттың жілігін шағып, майын іштім. Осылайша, МС зерттеу – адам ғадеті мен әлеуметтік құбылыстарды түсіну мен түсіндірудің негізі. Теориялық ізденістерім мені тілді МС қалыптасуының алғышарты болатын қозғаушы күш ретінде қарастыруыма алып келді: тіл – МС-дың «анасы». Яғни, адам – ежелгі философтар мен әлеуметтік ойшылдар сипаттағандай, сөйлейтін хайуан ғана емес, сонымен қатар ол МС-дың керемет қолданушысы. Осылай, менің *cogito ergo sum* ұстанымым: Мен тілді қолданамын, сондықтан мен адаммын, – сипаттайды.

Осы теориялық болжамдар Homo Culturus тұжырымдамасын қуаттайтын далалық бақылауларға жол ашты. Мен адамның неліктен Homo Culturus тұлғалары болатынын түсіндіретін төрт түрлі адами ерекшелікті анықтадым.

> Адамның өзіндік ерекшелігі туралы негізгі бақылаулар


Адам сәйкестенуіндегі МС-дың орталықта болуы, жоғарыда айтылғандай, заманауи әлеуметтік ғылымдардағы жаңашылдық деп санауға болады. Адам сәйкестенуінің негізіндегі МС-ды концептуализациялауға (Homo Culturus):

- 1) Адам ағзасының өсуі мен жетілу процесі басқа тіршілік иелеріне қарағанда баяу жүреді. Мысалы, адам баласы бір жастан бастап жүре бастайды, ал жануарлар туғаннан кейін бірден немесе бірнеше сағат немесе күн ішінде жүре алады.
- 2) Адамдардың өмір сүру ұзақтығы көп жануарларға қарағанда ұзағырақ.
- 3) Адамзат, сөзсіз, планетада басым рөлге ие.
- 4) Адамдар МС-дың артықшылықтарын пайдаланады.
- 5) Адам идентификациясы екі бөліктен құралады: дене мен МС. Бұл – көбіне, дін мен философияда тән мен жаннан құралған қос сәйкестік ретінде жиі аталатын екі өлшемді сәйкестік, – деп қарастыру арқылы қол жеткізілді.

> МС ұсынатын инсайттар

Адам денесі де, МС алаңында да баяу өседі және жетіледі. Сонымен, адамдар – жалпы дамуында қос өлшемді. Керісінше, адами емес түрлердің өсуі мен жетілуі негізінен бір өлшемді (тек денесі), себебі оларда кең және күрделі адами ұғынудағы МС жоқ. Адамның баяу өсуі мен жетілуінің негізінде екі деңгейде даму қажеттілігі жатыр деп есептелінеді. Яғни, адамдар МС ұсынған өсу мен жетілудің қосалқы процесіне қатысқандықтан, адам денесінің өсу мен жетілу процесі баяулайды.

МС *Scientific American* (2018 жылдың қыркүйегі) журналының арнайы шығарылымының мұқабасында жазылған «Адамдар: планетадағы басқа түрлерге неге ұқсамаймыз» жұмбағына жауап беруі керек. Жоғарыда айтылғандай, адамдар басқа түрлерден МС-дың болуымен ерекшеленеді. Осылайша, МС – оларды басқа түрлерге ұқсатпайтын нәрсе. Ұсынылған сурет адамның неліктен Homo Culturus екендігін көрсетеді.



> Homo Culturus және парсимония принципі

МС адамның төрт ерекшелігін түсіндіре алатындығы көрсетілді. МС жеке адамдар мен топтар ғадетінің көптеген басқа ерекшеліктерін, сондай-ақ қоғамдар мен өркениеттер динамикасының алуан түрлілігін түсіндіре алады. Осылайша, МС парсимония принципімен үйлеседі: құбылыстардың мүмкін болатын максимум санын түсіндіру үшін айналылардың мүмкін болатын минимум санын пайдалану. ■

Хаттарды Махмұд Дауадига <m.thawad43@gmail.com> жолдауға болады.

> 2011 жылдың 22 шілдесіндегі Норвегиядағы террорлық шабуылдар

Пол Халворсен, Scandinavian University Press журналының редакторы, Норвегия



Аумағында 69 адам қаза тапқан Утойя аралындағы бас ғимарат.
Ұсынған: Пэл Халворсен.

“Болар іс болды, бірақ елесі кезіп жүр”

Alexander, J. C. & Gao, R. (2012)

Бұрынғы Андерс Беринг Брейвик атымен әйгілі Фьотольф Хансен 2011 жылдың 22 шілдесінде Норвегияда екі террорлық акт жасады: біреуі Норвегияның үкіметтік орамында, екіншісі Жұмысшы жастар лигасының жазғы лагері орналасқан Утойяда. Он жыл өтсе де норвег қоғамы оның салдарынан туындаған мәселелерді шешуге тырысуда. Терактілер нәтижесінде 77 адам қаза тауып, одан да көп адам жарақат

алды. Шабуылдар мемлекет ретінде Норвегияға ғана емес, бүкіл әлемге бағытталған. Жазғы лагерге шетелдік қонақтар келді, ал халықаралық БАҚ соңғы оқиғаларды жариялады. Бірден туындаған сұрақтар, мысалы, шабуылдардың халықаралық ықпалына қатысты болды. Алайда, норвег қоғамы шабуылдан кейін бірден практикалық шешімдер қабылдауда біршама түйткілдерге тап болды. Көпшіліктің есебінде шабуылдың уақытына назар аударылған – жаз ортасы, яғни Осло айтарлықтай бос және көп адам демалыста. Бұл қоғамның осы сияқты қорқынышты нәрселерге дайындығын төмендетті, ал реакция күткендей немесе қалағандай тез болған жоқ. Террорист өз атымен

>>

тұтқынға түсіп, шабуылдың алдында «манифесті» кеңінен таратқандықтан, жауап іздеуді қолда бар материалдардан бастауға болатын еді. Брейвиктің ақыл-есі дұрыс болды ма жоқ па деген психологиялық сұрақ тәсілі бірдей болғанымен, екі кереғар қорытынды шығарған екі сот сарапшы-психологтар комиссиясында қаралды. Бірінші комиссия оны параноидтық шизофренияға шалдыққан деп таныды, ал екіншісі оның жеке тұлғасының нарцистік ауытқуы бар, бірақ шабуылдар кезінде оның есі дұрыс болды деген қорытындыға келді. Осло аудандық сотындағы процесс Брейвиктің сау және кінәлі деп танылуымен аяқталды. Шығарылған үкім – Норвегиядағы ең жоғарғы жаза: ұзартылуы мүмкін 21 жылға бас бостандығынан айыру. Түрмеде болған кезінде ол атын өзгертті. 2019 жылдың 15 наурызында Брентон Таррант Жаңа Зеландияның Крайстчерч қаласында мұсылмандарға қарсы террорлық акт жасады. Ол Брейвикті шабыт көзі деп атады және «22 шілде» тағы да халықаралық жаңалыққа айналды.

«22 шілде» – осы оқиғалардан кейін пайда болған мәдени жарақаттың метонимі. Ол тек тарихи оқиғаны ғана емес, сонымен бірге «11 қыркүйекке» ұқсас кейінгі процесті де көрсетеді. Оқиғалар ұжымдық сәйкестік туралы ойлануға мәжбүр етті және норвегиялықтар туралы бұрынғы көзқарастарға түйткілді мәселелерді қойды. Норвегиялық кәсіподақтар конфедерациясы «Біздің біріміз болған» қалай ғана жаппай өлтіруші болды?» деп сұрады. Ұжымдық талқылау негіздерін ашудың осы әдісі – мәдени жарақат көрсеткіштерінің бірі.

«22 шілде» туралы халықаралық – және тек норвегиялық қана емес – жан-жақты және саны артып отырған әдебиет бар. Осне Зейерстадтың *One of us* [Біздің біріміз] атты ғылыми-көпшілік кітабы ең танымалы шығар. Академиялық әдебиетте антрополог Синдре Бангстад 2014 жылы *Anders Breivik and the Rise of Islamophobia* [Андерс Брейвик және исламофобияның өсуі] кітабын жазды, онда терроризмнің идеологиялық уәжі егжей-тегжейлі қарастырылады. Бангстад исламофобияның қауіптілігін маңызды контекстік фактор ретінде ашық зерттегенімен, Свейнунг Сандберг Брейвиктің «манифесінде» ұсынылған өзіндік нарративтерді зерттейді және оларды талдаудың төрт түрлі әдісін табады: «стратегиялық немесе шешуші немесе біртұтас немесе бөлшектенген». Ол, сонымен қатар, Брейвикті сипаттаудың әртүрлі әдістері Брейвик агенттігіне назар аударуға тырысқан антиисламистер мен құрылымдық әдістерді жақтайтын солшыл акторлар арасындағы күресті көрсетеді. Зерттеудің басқа бағыттарынан, мысалы, бұқаралық ақпарат құралдарын зерттеу, мультикультурализм, сенім және азаматтық белсенділік туралы пікірталастар, сондай-ақ терроризмге қарсы саясатты атап өтуге болады. Осы мысалдардың барлығы, әдетте, 22 шілденің салдарын зерттеуге

тырысады. Террорлық шабуылдардан кейін Норвегия үкіметі Осло университетінде Экстремизмді зерттеу орталығын (C-REX) құруға қаржылық қолдау көрсеткенін атап өткен жөн, ол Синтия Миллер-Идрисстің айтуынша, «бүгін де бүкіл әлемдегі әсіре оңшыл экстремизмді ғылыми және қоғамдық-саяси сараптау орталығы ретінде кеңінен танылған».

Осы жерде 22 шілдеге арналған немесе осы күнге қатысты ғылыми зерттеулер туралы толық есеп беру орынсыз, бірақ осында келтірілген мақалалар менің және Торе Рафосстың жұмыс істеген *Norwegian Journal of Sociology* [Норвегиялық әлеуметтану журналының] «22 шілдеге» арналған тақырыптық шығарылымындағы ландшафттың мысалы ретінде ұсынылған. Мақалалар әртүрлі аспектілерді қамтуы қажет. «Trust in the aftermath of terrorism in Norway, France and Spain» [Норвегиядағы, Франциядағы және Испаниядағы терроризмнен кейінгі сенім] атты алғашқы мақала террорлық шабуылдардан кейін азаматтардың саясаткерлер мен қоғамға деген сенімінің бір бөлігі ретінде нарративтердің маңыздылығын зерттейді. Салыстырмалы мысалдар ретінде 2016 жылы Ницца мен 2017 жылы Барселонадағы террорлық шабуылдар қарастырылады.

Екінші мақала жадымен жұмыс істеуге арналған және «National memorials as a response to terrorism» [Ұлттық мемориал – терроризмге жауап] деп аталады. Ол Оклахома қаласындағы Ұлттық мемориалмен және Нью-Йорктегі 9/11 ұлттық мемориалмен салыстыра отырып, Осло мен Утойада ұлттық мемориалдар құру процесін зерттейді. Мақала, әдеттен тыс болса да, ұлттық мемориалдардың тарихи оқиғалар мен есте сақтау актілерінің саяси өлшемін каншалықты жиі жасыратынын талқылаумен аяқталады.

«The role of the court after 22nd of July» [22 шілдеден кейінгі сот рөлі] деген үшінші мақаласында сот пен тірі қалғандар арасындағы қарым-қатынасты, сондай-ақ жады және қайта қалпына келтіру жұмыстарын құжаттандыратын құқықтық әлеуметтану шеңберіндегі зерттеу бағдарламасы сипатталған. Мақсаты – соттың төтенше жағдайларға қалай жауап қататынын одан әрі түсінуді қамтамасыз ету.

Рецензияланған кітаптар: Синтия Миллер-Идристің *Hate in the Homeland* [Отандағы өшпенділік], Анна Гилсвик өңдеген *Bearbeidelser* [Істі нақтылау әдістері] антологиясы, Эйрик Хейер Лейвестадтың *Frykt og avsky i demokratiet* [Демократиядағы үрей мен өшпенділік] және Халлвард Нотакердің *Arbeiderpartiet og 22. Juli* [Еңбек партиясы және 22 шілде].

Осы мақалалар мен кітаптарға шолу көрсеткендей, «22 шілдені» зерттеуге келгенде әлеуметтанудың күші оның жан-жақты болуымен тікелей байланысты. ■

Хаттарды Пол Халворсенге <pal.halvorsen@universitetsforlaget.no> жолдауға болады.